

Таз Керей шежіресі
Айтуар ауылының белгілі
азаматтары

Петропавл 2009

Құрастырғандар:
Қайролла Мұқанов, Өлібек Ғалеев

ТАЗ КЕРЕЙ ШЕЖІРЕСІ
Петропавл-2009 ж 217-бет

Бұл кітапта Керей тайпасының Таз тармағынан
тарағандардың шежіресі және осы тармақтан шыққан
бірнеше белгілі тұлғалар туралы деректер берілген.

Кітап қалың оқырмандарға, әсіресе Таз атасынан
тарағандарға арналған


КІРІСПЕ


Бұл кітап негізінен екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде Ашамайлы Керейдің бір тармағы болып саналатын Таз (Күнту) атасының шежіресі берілсе, екінші бөлімінде осы Таз атасынан шыққан әйгілі шешен Киікбай Айтуғанұлы, Кеңес үкіметі кезінде ірі бай ретінде тәркіленіп, қуғын-сүргінге ұшыраған Нүрпеис қажы Алтыбайұлы мен оның балалары туралы, республикаға белгілі ақын, ұстаз Игібай Әлібайұлы, атақты әнші Ілияс Шәймерденов туралы материалдар орын алған. Бұл бөлімде Ұлы Отан соғысының ардагері, әрі әнші – композитор, қаламгер полковник Қайырбек Сыздықұлы туралы жылы лебіздер және оның өзінің жергілікті және республикалық газеттерде жарияланған бірсыпыра әңгімелері, очерктері, өлеңдері орын алды. Сондай-ақ соғыс және еңбек ардагері, қоғам қайраткері Қожа Сибанұлы туралы бірқатар мақалалар берілген. Басқа да Таз атасынан шыққан адамдар көрсетілген.


Кітапта бірқатар адамдардың фотосуреттері де берілді. Қанша әрекеттеніп жинасақта аталған атаның кейбір белгілі адамдары бұл кітапқа кірмей қалуы мүмкін. Олай болса кешірім сұраймыз. Жалпы біз белгілі адамдарды түгел қамтуға тырыстық.


Құрастырушылар


Таздың шежіресінің шығуына себеп болғандар Қайырбек Сыздықұлы, Амантай Қажымұратұлы, Бостандық Шабанайұлы. Осы кісілердің көптен бері жинаған шежіресін жалғастырып кейінгі қалған ұрпақтарға жеткізейік деген оймен осы шежірені сұрыптап, кітапқа кіргізіп отырмыз.





























































































































Атақты Киикбай шешен Тоқсанның әділ өткір би шешен болатының жас кезінен-ақ болжаған және оған үлкен үміт артқан. Тоқсанның шынында да жас кезінен ақ билікпен атағы шыға бастайды. Сондықтан ол сонау Семейге үш жүздің тәуірлері бас қосқан жесір дауына шақырылады. Ұлы жиында ақсақалдар мен жақсылардың, атақты билердің тойында бірінші рет сарапқа түскелі тұрған жас Тоқсан Киикбай шешен атасынан ақыл сұрауға, әрі бата алуға келеді. Аттарынан түскен Тоқсан мен жолдасы Киикбайға сәлем беріп, келген шаруасын айтқанда, Киикбай:

-Кедейлік пен кәрілік

Адамның жөнін басқалар

Уа, Тоқсанжан Тоқсанжан

Бұл бір күнім тоқталған

Үй артына жау келді

Сұр жебесі оқталған.

Жалғыз жігіт би болмас,

Жалғыз ағаш үй болмас

Шын жүректе күй болмас

Қас жақсының белгісі-

Жауға түссе күйзелмес.

Ардақты атаң; Кара би

Үш жүзге мәлім дара би

Күміс көмей, жез таңдай

Қаусырып тұрған жағы би

Сарабында үш жүздің

Аруағы қонып атаңнын

Сен болғайсын сана би, -деп толғапты да, сәл бөгеліп барып, әрі қарай былай деп жалғастырып:

-Жолбарысша бақырма,

Бұрқылдама бураша
Айғырша арқырама
Қошқарша пысылдама
Текеше бақылдама
Айтқан сөзің құрған қақпандай болсын,
Суықтығың ақпандай болсын.
Қанды ауызға түскеннің қанын шығар.
Әділетсіздің жанын шығар.
Күле сөйлеп күңіренбе-
Сөзің заяға кетер.
Зейінділікпен санасына жетер.
Уа, Тоқсанжан, Тоқсанжан,
Осыны бір есіңе ал.
Үш жүздің дауы бар.
Саған деген жауы бар.
Уа, Тоқсанжан, Тоқсанжан,
Мынау тұрған біздің үй
Айтам саған жай мен күй
Өзім кәрі, бала жас.
Дәулет біткен болар мас.
Қайтарында көле кет,
Атаңа сауға бере кет – деп батасын беріпті.

Тоқсан би Семейден ұлы жиындағы дауда нелер
саңлақтарды сүріндіріп, сөзден тоқтатып төбе билікке ие
болып, жүйрік атанып, олжалы болып, ай жүріп оралып
қайтар жолда Киікбай атасының аулына соғады. Ол жай
келмейді қарт атасына арнап соғымына бір бесті ат, бір
құнан қой, он бес теңге ақша, бір қырмызы шапан әкеле
жатады. Ауылға таянса, Киікбай жарты лашығының
кереге көзінен жолға қарап күтіп отыр екен. Аттан түсіп
сәлем берген Тоқсанға Киікбай:

-Тоқсанжаным, келдің бе,
Жүйрік аттай желдің бе?
Үш жүздің дауын бітіріп,
Олжалы болып жеттің бе? – депті.

Сонда Тоқсан:

-Киікбай атам, қайдасын?
Қызыл тілім сайрасын.
Қырмызы шапан, бесті ат бар
Бір құнан қой және бар,
Босағаға байлансын – дегенде Киікбай
!ліп әкетіп:
Кең қолтық Керей баласы,
Ішінде жоқ аласы.
Қол жайып бата бергесін,
Қолдаған екен бабасы.
Қабыл болған батама,
Ризамын ата-анаңа,- депті

Бұл оқиға Тоқсан бидің жүрегінің кендігін, көңілінің дарқандығын, үлкенді сыйлайтындығын көрсетпей ме?

Тоқсан би жасынан ел аралап, игі жақсылармен жүздесіп, олардың ғақлия сөздерін тыңдап, өзі де билік айтып, сөзсайыста сынға түсіп, сөз өнеріне ерте тәрбиеленген. Алғашында әкесі Жабай бидің қасында жүріп шешендік өнерді, билік құруды үйренген. Кейін Киікбай, Қалқаман билермен, Нұрым төремен кездесіп солардың үлгі-өнегесін, тәлімін алған. Үлкендердің берген батасы дарып, сөз машығының майталман жүйрігіне айналған.



НҮРПЕЙІС ҚАЗЫ ӘУЛЕТІ

Қайролла Мұқанов

Кеңес үкіметі орныққанға дейін Алтыбай әулеті жұрт қатарлы бейбіг өмір сүріп жатқан болатын. Осы әулеттің сол кездегі үлкені Нұрпейіс қазы халыққа жағымды, кең пейілді адам еді. Оның Мұхаметжан, Мұхаметғали, Таласбай атты балалары мен немерелері болды. Нұрпейіс ақсақал қартайған шағында зайыбы Рахима екеуі осы балалары мен немерелерінің ортасында өздерін бақытты сезінетін еді. Бірақ; мұндай бейбіт, бақытты өмір Байларды тәркілеу кезінде бұзылып жүре берді.

Қазақстанға бірінші басшы болып келген Ф.Голощекин қазақ; байларын жоюды қолға алды. 1927 жылғы 15-23 қарашада өткен Бүкілқазақстандық VI партия конференциясында жасаған баяндамасында ол: «Байдың жағдайы казір жаман емес, ал ол өзін нашар сезінетіндей ету керек, бай өзін нашар сезінген кезде, бұл эрине, кедейлер бұқарасының өзін жақсы сезінуі болар еді, - деді. Голощекиннің ұсынысымен конференция делегаттары қазақ байларын кәмпескелеу (тәркілеу) туралы қорытындыға келді 1927 жылғы желтоқсан айында ірі байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы заң жобасын әзірлеу үшін комиссия құрылды. Ол Казак Өлкелік партия комитетінің бюросында қаралып, нақтылана түскеннен кейін оны БК(б)П Орталық Комитеті мен Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті (БОАК) мақұлдады. 1928 жылғы 15 тамызда Өлкелік партия комитеті науқанға тікелей басшылық ету үшін комиссия құрды.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті (ҚОАК,) мен Халық Комиссарлар Кеңесінің (ХКК) «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару туралы» декреті 1928 жылғы 27 тамызда

қабылданды. Бұл декрет НКВД-ның деректері бойынша қабылданғандықтан мазмұны жағынан ауқатты азаматтардың ғана емес, сондай-ақ ұнамсыз адамдардың бәрінің көзін құртуға мүмкіндік беретін, халыққа қиянат жасауға кең жол ашып беретін болып шықты.

Казақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 30 тамыздағы қаулысы бойынша жер аударылған кісілер қай округтен қай округке жіберілетіні белгіленді. Мысалы, Петропавл округінің кісілері Ақтөбе округіне жер аударылатын болды.

БК(б)П Петропавл окружком бюросы қабылдаған қаулыда байлардың дүние-мүлкін тәркілеудің жоспарын тез арада жасау және тиісті комиссияға тәркіленген мүлікті бөлудің тәртібін белгілеу тапсырылды. Байлардың дүние-мүлкін неғұрлым толық анықтау, тізімдеу және артельдер мен кедейлерге бөліп беру үшін уәкілдер жергілікті партия ұяларын, ОГПУ қызметкерлерін, ауылдық кеңестерді «Қосшы» одағын, комсомол ұйымдарын пайдаланды.

Петропавл округтік атқару комитетінің 1928 жылғы 10 қазанда өткен отырысында ОГПУ-дің Петропавл округтік бөлімінің бастығы Валиниэктің баяндамасы бойынша қабылданған қаулысында байларды тәркілеу жөніндегі декреттің 1-ші бабына берілген 2-ші ескертпесіне сәйкес Петропавлдан Ақтөбе округіне жер аударылатын 34 адамның ішінде мына адамдар бар: Төңкеріс ауданы бойынша - Әбдір Арбабаев, Сәдуақас Әлтиев, Абылай Рамазанов, Жақып Көшкенов; Бейнетқор ауданы бойынша - Ахметжан Жумабаев; Қызыләскер ауданы бойынша - Мұхаметғали Нүрпейісов.

Мұхаметғали Нүрпейісовпен бірге 75 жастағы әкесі Алтыбайұлы Нүрпейіс әйелі Рахимамен, екінші ұлы Таласбай әйелімен және ұлымен. Мұхамедғалидың

өзінің отбасында 6 жан. Барлығы 11 жан - 3 шаңырақ. 1928 жылғы қаңтардың 1-іне дейін әкелі-балалардың жалпы мал саны - 101 бас. Алынғаны 58 бас, 2 киіз үй, 4 бөлмелі ағаш үйі, бричкасы тәркіленген. Міне, осыған карамай бұлардың мал-мүлкін алып, өздерін түгелімен Ақтөбеге жер аударуға Петропавл округтік аткомы қыркүйектің 21-інде қаулы қабылдаған. Алтыбай әулетін айыптау құжаттарының бәрі де қаулыдан кейін толтырылған. Батырақтары олар кәмпеске болатынын біліп малын алдын ала сатты деп айып таққан. «Әкелі балалы 3 кісінің шаруашылығы қағаз жүзінде ғана бөлінген, іс жүзінде - бір» деген қаулыны ауылдастары қарашаның 2-сі күні шығарған. Бұл қаулыны аудандық атком дәл сол күні бекіткен. Сөйтіп, қаулы бойынша Алтыбайұлы Нүрпейіс пен балалары Мұхаметғали мен Таласбайдың шаруашылығы бірге деп табылған. Айыптау құжаттары тек Нүрпейістің тұңғыш ұлы Мұхаметғалидың атына толтырылған. Себебі, қаулы бойынша кәмпескеге түскен соның отбасы ғана. Мұхаметғалидың әкесінен 1919 жылы енші алғандығын ауылдық кеңес төрағасы Тілеубайұлы қуаттаған.

Істе Ақмола губерниясы жер басқармасының ағайынды Мұхаметғали мен Таласбайдың еншісінің 1925 жылдан бөлектігін растайтын айғақты қағазы тіркелген. Нүрекөңнің екі баласының малын өзінікімен қосып санаққа алғанның өзінде 58 ірі қараға кәмпескелеушілер ерең жеткізген.

Соған карағанда, Нүрпейіске қараған 3 шаңырақта кәмпескеге ілігерлік мал болмаған. Бұл Мұхаметғалидың шағымында: «Жан басына 7 ірі қарасы бар үй ірі бай қатарына қосылатын болса, екінің бірінен ондай бай табылмай ма?» дегенінен де көрініп тұр. Алайда Алтыбай әулетінің бірде-бір шағымы шешімін таппаған. Ақыры бұлар Ақтөбе округіне жер

аударылады.

Сол жақта Абылай қажы Рамазанов пен Әлтиев Садуақаспен, т.б. ел жақтан жер аударылғандар мен бірге тұрады.

Сол кезде Нүрпейіс қажының Мұхаметжан деген баласын отбасымен Көкаралға жер аударады. Кейін белгіленген мерзімін өтеп барлығы да елге оралады. 30 жылдардың басында Абылай қажы Рамазанов Қызылжардың әйгілі «ак түрмесінде» ауруға шалынып қайтыс болады. Сол кезде, оның артында қалған 5 жасар ұлы Үкітай өсіп, ер жетіп, әскерге алынып, Ұлы Отан соғысына қатысады. Әскерден келгенде ағасы Сұлтанның отбасы Түмен облысының Казан ауданындағы Баландино селосында отыр екен.

Тағдырдың жазуы ғой, бір күні әскерден жаңа келген Үкітай Абылайұлы Рамазанов ағасы Сұлтанмен аудан орталығына барады. Сонда Жарылғап Өтеуов Ахметтің немере інісі Қойшығали Жұмабайұлына кездеседі. Ол сол Казанканың маңында ағаш арасында Лесхозда тұрады екен. Қойшығали бұрыннан інісіндей көретін Үкітайды үйіне қонаққа апарады. Бұл жерде Таз Нүрпейіс қажының баласы Мұхаметжан молла отбасымен тұрады екен. Ол кезде оның отбасында Қоспан деген ұлы, Рахила деген үлкен қызы, оның баласы Кеңес және Шая атты 17-ге жаңа келген жас қызы бар екен. Рахила 1928-1930 жылдары Ақтөбеде Үкітайдың әкесі Абылайлармен бірге айдауда болған Мұхаметжанның ағасы Мұхаметғалидың қолында болып, сонда жүргенде сол Ақтөбе жағының Қажыгерей Жүйріков деген жігітіне тұрмысқа шыққан болатын. Ол оқыған, ірі қызметтер атқарған талантты жігіт екен. Өттең, сол кездегі қуғын-сүргінге тап болып, ауруға шалдығып, 1942 жылы жастай қайтыс болады. Содан кейін Рахила Қажыгерейден қалған Кеңес деген баласымен әкесі Мұхаметжанды паналап отыр екен.

Шаяға сол Түмен облысының Армизон ауданында тұратын Бике әулетінен тараған Текебас Азнабайдан Аманжол деген жігіт құда түсіп, қалың малын да төлеп қойған екен. Бірақ Шаяның ол жігітті көзі де көрмепті. Енді бір жұмadasын олар келіп алып кетуге келісіп қойған екен. Көрмеген адамға Шаяның барғысы келмей әрең жүрген кезі екен.

Осындай жағдайда қазақтың ұзатылып кететін қызды сыйлап қонақ қылатын әдетін сақтап, Қойшығали Шаяны үйіне қонаққа шақырады. Үкітай бірге болып қызбен танысады. Екеуі сөйлесе келе бірін-бірі ұнатып, қосылып семья құруға келіседі. Бірақ бұған қыздың ағасы Қоспан көнбейді. Ол тіпті қарындасын үйінен шығармай, өз бетімен кетіп қалмасын деп аңдушылар қояды. Қыздың апасы Рахила теңіне барсын деп Үкітайға сінлісін шығарып бергісі келеді. Бірақ, ағасының қойған күзеті оған мүмкіншілік бермейді. Арада 3-4 күн өтіп кетеді. Амалы таусылған Үкітай Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Казан аудандық бөлімінің бастығының орынбасары Төлебаев деген капитанды ертіп тура қыздың әкесі Мұхаметжанға барады. (Бұл кезде Қоспан Армизон ауданына құдаларына кеткен екен). Төлебаев қыздың әкесіне қазіргі кезде қызды еріксіз қалың малға сатуға болмайтынын, оны өзі сүйген адамына беру керектігін айтып түсіндіреді, әрі қорқытады. Мұхаметжан егер қыз өзі ұнатып осы жігітке барамын десе, мен қарсы емеспін дейді. Төлебаев қызды алдырып, оның қалауын сұрағанда, ол осы жігітке барғысы келетінін ашық айтады. Содан кейін сол Төлебаевтардың берген көлігімен Үкітай Шаяны Баландинодағы үйге алып келіп ойын-тойын жасайды.

Бұған риза болмаған қыздың ағасы Қоспан бұларға ұзақ уақыт ат ізін салмай жүріп, тек он жылдасын ғана табысады. Шаяны кедей Үкітайға

шығарып берген сендерсіңдер деп, ол Қойшығалиды да, қарындасы Рахиланы да қудалайды. Оны естіген Үкітай оларды өздері отырған Соколов ауданындағы Сумное селосының жанындағы Лебедкиге көшіріп алады. Абылай әкесі сияқты Үкітай да қаріп-қасерлерге, біреулерден қиянат көргендерге көмегін аямайды. Ол Рахиланың қолында өсіп келе жатқан оқуға зерек Кеңестің оқуын жалғастыруына да көп көмектесті. Кеңес әуелі Сумноеде оқып, одан соң Соколовканың орта мектебін бітіріп шығады. Кейін Кеңес Қажыгерейұлы Жүйріков бірнеше қызметтер сатысынан өтіп, министрлік қызмет - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясы басқармасының төрағасына дейін жоғарылайды.

Кеңес Жүйріков Қазақстанның еңбек сіңірген экономисі экономика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық евразиялық экономикалық академияның академигі, қазір зейнеткер, Алматыда тұрады. Ол өзінің өмір жолы мен қызметі туралы 2001 жылы «Воспоминания и размышления финансиста» атты кітап шығарған. Сол кітабында Нұрпейісовтер әулеті мен Абылай қажы әулеті туралы да айтқан екен. Қазіргі кезде осы екі әулеттен де тараған ұрпақтар бар. Олардың бәрі де шежіреде көрсетілді.



**ИГІБАЙ ӘЛІБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА
ТОЛУЫНА 100 ЖЫЛ
АЙТЫСТЫҢ АҚТАНГЕРІ**

Қайролла Мұқанов

Баласы Әлібайдың Игібаймын
Гүлбақшада сайраған бұлбұлдаймын.
Домбырам екі шекті жан серігім,

Алуан түрлі ән салам, жаңылмаймын - деп осы
бір шумақ өлеңмен өзінің бар болмысын көрсете білген
арқалы ақын асқақ әнші Игібай Әлібаевтің туғанына 100
жыл толғалы тұр. Ол 75 жасында дүниеден өтті. Сол
жылдары, сонау балалық шағынан бастап қаншама өлең
шығарып, қаншама ән айтты десеңізші. Оның балалық
шағы қиыншылықта өтті. Ол туралы ақын «Албырт шақ
есімде» деген өлеңінде.

**Албырт күн әлі есімде бала шағым,
Тұманды сияқты еді, бұлар сағым.
Түн күзет, күн бақташы елден жырақ,**

Көре алмай, аңсап-талып қызықтарын- деп
есіне алған болатын.

Игібай Әлібаев төкпе ақын, асқақ әнші, өз
өлеңдеріне өзі ән шығаратын сазгерлігімен бірге асқан
суырып салма айтыскер ақын еді. Бүкіл қалың ел оны
айтыстың ақтангері деп бекер атамаса керек.

Игібай Әлібаевтің айтыскерлік өнері әсіресе
облысымызда көп жылдардан кейін 1957 жылы сол кезде
облыста идеология жұмысын басқарған белгілі
қайраткер қазақ өнерінің жанашыры Ілияс Омаровтың
ұйымдастыруымен қайта жанданған ақындар айтысында
көзге түсті. Осы айтыста ақын:

Менің атым Игібай;
Сөзге терең, тілге бай.

Дәл осылай деуші еді

Ақын ағам Молдабай, - деп нәсерлете термелеп мөлдір жырларын жарқылдата шығып еді сахнаға. Сол жолы ол өзі тұрған Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданының намысын қорғап жүлделі орынға ие болды. Сол жылы Игібай Әлібаевқа өзінің әріптестері Ахметжан Нұртазинмен, Темірғали Хасеновпен бірге облыстың халық ақыны атағы берілген болатын.

Бұдан кейін осы дәстүрлі халық өнері облысымызда кең тарады, Айтыс совхоздар, аудандар арасында өткізіліп, олардың жеңімпаздары облыстық айтыстарға жолдама алып отырды. Осындай айтыстың бірі Октябрь (Шал Ақын) ауданындағы Новопокровка және Заря совхозының ақындары – Ахметжан Нұртазин мен Игібай Әлібаевтің айтысы болды. Сол кездегі дәстүр бойынша екі ақынның да өлеңдері өз ұжымының табыстарын мақтап қарсыласының кемшіліктерін сынауға бағытталды. Мұндағы мадақтау өз ұжымының адамдарын жалаң дәріптеу үшін емес, қоғамға пайдалы еңбегімен көзге түскен ерлерді, озық табыстарға жеткен ұжым мен оның мүшелерін, олардың азаматтығын көрсету үшін айтылды. Сонымен бірге айтыс сын мен өзара сын құралы ретінде де пайдаланылды. Ұжымда орын алып отырған кемшіліктерді, ұжым жұмысын дұрыс ұйымдастыра алмай отырған басшыларды, еңбекке қырсыздарды өткір сыншылықпен әшкерелеп, қарсы жақты олқылықтарды жоюға бағыттап, істі алға бастыруға шақырып отырды. Мысалы, осы айтыста Икең:

Айтыс деген жүректі тербетеді,

Еліміз әділ сынмен ер жетеді.

Күшейсе елімізде өзара сын

Көздеген нысанаға қол жетеді,- деп, сын мен өзара сынның елдің ілгері басуына пайдалы екенін көрсетті.

Игібайдың өзге ақындардан өзгешелігі – айтыс үстінде өзі суырып салып шығарған өлеңін нақышына келтіре шебер орындап, асқақ дауысына күмбірлеген күміс үнді домбырасының үйлесіп жататыны еді.

Игібай Әлібаевтың өлеңдерінде не бір әдемі сөз тіркестері, биікке қол созып, алысқа құлаш ұрған халқымыздың өршіл ой-арманын көрсететін түйінді афоризмдер мен мақал-мәтелдер, әр алуан іс пен көңіл күйлерінің көріністері сөз өрнегіне құйылатын. Ол айтыс үстінде жұртшылыққа нәрлі сөзімен, асқақ әнімен ғана емес сонымен қатар артистік шеберлігімен де ұнайтын. Оның осындай ерекшелігін айтыс кезіндегі қарсыластары да мойындайтын. Бірақ ол қарсыластарын жөнсіз сынап тұқыртпайтын, қайта оларды қоғамдағы кемшіліктің дерді сынап, еліміздің өркендеуіне ат салысуға шақыратын.

Сондықтан да болар 60-70 жылдардағы айтыстарда халық ақыны Ігібай Әлібаев көбінесе ақындар айтысын өлеңмен ашып беріп отырды.

1960 жылғы шілде айында Қазақ ССР-ның 40 жылдығына арналған облыстық айтыс Петропавл қаласының сол кездегі циркінде өтті. Оған облысымыздың 7 ауданының ақындары қатысып сайысқа түсті. Осы айтысты Іекең мынадай жалынды жырымен ашты:

Құттықтаң жырмен бүгін 40 жылды
Әніммен қарсы аламын жұртшылықты.
Бағында Отанымның өткен шалқып,
Жаны дос, жақын туыс, барлық жұртты.

Білгенге бұл айтыстың жөні басқа,
Толғанда туған елім 40 жасқа
Кеңінен құлаштандар, ақын достар,
Ақтарып алтын жырдың аузын ашта,- деп ақын әріптестеріне сөз тастады.

1967 жылы Қазан революциясының 50 жылдығына арналған облыстық қазақ өнері күнін филармония ғимаратында облыстық мәдениет басқармасының бастығы Сейпіл Уақпаев кіріспе сөзбен ашты. Ал сол өнер мерекесінің бір бөлімі ақындар айтысын халық ақыны Игібай Әлібаев бастап берді.

Көліндей Көкшетаудың өлең-жырға,
Ақындар жиналыпты бүгін мұнда
Бәріңді мерекемен құттықтаймын,
Дауысымды көтеремін асқақ шыңға, - деп
жұртты бір сілкіндіріп өзіне қаратып алып Иекен:

Бұл айтыс ата-баба берген мирас,
Қашаннан құрметті де қатты қимас.
Бірақта құйылатын арнасы бір,
Сондықтан ақындарым құптас, сыйлас,- деп
жиналған қауымға айтыс туралы, ақындар туралы қысқа да нұсқа түсінік беріп кетеді. Одан әрі:

Айтыспен талай ақын сырын шерткен,
Мен едім ұстаз болып, жастарды ерткен.
Сөйлейік, уа, жолдастар, бүкпелемей,
Жүр едік сағынысып көрмей көптен-
деп енді тура ақын әріптестерін айтысқа шақырады.
Және өзінің жас ақындарды баулып жүрген ұстаз екенін де білдіреді. Бұл айтысқа майталман ақындар Иекеннің замандас әріптестері Ахметжан Нұртазин, Ғалым Малдыбаев, Темірғали Хасенов, Уахит Темірбеков, Зияда Сәрсембаев, Әшім Меңдібаев, Қаһарман Жантасовпен бірге сол кездегі жас ақын Иекеннің шәкірттерінің бірі Кеңес Тынымбаев та қатысқан болатын.

Иекен 1971 жылы жыр алыбы Жамбылдың туғанына 125 жыл толуына байланысты республикалық ақындар айтысына қатысты. Талай рет айтысқа шығып облыстық, облысаралық, республикалық бәйгелердің жүлдегері болды. Оның айтыста айтылған өлеңдерінің

мәтіні кезінде баспасөз беттерінде басылып, радиодан, теледидардардан беріліп тұрды. Иекең өмір бойы ізденіс үстінде болды, ақындық әншілік шеберлігін шыңдаудан жалыққан емес. Ол тіпті жетпіске келген шағында да ақындық әншілік, айтыскерлік өнерін тоқтатқан жоқ, қайта өзін-өзі қайрап, шабытына шабыт қосып шеберлігін шыңдаумен болды.

Бұған оның «Жетпістің толғауы» атты өлеңі куә:
Жетпіске келген жасым бар,
Күмістей сақал, шашым бар.
Мәңгі өшпейтін кеудемде,
Жыр деген бір асыл бар.

Әніммен көңіл жұбатқан
Өтті талай асулар.
Халқым сүйіп ұнатқан
Жырымда толқын тасу бар.

Қуаныш, бақыт, шаттығым,
Бір басыма жеткендей.
Қартайдым деп тап бүгін
Ойым жоқ жасып кеткендей

Тағы бір өлеңінде ақын:
Жетсе де жетпіс өтіп сексенің де
Келтіріп мұнанда егде, кексе күнге.
Қоя алман өлең – жырды, тоя да алман
Қоярмын тек үзіліп кетсем мүлде, - дейді.

Шынында да ақтық демі біткенше Иекеңнің қаламы мен домбырасы қолынан түскен жоқ еді. Оның осындай ерен еңбегі қазіргі жастарға зор үлгі, өнеге.

ӨНЕРІН ЕЛІНЕ АРНАҒАН

Ақындық та, әншілік те өнер. Бұл өнердің құдіреттілігі сол, естіген нәзік әндер, өрнекті өлең шумақтары жадында жатталып, көңіл құсыңды әуелетеді. Ал сол әндерді сый қылып ұсынушы өнер иесіне мың да бір алғысыңды арнайсың. Сондай әнші ақындарымыздың бірі бүгіндері 75 жасқа толып отырған ардагер ағамыз Игібай Әлібаев. Игібағанның әншілігі, айтыскерлігі ерте кезден танылып атағы республика көлеміне мәлім болды

Бұдан жарты ғасырдан астам бұрын 1925 жылы 22 жасында Москва мен Ленинградта өткен қазақ, өнері шеберлерінің концерттеріне қатысуы Игібағанның өнердегі биік қадамдарын сол кезде-ақ көрсеткен еді. 1930 жылы ол белгілі сахна саңлақтары Серке, Қалибек, Иса, Елубай және басқаларымен бірге қазақтың академиялық театрында өнер көрсетті. Одан кейінгі жылдары облыстың драма театрында, филармонияда өнерпаз жастарды тәрбиеледі.

Игібағаң ұстаз. Облыста көркем өнерпаздықты өркен жайдыруда қосқан үлесін ерекше бағалаған жөн. Ол көптеген мектептерде жас ұрпақ тәрбиесімен айналыса жүріп, сол жерлерде өнер туын биік желбіретті. Менің есімде қалғаны, Игібағанның Майбалық орта мектебінде ұстаздық етуі. Сонда жастар біткен оның әндері мен өлеңдерін үйреніп, ел арасында айтып жүретін. Мәселен, қазіргі Архангельска орта мектебінің директоры Көкен Қопышев Игібағанның ықпалымен Испания жауынгерлеріне арналған «Альберто» және Жамбыл Жабаевтың «Қайта жасардым» деген өлеңдеріне ән шығарған еді. Ал оның бұл сияқты шәкірттері қаншама десеңізші.

Игіағаң - ақын. Шабытты жырларымен елінің өскендігін, халқымыздың ерлік ісін мадақтаған ақын поэзия отауына жасқанбай кірді, қайта ол өзімен бірге жаңа үн әкелді. Оның туындыларынан кеуденді мақтаныш сезімі билерлік жігерлілікті, асқақ әуенді айқын сезінесіз. Осы күндері өз алдына кітаптар шығарған және өлеңдері бірнеше жинаққа енген айтулы ақынымыздың творчествосында ерекшелік те бар. Игіағаң туындыларында туған жерге, Отанға, партияға деген сүйіспеншілік асқақ жырланады.

Оның жол сапарларынан туған «Алатау», «Алтайға», «Марқакөл», «Зайсан», «Ертіс әні», «Біржан сал ауылында» деген өлеңдері де шын әсерлі де әсем. Оқушы бірден ақынмен бірге туған еліміздің таңғажайып табиғатын тамашалағандай сезімге бөленеді.

Игібай Әлібаевтың творчествосын академик-жазушы жерлесіміз Сәбит Мұқанов жоғары бағалаған болатын. Бірде Игіағаң жөнінде ол «Қазақ әдебиеті» газетіне былай деп жазды: «... жүйріктің шабысы қалса да қырыны қалмайды, «сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» дегендей, топ көрсе желсініп қалу салты Игібайдың бойында әлі де бар екен. Онысын өткен жылы Шығысты аралағанда көрдік. Біз онда көп жиындарда кездестік. Солардан бір мысал: Алтай тауындағы бір «Шұбар ағаш» дейтін жайлауда ауданның малдары жатады екен. Сол араға мыңдаған адамдар жиналды. Сол арада екі күн, екі түнге созылған мәжілісте әндерін халық сүйсіне тындаған Игібайдың аузы жабылмады, даусы сембеді десек асырып айтқан болмаймыз. Шын халықшыл өнерпаз неше жасқа келсе де білген-өнерімен халқына қызмет етуден жалықпайды. Игібай да сондай өнерпаздың бірі».

Иә, Игіағаң халқына қызмет етуден жалықпайды. Сондықтан да ол:

Отаным, жүрегіңмен жүрегім бір,
Сондықтан өзіңменен жүремін
Аямай маңдай терді, еңбек етіп,
Мәуелі бау-бақшаңнан теремін гүл.
Отаным қанат қактым, ғарыш бардым,
Шабыт ап шұғылаңнан ән шығардым.
Шалқыған өлеңімді ту ғып ұстап,
Саянда сайран кешкен жан шығармын.
Партия нұрын көрем өлеңімен
Одан жақынды көрмедім мен
Содан ылғи нәр алып келемін мен.
Таба алман жердің басқа бөлегінен - деуге әбден

хақылы.

Игібай Әлібаев соңғы жылдары жауапты жанрларға да барып, бірнеше поэмалар жазды. Атап айтқанда, «Өмір таңы», «Қазақстан», «Домбыра дауысы», «Биші қыз» сияқты дастандары жинақтарға еніп, мерзімді баспасөз бетінде де жарық көрді. Облысымыздың халық ақыны әлі шабыт құшағында, қаламы қолында. Өзінің арман ағысын, елінің дарқан өмірін жыр қылып өрнектеуде. Оған Игібаевтың мына бір өлеңі дәлел сияқты:

Жырым көп менің басталмаған,
Бұл өнер душар болды жастан маған.
Болса да жасым қартаң, үнім асқақ,
Әнім бар аққу құстай аспандаған.
Келсем де осынша жас қырларына,
Арқау боп айбынды өмір жырларыма.
Жақсы ай, сәтті күндер, отты жылдар,
Толтырған күнде менің нұр маңыма.

Ақын арманы асқақ, қалам сілтесі қарымды. Жетпіс бес белесіне шыққан Игібаев бұл күнде де тың туындылар ұсынар кемел шағына келгендей ширақ. «Жыр нөсері толастамасын, өлең арнасы өзендей бұлқып ата берсін. Игібаев» демекпіз біз де бүгін жыр сүйер қауым атынан.

КӨК ДОМБЫРА

Атадан келе жатқан асыл мұра – домбыра сырын жете түсініп, өзінің жүрегін жарып шыққан әсерлі әсем сөздерін өлең қылып, асқақ үнін ән етіп домбыраға қосқан дүлдүл замандастарымыздың бірі – Иекең еді. Мен бала кезімде мектепте Иекеңнің алдында отырып сабақ оқып, ержеткенде еріп жүріп өнерін көріп, әнін естідім. Сол себепті Иекеңнің 90 жасқа толар торқалы тойы қарасаңында арқалы ақын асқақ әнші ағамыздан көрген, естіп білгендерімді көпшілік қауымға жеткізбек оймен оның көк домбырасы жайында сөз айтпақпын.

Иекеңнің алпыс жылдан астам ұзақ өнер жолында қолына неше түрлі, қанша домбыра ұстағанын асыл жары Гауһар апамыз да ұмытып қалған көрінеді. Әрине, осы ұзақ өнер жылдарында талай-талай шеберлердің қолдан жасаған, не болмаса фабрикада жасалған домбыралардың әлденеше түрлері Иекеңнің қолынан өткеніне күмән жоқ. Сол көп домбыралардың ішінде менің есімде қалғаны - әкесінің жасап берген көк домбырасы мен өзінің замандас сырласы, академик жазушы Сәбит Мұқановтың сыйлаған домбырасы.

Иекең домбыраны сегіз жасынан үйреніп, домбыра үніне өз үнін ерте қосқан адам. Бұл жайында Иекең бірнеше өлең жазып, ән шығарған. Сол көп өлеңдерінің бірі – «Домбыра» атты өлеңі.

«... Серігім сегіз жастан сен домбырам,
Құйылған, қолыма алсам, сөз – домбырам.
Тал тиек, қысқа мойын, сегіз перне,
Бұлбұлым сан сайыста жыр озырған.

Небәрі сегіз-ақ қой пернелерің
Сонда да күй боп жанды кернеп едің.

Жүйткітіп он саусақты қаққанымда
Өзіңнен төгілген күй сел ме, дедім», - деп
жырлаған ақын осы өлеңінде өзінің жан серігі қарт
домбырасын тебіреніп еске алады. Бұл Иекеңнің
«Айтуар» атты таңдамалы шығармалар жинағына
енген.

Ал «Домбыра» атты поэмасында
«...Домбыра десем, дариға-ай,
Әкем еске түседі.
Өтті ғой ол арманда
Ақпейіл ақын кісі еді.
Жанарында бір тамшы
Тұрушы еді, мөлтілдеп.
Мен өтсем де, сен қалшы
Деуші еді елпілдеп.
Домбыра жасап мен үшін,
Сегізімде үйретті.
Жалғады солай қол ұшын,
Күмбірлеп, сөйлеп күй кетті.
О, домбыра, домбыра,
Сегіз жастан сырласым.
Болдыра көрме, болдыра,
Ежелгі алып тұлғасың.
Жастайымнан жармасып,
Домбыра, сені ұстадым.
Жас шағымнан ән тасып,
Арта берді құштарым.
Мүлік орнына мұра ғып
Тапсырған әкем – ұстазым.
Тастамадым қолымнан,

Көрсем де өмір қыспағын», - деп домбыраны
қашан үйренгенін, кім үйреткенін айтып береді.

Иекеңнің екі әкесі - Әлібай, Тәжібай деген
аталарымыз әнші, әрі домбырашы, әрі домбыра
жасайтын шебер адамдар болған. Тәжібайдан туған

Иекеннің Рамазан атты ағасы әкесінің қол өнерін өте жақсы меңгерген домбырашы шебер еді. Рекең жасаған домбыралар таза дауысты, өте шешен болушы еді. Иекеннің осындай шеберлердің қолынан шыққан көк домбырасы шанағы кең, мойны қысқа болатын. Талай көрсем де осы домбыраның мойны неге қысқа болғанын соңғы кезде ғана болжадым. Бұл жас балаға арналғандықтан, баланың қолы домбыра мойнына еркін жетіп, пернелерді дұрыс басу үшін жасалған және ән айтуға қолайлы сегіз пернелі болған.

Иекен бұл домбыраны көп жылдар жолдас етті. Бұл көк домбырасымен ол қазақ елінің түкпір-түкпірінде, көптеген облыс орталықтарында, шалғайдағы ауылдарда ән шырқады. Бұл домбыра астанамыз Алматыда да, Мәскеуде де Иекенді талай рет қолдап, көңілін қалдырған жоқ. Кешегі өткен Біржан салдың, Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың, Сегіз Серінің аруағын қадірлеп сыйлай білген Иекен олардың көкірегінен шыққан асқақ әндерін жұртшылыққа осы домбырамен жеткізе білді. Көк домбыраның қысқалығы оны қанжығаға байлап алып, ел аралауға да қолайлы болған.

Ел ағасы болған, жігіт серкесі Қырғыздың Жәукесі екеуі қатысқан ауылдардың той-думандары екі-үш күнге ұласатын. Ел жаз жайлауға шығып Айтуар көлін жағалай қонғанда кешкі тымық самалда күмбірлеп шыққан көк домбыра даусы көлдің арғы бетіне еркін жететін.

Ауыл жастары бас қосып, ойын-сауық құрғанда, өлең айтып, күй тартқанда көп домбыралардың ішінен көк домбыраның үні ерекше саңқылдайтын.

Иекен «Қош бол, жастық» атты өлеңінде сол көк домбыраға қосылып шырқаған шақтарын:

«...Ақсүйек, алтыбақан, қыз-бозбала,
* Ән қосып, аққу-қаздай боп теңескен.

Айлы түн, ашық аспан, ыстық ерін.
Балауса, майсаға аунап шөпілдескен
Ғашықтық отына еріп жүрек шіркін,
Махаббат балын жұтып елжірескен
Шалқытып, шартарапқа сезімді

Тыншымай тілсіз қиял – көкей тескен», - деп
жырлады.

Ең соңғы рет көк домбыраны көргенім – 1939 жыл. Мен ауылымыз Айтуарда тұратын ағамыз Сауытпай Ахмет ұлының үйіне келсем, жазғы демалысқа шыққан Иекең де жан ұясымен елге келіпті. Ауыл азаматтарының біразы Иекеңнің ағасы Рамазанның үйінде серне жасамақшы болып, түс ауа жиналыса бастады. Жиналғандардың көпшілігі әнші-күйші, домбыра жасаушы шеберлер ат құлағында ойнаған сайыскер балуандар мен саятшылар болатын.

Мәжіліс Рамазанның шошаласында өтті. Жаңа салған сегіз қанат киіз үйдей бұл шошаланың төбесі биік, дыбыс саңқылдап естілетін. Сол күні шауып әкелініп төселген балауса шөп шошала ішін аңқыған хош иіске бөлеп, құлпыртып жіберді.

Жаңа ғана шәйға отыра бергенде Сатының Құсайыны кіріп келді. Бұл кісі де әнші-сері азаматтың бірі еді. Оның «Құсайынның қараторғайы» атанған атакты әнін осы өңірде өзіндей шырқайтын адам болған жоқ. Айтуар ауылының ауыз толтыра айтатын әншілері де «Қараторғайды» үйренгендерімен, дәл Құсекеңдей орындай алмайтын. Ол отырған жерде айтпайтын.

Сернеге жиналғандар өз домбыраларымен келді. Әр домбыра өзінше әдемі жасалған. Үсен ақсақалдыкі деген домбыра қарағай ағаштан қалақша жасалып, басы қошқар мүйізінше иілген, перне арасына, шанағының үстіңгі жағына айнашынылар орнатылған, үкі тағылған, түрлі түсті сырлармен сырланған екен. Ахметұлы Сауытпайдың домбырасы қақ қайыңнан ойып істеген,

шанағындағы алты қырлы шыбықшылар үш бұрышты ойылып әшекейленген. Шанақтың ішінен орыс примасының сым шегі үш жерден тартылып және үстіңгі жағынан үш кішкене қоңырау шегеленген. Бұл сым шектер мен қоңыраулар домбыра даусына дыбыс қосып, әдемі үн беретін көрінеді.

Ал енді Құсайынның Көкені әкелген домбыраны Қозыбайдың Қожахметі жасапты. Бұл домбыраның мойнына кәдуілгі үн елейтін елеуіштің фанерін ыстық суға балқытып иіп апарып, ағаш шегелермен бекітіпті. Домбыра әнші қыз балаларға ыңғайлы келетіндей. Әйтсе де домбырашы Көкен бұл домбырамен тамаша-тамаша күйлер тартқанда оның бақандай саусақтары перне арасына қалай сиып, қалай дөп босатынына таң қаласың. Көкен тартқан «Айжан қыз» күйі безек қаққанда шың мен құз теңселгендей әсер аласың.

Ахметтің Сауытпайы тартқан «Көкейкесті» күйкылжып, «Көбік шашқан» ышқынғанда шілдеде боран бұрқырап, көкте найзағай күркіреп, күйге қосылып, теңіз дөңбекшіп үн қатқандай болады.

Әнші Ақпанның Сексенбайы сонда жиналған он шақты домбыраның бірін жақтырмай, тек қана Қожахметтің елеуіш домбырасына ғана қосылды. Домбыра шегін қатты бұрап, ол шырқаған Қалқаның әні – «Қалқа» бұлақ боп аққан кәусәр судай сыңғырлады.

Домбырашылар бірінен соң бірі жаңа-жаңа күйлер тартып, домбыраларының үн-қасиеттерін тыңдатты. Қанша үздік үнді, қанша кең тынысты әдемі-әсем домбыралар болса да сол мәжілісте көк домбырадан асқаны болмады. Бұл домбыра әншіге де, күйшіге де ұнап, әрқайсысы қосылып ән шырқап, күйшілер төкпе күйлерін төкті. Жалғыз-ақ кемістігі – пернелерінің аздығы. Сөйте тұрса да бәрі де көк домбыраның әншіге арналған аспап екенін бірауыздан

айтысты.

Осы сияқты жиында айтылған әндердің, тартылған күйлердің әсерінен шабыт алған Иекең талай-талай ән шығарып домбыраға өз бағасын берді.

«...Қайғылы жігіт, мұнды қыз

Үнін қосқан домбыра.

Зарын тыңдап ай-жұлдыз

Мұңын қосқан домбыра.

Адам түгіл, аңдардың

Тілін тапқан домбыра.

Айдаһардай хандардың

Жынын қаққан домбыра.

Еділ-Жайық арасын,

Алтай-Каспий даласын

Қанат талмай қақ жарып,

Кең шарлаған домбыра.

Біреудің боздақ данасын,

Біреудің сәби баласын,

Естіртіп тоғыз толғанып,

Күй арнаған домбыра.»

Иекең өмірінің соңғы күніне дейін албырт сезімін, көл-көсір шабытын бойынан жоғалтпай, қолынан домбырасын түсірмей өткен адам. 1974 жылдың жазында бір кездескенімде: «Көк домбырам есімнен бір кетпейді. Көк домбыраға қосылып ән салғанымда даусымның шегін аңғармаушы едім. Шіркін, десейші, көк домбырамен Ыбыкең де (үкілі Ыбырай) ән шырқап еді. Шешен домбыралар көп қой, әйтсе де бауыр басқан көк домбырамдай домбыра жоқ қой», - деп Иекең сөзін аяқтап еді.

22.05.1993

АВТОБИОГРАФИЯ

Сыздыков Кайрбек Сыздыкович, /Сагандыков/ родился 23.02.1922г. в ауле Айтуар Жамбылского района СКО. После окончания Майбалыкской средней школы / в то время Пресновского района/ с сентября 1939 г. по январь 1940 г. работал учителем Ульгинской семилетней школы, а с 01.01.1940 г. по октябрь 1940 г. в Баянской семилетней школе.

В октябре 1940 г. Пресновским райвоенкоматом был призван на действительную военную службу и направлен в 18-й –Крачанский Краснознаменный полк 3 Крымской дивизии г. Свободный Амурской области.

С началом ВОВ направлен во 2-е Владивостокское пехотное училище в г. Комсомольск на Амуре. После окончания училища в феврале 1942г. с присвоением воинского звания «лейтенант» был зачислен в кадры командного состава СА. В феврале 1942 г. был назначен командиром взвода станковых пулеметов в 120 запасной полк Сибирского военного округа, который дислоцировался в г. Канск Красноярского края. В марте 1942 г. как сопровождающий маршевого батальона был направлен на Волховский фронт. По прибытии в конце марта 1942 г. был оставлен на фронте командиром взвода станковых пулеметов в районе Мясного бора, где находился до конца апреля месяца 1942г. После чего по приказу Главнокомандующего был откомандирован обратно в 120 запасной полк, где до августа 1944г. служил командиром взвода, обучал солдат и сержантов. В августе 1944г. был направлен на курсы усовершенствования при Сибирском военном округе. После окончания курсов находился в резерве при Омском пехотном училище, где обучал курсантов по подготовке мл.лейтенантов. В конце апреля месяца

1945г. был отправлен в распоряжение Командующего 5 Армии 3-го Белорусского фронта, которая снималась с Западного фронта и направлялась на Восток. По прибытии в г.Усурийск в конце июня 1945г. был назначен командиром роты станковых пулеметов 346 Краснознаменного стрелкового полка 63 стрелковой дивизии 5 Ударной армии. С начала войны с империалистической Японией принял в ней участие в составе 1-го Дальневосточного фронта 346 Стрелкового полка 5 Ударной армии. Этот полк после окончания войны до июня 1946 г. оставался в Манчжурии в г.Гирин. После чего 63 стрелковая дивизия была переброшена на постоянное место дислокации в районе бухты «Ольга» Приморского края. В 346 стрелковом полку занимал должность командира роты станковых пулеметов, старшего адъютанта стрелкового батальона, ПНШ-1/помощник начальника штаба полка по учебной части/. В мае месяце 1950 г. с Дальневосточного фронта был переведен в Туркестанский военный округ и назначен начальником 2 части Акмолинского горвоенкомата. С 1960г. по 1972г. занимал должности военкома Вишневого района Акмолинской области и Боровского района Целинного края/ позже Кустанайской обл./.

Образование: Окончил Карагандинский пед.институт, факультет истории. Военное училище – курсы усовершенствования офицеров пехоты – курсы усовершенствования МОВУ/местных органов военного управления. Участник ВОВ, ветеран ВОВ, и Вооруженных сил СССР, воинское звание –полковник.

Награжден:

1.Орденами «Великой Отечественной войны 2 степени» и «Красной звезды»

Медальями:

2.«100 лет со дня рождения В.И.Ленина,»

3.«За боевые заслуги – за победу над Германией,»

4.«За победу над Японией»

5.«За освоение целины,»

6.«За безупречную службу 2 и 3 степени.»

8-20 лет Победы ВОВ, 9-30 лет, 10-40 лет, II-50 лет, 12-30 лет СА и ВМФ. 13-40 лет, 14-50 лет СА и ВМФ, 15-60 лет СА, 16-70 лет СА и ВМФ. 17 – Ветеран Вооруженных сил СССР. 18-100 лет маршалу Жукову. 19-50 лет Армии Монголии. 20- Грамотой Верховного Совета КССР «За безупречную службу и успехи в боевой и политической. подготовке»

Памятными значками: 1. 50 лет КССР

2. 50 лет ДОСААФ СССР/почетный знак/

3. 25 лет за доблесть и отвагу в ВОВ

4. знак 5 армии в память о ВОВ

5. почетный знак – отличный стрелок

6. победителю самодеятельного искусства в честь

50-летия культуры Казахстана.

Неоднократно избирался депутатом районных Советов депутатов трудящихся Вишневского и Боровского района. В СА служил 32года. После увольнения в запас с 1972г. по 1978г. работал зам.председателя Северо Казахстанского областного общества охраны природы. Внештатный корреспондент газеты «Солтүстік Казахстан», член «Ақсақалдар алкасы» при Областном обществе «Қазақ тили».

ШАҒЫРАЙ ШЕШЕН

М. О. ӘУЕЗОВ атындағы әдебиет және өнер институты 1979 жылы шығарған «Ақын-жыраулар» атты жинағына енген жерлестеріміздің бірі Шағырай Төбетов, Өзгелері Игібай Әлібаев, Молдахмет Тырбиев, Біржан Берденов.

Шағырай Төбетов 1836 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы «Баянауыл»

совхозының Киров бөлімшесінде туған. Басқа мәліметтерге қарағанда 1840 жылы туып 1922 жылы қайтыс болған. Қай жылдары тусада, әйтеуір, 80 жастан астам өмір сүрген.

Жас кезінде Біржан салға ілесіп шәкірт болған. Өзі ән шығармаса да, халық әндерін, ұстазы Біржанның, Ақанның, басқа да әйгілі әншілердің шығармаларын орындап, әнші-ақын ретінде танылған. Нұралы, Есенбай, Доскей тәрізді ақындармен айтысқан.

Менің жақсы көретін ұстаздарымның бірі, қарт педагог Сейтен Сауытбеков 1984 жылы Петропавлға келіп Қайролла Мұқановтың үйіне түсіпті. Қайроллдан қалада ел жақтан кімдер тұрады деп сұрағанда, ол біраз адамдардың есімдерін атай келіп, «көрші болып Қайырбек Сыздықов тұрады» - дейді. Сонда Секен:

- Сағындықов Сыздықтың Қайырбегі ме, сол болса шақыршы,- дейді.

Бұл 1984 жылдың 2-ші ноябрі еді. Қайролланың шақыруымен жолдасым Мәреш екеуміз келсек, төрде Секен отыр екен. Мен ол кісінің шәкірті болсам да кішісінбей бір қадірлес тұстасы, досжар адамы келгендей қарсы алып, амандасып, жай-күйімізді сұрастыра бастады. Сол кеште Сейтен ағаның жинаған қол жазбаларын қарап отырып, мені қызықтырған Шағырайдың Қазанқаптың Қанапиясымен қалай кездескені және қарауыл Қарсақ ақынмен айтысқаның жазып алып едім. Секен Шағырайдың Қанапиямен кездесуін Шәкеннің бұл «алғашқы азабы» - деген енді сол жазып алғанымды көпшілік қауымға жеткізбекшімін: «Шағырай жігіт кезінде жалшы болып жүруді арланып ұрлық қылып күн көрген көрінеді.

Байлар оны ұлықтарға ұстатпақшы болғанда елден қашып Орынбор жақтағы Қазанқаптың Қанапиясы деген мықтыға барып паналайды, Қанапия қолына 20-30 жігіт ұстап, ұрлық қылғызып, елді атып-шауып қырғыйдай тиіп, отыратын адам болған. Оның айтқанын екі етпей жүріп, Шағырай қызымен де көңіл қосады. Оны сезген Қанапияға «Қаңғырған қарақшы жігітке қыз бермекпін бе?» — деген ой келеді.

Бір күні жігіттерін жинап сауық құрып отырғанда Қанапия - Шағырайға былай деген екен: «Сібірде танысым жоқ бұдан бұрын, Адамның кім біледі ішкі сырын. Ішіме шынашақтай айналмайды Салмау жөн біздің үйге көздің қырын». Сонда Шағырай лып етіп қыстауы Қазанқаптың қалың тоғай, Сайраған бұтағында бұлбұл, торғай. Саянда үш жыл бойы паналап ем. Есен бол, енді маған бұдан былай. Шынашақ ішіңізге айналмаса Рұқсат ет енді бізге Қанекем-ай, -депті.

Қызды алып қашып кетер деп күдіктенген Қанапия оған күзет қойған. Шағырай Қанапияның екі бәйге көгімен жылысып кетуді армандайды. Оған екі жүйріктің біреуін ұрлауға ғана мүмкіндік туып, елге кашқан. Соңынан іле шапқан қуғыншылар Орынборға жете бергенде ұстаған. Қанапия оны жас теріге бүріп тігіп күннің аптабына тастаған. Шағырай осылай азап көріп жатқан кезінде Қанапиянікіне Жансары Уак, Жарылқамыс би келіп қонады. Әңгімелесіп отырып сөз арасында Қанапия:

«Сіздің жақтан бір жас жігіт ұрлықпен ұсталып, біздің қапаста жатыр», - деген екен.

Жарылқамыс жүрерінде:

- Қанапия, сен біздің жақтың бір жігіті жатыр деп едің ғой. Соны маған көрсетші, - дейді. Құрысып қысқан терінің ішінде жатқан Шағырайдан:

«Сен жігіт, аты-жөніңді айтшы, кім боласың?» - деп сұрапты. Сонда Шағырай:

Теріге тігілгеннің кетересі
Руым Бидалы Уақ, Жансары Нәсілдесі
Өнерім ішке симай қашқын болдым
Боламын Беген бидің немересі.
Арғы атам Малқар сопы асқан ерің
Жұлде алған батырлықпен кемеңгерім
Тігілгенім болмаса жас теріге
Кем емес еш адамнан ата тегім
Сұрасаң әкем Төбет, атым Шағырай
Жасымда жетім қалған мен сұмырай
Серілікпен елемей кедейлікті
Кеткенмін жалшылыққа байға тұрмай
Істегенім үш жылдай ұрлық-зорлық
Ел үшін осы қылық үлкен сұмдық.
Қорсынып қашып едім сол сұмдықтан
Қанапия мойныма салды құрық.

Кедейдің кек алатын күні барма, Кездессе бұл сияқты пейілі тарға. Еңбегімді үш жылға месе тұтпай, Салып қойды өзімді зор қайғыға - дегенді естіген соң Жарылқамыс: «Иттің иесі болса, түлкінің тәңірі бар» дегенді білесің ғой Қанапия, Шағырайдың түбі - қырық рулы Уақ “Бұның осы қорланғаны бойына құт”. Елі үшін бұны да сен құрмет тұт. Ел сыйлайтын жақсылар, ер сыйлайды, Сенде сыйла, өзінді ер десін жұрт.

Сен пана, құдай пана болған шығар, ыстыққа күйіп, суыққа тонған шығар. Бәйге көкті астына басып жібер, Бір аттық еңбегі де болған шығар» - деген ұсынысқа көніп, Қанапия Шағырайды сыйлықпен аттандырыпты.

Ал, Шағыраймен қарауыл Қарсақ ақынның қағысы былай болған, Шағырайдың жасы 80-нен асып,

қалған жалғыз баласы қайтыс болып, екі көзінен бірдей зағип болып отырғанда Қарсақ Шағырайдікіне көңіл сұрауға келіпті. Қарсақ амандық сұрап тоқтаған соң Шағырай сөйлеп кеткен екен.

Сулы көз шал атандым,
Әулие пірден бата алдым,
Кәріліктен жаман жоқ,
Бір шідерге маталдым.
Әжім түсті қабаққа жолдас болдым таяққа.
Айтуға да ерсілеу.
Сырыл кірді тамаққа.
Кәрілік кірді басыма
Нысана кірді шашыма,
Қызғалдақтай қылтиып,
Қымыздықтай жылтиып
Қыз-келіншек жиылушы еді қасыма.
Енді ит тимейтін арам астаймын,
Ризамын жасыма.
Кәрілік кірді көзіме Күрек тісім түскен соң
Ілгіш кірді сөзіме, жиырма бестің ішінде
Жұрт қызықты өзіме,
Жай оғындай жалтандап,
Қадірлі едім еліме.
Дерт төмендеп барады
Бір сұмдық болды беліме.
Біраз сырды айтайын енді саған.
Сөзімді тыңдап қара асылзадам

Бұлбұлдай сайрағанмен күнім өтіп. Мен сорлы болып қалған жетім адам, Мен ақын болмасам да жұрттан асқан, Талпындым өлең-жырға бала жастан, Қолыма домбыра алып ән шырқадым. Кезім жоқ айтысқанда сөзден сасқан. Түрлентіп жүз құбылтып әнге салдым, Аққумен аспандағы үнді қосқам.

Жел сөздің аузымдағы арқасында, Жыршы боп әрбір елге болдым дастан. Отыз бен жиырма бестің

арасында Көңілім қалған емес қиғашқастан. Қолға түскен балқиды қорғасындай. Су шығарды деген сол, қаратастан. Күн көрсем де сайраған қызыл-тілмен. Кем болдым дүниеге мал мен бастан Маңдайға бір тәңірім бермесе де, Еш кемшілік көрмедім жалаңаштан, Жарыстым талай жүйрік саңлақпенен Болмады ешқайсысы шаңға ілескен. Алдында сан жақсының сөз сөйледім, Қойған жоқ бірде бірі сөзге нұқсан. Бермедім заманымда шешенге сөз, Бұл күнде шөккен нармын бір адасқан, Ренжімеймін жалғанда жалғызбын деп, Мен үшін барша халық бір туысқан Көре алмай жарық дүние, адам нұрын, Қараңғы екі көздің шелін басқан. Сайраған орта жүздің бұлбұлы едім, Алды ғой аяғымнан мына тоқсан, Бетіне ақ қағаздың бірі түспей, Өтеді-ау өмір бойғы сөзім бостан. Жасынан оқу-білім алмаған соң, Қараңғы қалады екен сөз нақыстан, Зарлаумен енді менен не шығады, Қабірдің жиегіне қадам басқан. Кәрілікке жалғыздық қабаттасты. Шағырай жоқ ақылдан әлі адасқан. Батасын қара аруақ алайын деп; Келдің ғой әдейі іздеп мені алыстан. Жортқанда жолың болсын шырағым-ай, Озып кел, уақытта сен алысқан. Бақытың күн-күн санап арта берсін, Ашылсын зейінінде мол боп бастан. Сауғаңнан қарт ағаңның үміті бар, Қарсақжан, осы менің сөзімді ұқсаң.

Сонда Қарсақ қалтасынан ақша алып Шағырайға ұстатыпты. Ақшаны алған соң Шағырай:

«Қарсақжан шырағым-ай,
Керей, Уақ елім бай.
Аралап көр елімді,
Байларым бар бұйымды,
Мырзалар да жоқ емес,
Есесін берер халқым бар,
Маған берген сиыңды» - деп батасын беріпті.

ҚЫЗЫЛ ҚАСҚЫР

Қызыл қасқырды алғаш рет 1945 жылы соғыс аяқталғаннан кейін Манчжурияның Гириң қаласында жүргенде сондағы зоопарктен көрген едім. Бір топ совет жауынгерлері кәдімгі сұр қасқырдың екі күшігін емізген не ит емес, не қасқыр емес, түсі қып-қызыл бір аңды таңтамаша боп қызықтап тұрғанбыз. Ақыры еш аңға ұқсата алмағандықтан зоопарктің аң күтушісі қытай жігітінен сұрастырғанымызда «это красный волк» деп жауап берді ол бізге. Сонда қызыл қасқырдың тіршілік ерекшелігін, оның күшіктерінің туған бетте кәдімгі сұр қасқырдың күшігіне ұқсас келетіндігін, кейін өсе келе қызыл қасқырға айналатындығын естіп білгенбіз.

Арада біраз жылдар өтіп, 1978 жылы облыстық табиғат қорғау қоғамында қызмет атқарып жүргенімде республикааралық табиғат қорғау қызметкерлерінің Фрунзе қаласында өткен конференциясына қатысқаным бар. Сонда осы қызыл қасқыр туралы тағы да естідім. Сол конференцияға делегат болып келген қарт аңшы, әрі белгілі құсбегі Шүйіншәлі Бишенәлиев өзінің қыран бүркітімен отызыншы жылдары қызыл қасқыр ұстағанын қызықтыра айтқан-ды.

-Кезінде аңшылықты дұрыс ұйымдастырмаудың салдарынан өзіміздің өлкемізде мекен еткен қызыл қасқыр сияқты кейбір аң түрлерін мүлдем құрытып, жойып жібердік, - деп өкініш білдірген еді сонда ол. Расында да солай болып отыр. Мәселен, осы қызыл қасқырды алайықшы. Ол қазір еліміздің Қызыл кітабына ең сирек кездесетін аң ретінде енгізіліп отыр.

Бұрын Совет Одағының көптеген жерлерінен кездесетін қызыл қасқыр бүгіндері сирек болса да Қытайдың шығысында, Тянь-Шань, Азия тауларында, Үндіқытай, Малакка жерлерінде тіршілік ететін көрінеді.

Қызыл қасқырдың терісі өте бағалы. Сондықтан да оған аяусыз аңшылық жасалынған.

Қызыл қасқырдың күшіктері 13-14 күннен кейін көздерін ашып, тез пысиды. Жарты жыл ішінде күшіктердің денесі үлкен қасқырдан кем түспейді. Олар суық судан қорықпайды. Күзгі қара суықтарда ені сексен метрлік өзендерден жүзіп өте береді. Қызыл қасқырлар азық іздеп, аң аулауға шыққанда 8-10-нан топталып жүреді. Аулайтын аңын доға тәріздес тізбектеліп ортаға алып, жан-жағынан қаумалап ашық алаңға, өзенге, қыс болса мұз тайғаққа айдайды. Қызыл қасқыр өте жүйрік, алты метрге дейін биіктікке секіре алатын шапшаң аң. Есейген қызыл қасқырдың ұзындығы бір метрден асып, салмағы 16-20 килограмға дейін жететін көрінеді. Түлкіге не қорқау қасқырға ұқсас келетін тұмсығы иісті тез сезеді. Дыбысқа сақ.

Қазір қызыл қасқырдың бірнеше түрі Москва зоопаркінде сақталуда. Өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеуші ғалымдар оларды ерекше бақылауға алып, зерттеу жұмыстарын жүргізуде.



КОМИССАР ЖАЙЫНДА ЕСТЕЛІК

1981 жылдың август айында мен Орта Азия әскери округіне қарасты, көршілес қырғыз жерінде, Ыстықкөл әскери санаторийінде демалыста болған едім. Бұл демалыс орны Ыстықкөлдің өзінен бір шақырымдай жерде Тамға деген қырғыз ауылының бір шетіне орналасқан. Табиғаты көз сүріндірер бұл жердің ауасы да жанға шипа. Демалушылардың жақсы тынығуы, кешке серуендеуі үшін алқызыл гүлі жанар жаулаған скверлер мен алаңдар жасалған.

Менімен бірге демалғандардың бәрі Ұлы Отан соғысының ардагерлері, әскери адамдар және олардың семьялары еді. Мұнда біз партиямыз бен үкіметіміздің шынайы қамқорлығын тағы да сезіндік. Демалушылар емделу уақытынан кейін түрлі-түрлі қызықты шараларға қатысады, әсем табиғат аясына шығып, Ыстықкөлден балық аулайды. Ұлы Отан соғысының мүгедегі, бұрынғы аға лейтенант Виктор Иванович Кудрявцев екеуіміздің сүйікті ісіміз балық аулау болды. Жанындағы серігің әңгімешіл, ақкөңіл, сыршыл болғанға не жетсін. Демалыс орнында кездестіріп, жақсы жолдас болып кеткен Виктор Иванович аңқылдаған азамат екен. Менің Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданынан екенімді білгеннен кейін тіпті туған бауырын кездестіргендей қуанғаны әлі есімде. Бірде ол:

- Сіз Хайретдин Рахматулин деген комиссарды білесіз бе? Ол адам сіздің жерлесіңіз болады, - деп сұрады.

Мен білмейтінімді айттым. Осы әңгімеден кейін ойланып қалған жолдасым:

- Мен онымен Ұлы Отан соғысында кездескен едім. Егер жалықпасаңыз, жерлесіңіз жайлы сыр айтайын. Ол кісінің өмірбаянын емес, тек адамға жасаған адамгершілігін, достыққа беріктігін ғана айтқым келеді.

Егер комиссардың соғыстан бұрынғы өмірімен танысқыңыз келсе, ол жайында да арнайы документ бар,-деп Виктор мен күтпеген әңгіме ұшығын бастады.

- Мен ол кісіге алдымен мына жарық дүниенің сәулесін көріп, жер басып жүргенім үшін қарыздармын, -деп бастады әңгімесін әріптесім. Сосын жанына қойған балдағын көрсетіп: - Міне, мына балдақты көріп отырсыз ғой. Ұлы Отан соғысы басталмас бұрын Москвадағы балет училищесінде оқыған едім. Оқу орнындағы оқытушыларым да, жолдастарым да келешекте менен үлкен өнер иесі биші шығады дейтін. Оқушылық кезеңдегі әріптесім Наташа да маған үміт арта қарайтын. Ал, Ұлы Отан соғысында сол аяғым кесілгенде балеттен үмітім үзілді, тіпті енді жастығымның әні болған Наташадан да айрылғандай сезіндім. Үлкен өнер иесі, оның ішінде балет артисі болам деген арманым үзілгеннен кейін, өмірдің қызығы жоқтай көрінді. Міне, осы кезде мүшкіл халымды сезінген Хайретдин Якеевич:

- Азамат деген атың бар, жанбай жатып сөнгеніне жол болсын. Бір аяқтан айырылу ештеңе емес, мына жарық дүниені айтсаңшы, оған тең келер әлемде не бар. Асықпа, қайғы орнын жарқыраған қуаныш басар, жазықсыз жандардың қаны төгіліп, снаряд пен бомба жарылған қара жерге алтын дән де өсер, шерді көкіректегі жара орны да жазылар. Біз кешкен сұрапыл күндердің артынан жарық күн туып, аспанымызда көгершіндер қалқып, балғын сәбилердің күміс күлкілері естілер, - осылай жігер бере сөйлеген Хайретдин өзімен бірге бірінші империалистік соғыста болған, екі бірдей аяғынан айрылған Қасым Болатовтың қайраттылығын, өмірге құштарлығын сөз етті. Өлімді ғана емес, өмірде басына түскен ауырпалықты да жеңіп Қасым кейін Қазан университетінің профессоры, бес баланың әкесі атанады.

Виктор Иванович Хайретдинмен төртінші Украин майданы, 216 атқыштар дивизиясының 647 атқыштар полкінің 1-батальонында бірге болады. Х.Я.Рахматтулин батальонда комиссар болса, В.И.Кудрявцев комсомол комитетінің секретары қызметін атқарады. Қырымдағы Сиваш өзенінің маңында болған қиян-кескі шайқаста Виктор екі аяғынан ауыр жараланып, соғыс алаңында қалып қояды. Міне, осы кезде оны Хайретдин тауып алып, арқасына салып, жер бауырлап, еңбектеп ұрыс даласынан аман алып шығады. Ержүрек қаруласының арқасында аман қалған Викторға ертеңгі күннен түңілген сәтте де қол ұшын беріп, азаматтық танытады. Виктор жарақатының ауыр болу себебінен госпитальда көп жатып қалып, жан жолдасынан көз жазып қалады.

- Ұлы Отан соғысы аяқталып, арада біраз жыл өткеннен кейін Қырым пионерлерінің шақыруы бойынша бауырластар қабірінде болдым,- деп жалғастырды әңгімесін Виктор. – Ұлы Отан соғысында ел бақыты үшін өмірлерін қиған боздақтардың зираты Сиваш өзенінің бойындағы, Тархан селосының солтүстігінде алты шақырымдай жерде екен. Бауырластар қабірінің басына мәрмәр тастан ескерткіш орнатылып, алтын әріппен «Қырым үшін шайқаста қаза болған батырларға» деп жазылыпты. 1944 жылы 8 апрель күні зиратқа қойылғандардың тізімінде аға лейтенант Хайретдин Рахматұллиннің де есімі бар екен. Ол жау басқыншыларымен соңғы шайқастағы ерлігі үшін бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен наградталыпты. Бейбіт күнде аяулы досыммен екінші рет осылай қабір басында кездестім. Арада көп жылдар белес берсе де өлім тырнағынан құтқарып, жарық сәуле сыйлаған азаматтың бейнесін ұмытар емеспін.

- Сіз, соғыстан кейінгі өз жағдайыңызды айтпадыңыз ғой. Наташа, балет не болды, - дедім оның кейінгі

тағдыры жайлы білгім келіп.

- Өмірден алғашқы соққы алып, аяғымнан айрылған кезде палатадағы жолдастарым арқылы Наташаға өзімді соғыста қаза болды деп хат жаздырған едім. Кейін Наташа әскери радистердің оқуын бітіріп, үшінші Белоруссия майданында, Шауляй қаласының түбінде 1943 жылы ерлікпен қаза тапқан, – осы сөздерді қинала отырып айтқан санаториядағы жолдасымның өңі куқылданып сала берді. Виктор Ивановичтің соғыста алған жан жарасы әлі жазылмағандай сезілді маған.

Ертеңінде Виктор маған Хайретдин Якеевичтің өмірбаяны туралы жазылған документпен таныстырды. Х.Рахматуллин Орынбор облысының Шарлық ауданы, Мұстафа ауылында туып - өскен екен. Әке-шешесінен он үш жасында жетім қалып, екі-үш жылдай байдың қойын бағады. Ал, бірінші империалистік соғыс басталғанда әскерге алынып, 1917 жылдың аяғына дейін 178 Литва полкінің құрамында Австрия майданында болады. 1919-1924 жылдары Қызыл Армия қатарында, 20-шы дивизияның байланыс батальонымен оңтүстік және шығыс майдандарында Деникин мен Колчакқа қарсы шайқастарға қатысады. Ал 1924-1936 жылдары Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Преснов, Мамлют аудандарында жауапты қызметте болады. Хайретдин Якеевич партия қайда жұмсаса да алдыңғы қатарда болып, өзгелерге өнегелік танытады. Коммунистік партияның адал ұлы, Ұлы Отан соғысындағы ерлік істердің иесі болған қарулас жолдасымның, бораған оқ пен от арасынан алып шыққан қайраты мол Р.Я.Рахматуллиннің қысқаша өмірбаяны осындай.

БАУЫРЫМНЫҢ ҚАБІРІН ТАУЫП БЕРДІ

Менің бауырым Серікбай Сыздықұлы 1925 жылы Айтуар ауылы Жамбыл ауданы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келді. 17 жасар комсомол мүшесі ол 1942 жылы ел қорғауға аттанды. Майданда бір жылдай ұрыстарда болып, Отанымыздың жау қолында қалған көптеген селолары мен қалаларын азат етуде өзінің солдаттық үлесін қосты. 1944 жылы Белоруссия жерін жау тырнағынан құтқару жөніндегі жоспарланған «Багратион» операциясындағы Могилев облысы үшін болған шабуылдардың бірінде ерлікпен қаза тапты.

Соғыс аяқталды. Ел бейбіт еңбекке кірісті. Кейін білсек, Белоруссиядағы Рясня селосының қызылізшілері бауырымыздың қай жерде жерленгенін анықтап, оның денесін туыскандар зиратына көшірген екен. Көп ұзамай ол жақтан бізге арнайы жазылған хат та келді. Онда сол Рясня орта мектебіндегі қызылізшілердің жұмысына жетекшілік жасап жүрген мұғалима Вера Карабанова бауырым Серікбайдың мүрдесіне келіп қайтуға шақырыпты. Мына хабарды естіген соң тағат қалмады. 1983 жылы көктемде Белоруссияға сапар шектім.

6 май күні Рясня селосындағы туыскандар зиратына Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Армениядан көптеген адамдар жиналды. Бұлар осында мәңгі ұйқы құшағына кетіп дамыдап жатқан Отан солдаттарының аға-інілері мен туыстары еді. Бауырластар қабірі селоның көрнекті жеріндегі төбеде екен. Оның төңірегіне жағалай гүл отырғызылыпты. Бұл жергілікті жердегі адамдардың қаза тапқандарға деген құрметін көрсеткендей. Мәрмәр тақтадан бауырымның аты-жөнін көрдім. Көңілім босады. Зиратқа тағзым етіп туған жерден алып барған бір уыс топырақты қабір төңірегіне шайстым.

Митингіде сөйлеген жергілікті адамдар осы бауырластар қабірінде жатқан жауынгерлердің ерлігінің арқасында қазіргі бейбіт өмірге қолдары жеткенін айта келіп, оларды ешуақытта ұмытпайтынын және біз сияқты туыстарына деген алғыстарын білдірді. Сол сәтте туысымның денесінің қайда жатқанынан хабар берген оны көріп қайтуға шақыртқан қызылзшілерге мен де іштей рахмет айтқан едім. Жұмыстарын жемісті болсын жаралы жүректерге демеу бола беріндер, айналайын бүлдіршіндер.

ИГІБАЙДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Дүбірлі жырсайыстарда шашасына шаң жұқпаған жүлдегер жерлесіміз, ақиық акын, аққу үнді әнші Игібай Әлібаевтың суырып-салма өнері ел ішінде ерекше аталады. Жамбыл ауданында оның жолдастарына тұрғыластарына арнаған қайырмалары ел аузында жүр. Мәселен, оның өзінің әнші досы Қырғыздың Жәукесіне айтқан мына төрттағанының тарихы мынадай.

Игібай бірде осы досының үйіне келеді. Қолына көптен аңсаған алғыр қыранды түсірген Жәуке Игібайға:

- Бүркітімнің байғазысы болсын бір өлең шығар - дейді. Сонда акын кідірместен:

Бір ауыз ән сал дейсің

Жәуке серім

Сенің де думан еді-ау

Жүзген жерің

Шұңғыл көз, орақ тұмсық, лашын қанат.

Қайырлы, құтты болсын талтақ керің- депті. Бір жолы Игібай жолдастарымен аңға шығады. Даланың еркін өскен сері жігіттері көңіл көтерейік деген тілекпен Игібайға қолқа салып, аяқ астынан өлең шығар дейді.

Сонда ол жоғары дауыспен былай десе керек:
Қар ап-пақ, түлкі қызыл, бүркіт қара
Құла атпен шыға келсең, айқай сала
Ақиық аю қабак, балуан білек,
Ұядан биыл ұшқан бұл бір бала.
Сол кезде түлкі қашып, бүркіт қуып
Ағызып келе жатсаң артын ала
Ақиық сол түлкіні баурап тастап.
Ың-жың боп, шулап жатса майдан дала..

Ел аузынан жазып алған Қ.Сыздықов

АЙТУАР АУЫЛЫНДА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ

Екінші дүниежүзілік соғыстың біздің елімізге адам айтқысыз қайғы-қасірет әкелгені барлық жұртқа мәлім. Сонымен қатар бұл соғыс біздің көп ұлтты Совет халқының бірлігімен ерлігіне үлкен сын болды. Басымызға қара бұлт төнгенде майдан шетіне сұранбаған жан жоқ. Сол бір ел басына қауіп-қатер үйірілген сын кезеңде кішкентай ғана Айтуар ауылынанда бір сыдыра ер-азаматтар соғысқа аттанған.

Бұл азаматтар еліміздің тәуелсіздігін қорғауда қанды майданда жандарын аяған жоқ. Көпшілігі отты шайқастарда ерлікпен қаза тапты. Ұлы жеңістің жемісін көре алмады, кіндік кескен, туып өскен атамекеніне оралмады.

Биылғы жылы Ұлы Мереке 9-май Жеңіс күні. Айтуар ауылында сол Ұлы Отан Соғысынан оралмаған жауыңгер ерлерге ескерткіш орнатылды. Осы оқиғаға байланысты Айтуар ауылында митинг болып, оны Архангелка селолық Советінің бастығы Жайық Баяхметұлы Құсайынов жолдас ашты.

Ескерткіштің шымылдығын ашу құрметіне Соғыс және еңбек ардагерлері Қожа Сибанов, Жаңғали Нұрмақанов еңбек ардагері Торғай Қалиева ие болды.

Митингіде Жамбыл аудандық партия Комитетінің екінші секретары Мамонтов Г. А., Киров Совхозының директоры Лукьянченко В.П., совхоздың партком секретары – Озернов А.В. Айтуар бөлімшесінің бастығы Нұрмақанов Б.Ж. еңбек ардагерлері Құмырсекенова Бағила, Қалиева Торғай, Аудандық атқару советінің депутаты, сауыншы Хажымұратова Ләззат тағы басқалар сөз сөйлеп жиналғандарды Ұлы Отан Соғысының Майдандарынан оралмаған бауырлас-боздақтарға орнатылған ескерткішпен құттықтады.

Құмырсекенова Бағила күйеуі Тәпенді майданға аттандырғанда жарты жасар баласы Баянтаймен қалған екен. Сол Баянтай қазір үйлі-семьялы, елдің белгілі білікті механизаторы.

Еңбек ардагері Торғай Қалиева Соғыс кезіндегі ел ішінде болған қарқынды еңбекпен патриоттық қозғалыстарды, ауыл еңбеккерлері қарттар мен буыны қатпаған жас балалардың тұрмыстық ауырлығына қарамай, Майданға көмек беруде жан аямай жұмыс істегендерін айта келіп: «Мына ескерткішке алтын әріппен есімдері жазылған бауырларымыздың ішінде он сегізге толмай соғысқа барып, тәуелсіздігімізбен, атамекенімізді қорғауда ерлікпен қаза тапқан Серікбай Сыздықұлы Сағындықов, Серікбай Қаппас ұлы Қаппасов, елді колхоздастыру кезіндегі алғашқы тракторист – Шақпақ Байпақов, комбайнер Қабдолла Ахметжанов, оқытушылар Жүніс Ахметжанов, Жақсығұл Қарамырзин, Амангелді Бекқожин тағы басқада ел азаматтары еш уақытта ұмытылмайды, ұрпақтан ұрпаққа үлгі болып, мәңгі есте сақталады» - деді.

Сол күні ескерткіш алдында Ұлы Отан

Соғысында ерлікпен өздері қаза тапса да, бізді бүгінгі сәулетті өмірге жеткізген ел ерлеріне арналып мәңгілік алау жағылды.

Мәңгілік алау жағу құрметіне Соғыс және еңбек ардагері Мұқыш Имақов, осы ескерткішті орнатуға белсене қатынасқандар Базар Әбдрешевпен ауыл-шаруашылық институтының студенті Ардақ Хажымұратовтар қатысты.

Ескерткіш алдына ауылдық мектептің директоры Мәкен Қалиев бастаған оқушы пионерлер мен комсомолдар, Баян ауыл орта мектебінің, оқушы-өкілдері, ерлі-зайыпты оқытушылар Шабанаевтар веноктар мен гүл шоқтарын қойды.

Ұлы Отан Соғысының ардагерлері Ұлы Отан Соғысы ордендерінің кавалерлері Қожа Сибанов, Жаңғали Нұрмақанов, Төлеген Тайғабылов, Мұқыш Имақов, Қайырбай Тастеміров, Көкен Қопышев, Қасенов Кәкен және Бейсен Какенов қарттар майдандастар ескерткішінің алдында суретке түсті.

ЖАЛЫНДЫ ҒҰМЫР

Мен Біржаң жаңа өмірдің жаршысымын,
Бай тапқа пролетардың қамшысымын,
Шаруаға жаңа жырды жеткізуде
Октябрь төңкерісінің жалшысымын.

Келеді жаңа өмірді көп жырлағым,
Қандырып жаңа сөзбен ел құлағын...
Келеді сипаттағым заманының
Лениндей жарық жұлдыз, шамшырағын.

Бұл шумақтар ақын шабытын да, шабысын да, болмысын да аңғартады. Ақын жүрегінің лүпілі - жаңа өмір, бақытты тұрмыс, Октябрь нұры, Ленин үні. Ақынның танымдық күш қуаты орасан: ол оқиғаны тез аңғарады, көпке таратады, мән-маңызын ұқтырады. Бұл-оның дарындылығы. Үзінді келтірілген жалынды жырдың иесі – ақын Біржан Берденов осындай дарын дарыған ақиық екенін жыры айғақтап-ақ тұр.

Жаңа заманның дидарын сипаттауға ұмтылған ақын даусы қандай айбынды еді! Қараңғы түнектің, ғасырлар бойы көзін тұмшалап, көкірегін тарс бүркеп келген кемшін заманның томағасын сыпырған Октябрь қуаты ақын жырында қандай тенгеурінді сезіледі!

Біз Біржан творчествосын сөз еткенде оның өмір деректерінің тапшылығына өкіне береміз. Өйткені қараңғы түнекті бір сәтте-ақ самала нұрға бөктіре салған найзағайдай жыр аспанын бір тіліп, көзден зая болған оның ақындық өмірі зерделі де зейінді зерттеуден көзтаса қалған. Ол жаңа ғасырдан он жылдай бұрын дүниеге келген. Туған жері – Жамбыл ауданындағы Үлгі ауылы. Біржан өлеңдері кезінде лайықты көңіл бөлінбегендіктен ескерусіз, елеусіз қалып, қағаз бетіне аз түскен. Көбіне-көп ел аузында сақталып, оның ақындық дарынына тәнті болғандардың ғана ойында жатталыпты. Біз мысалға алған шумақтар да ақынның ұзын-ұрғасы 50-60 шумақтай болатын жаңа, нұрлы заман туралы толғауынан ел аузында қалғаны.

Біржан Берденовтың ақын ретінде атын шығарып, қазақ әдебиетінің алтын қорына енген жалғыз шығармасы – «Прием» дастаны. Қайбір ақын туындысы болмасын ол - өз ортасының үні, болмысының сыры. Осы орайда 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, бірінші дүниежүзілік соғыс, патшаның июнь жарлығы Біржан творчествосының асылына айналған осы дастанға арқау болады. Майданға адам алу, жергілікті бай-болыстардың

айла-шарғысы, кедей-кепшікті жасы мен ауру-сырқатына қарамай тізімге қосып, қара жұмысқа жіберуі халық кегін бұрқ еткізеді. Осы тізім ішінде Біржан да майданның қара жұмысының қамыты мойнына түсіп, саз окопта жатады. Кейін бұл ауыр азап жылдары оған зардабын шектіреді де. Біржан 1922 жылы туберкулез сырқатынан қайтыс болады.

Енді ақынның есімін әйгілеген «Прием» дастаны жайлы толығырақ әңгіме қозғайық. Ақын бұл шығармасында жалғыз ғана бай-билердің арамзальғын сын қамшысымен осқылап қоймай, Ұлы Октябрь қарсаңындағы ел тұрмысын, оның ауыр халін суреттейді. Қара жұмысқа алынғандардың ауыр жағдайымен бірге, соғыс қажытқан солдаттардың империалистік қырғынға наразылығы ақындық сезімталдықпен жырланады. Майдан даласын жайлаған революциялық рухтың күш-қуаты аңғарылады. Міне, осы тұрғыда «Прием» дастаны қазақ әдебиетіндегі орны бөлек, шоқтығы биік шығарма екені даусыз.

Осы айтқандарымыздың әсерін айғақтау үшін ақынның өзіне, оның жырына кезек берейік. Сонда Ұлы Октябрьдің қарсаңындағы оқиғалардың суреттері көзге айқын елестейді.

Таңсық емес айтуға әншейін тек,

Шыныменен жауыздығын қойды ғой деп,

28 февральда желді газет

Тақтан Николайды құлады деп.

Құрымақ бұдан былай ескі режим,

Жасалмақ халыққа тыныштық жаңа жизнь

Екі партия екі тарау жолға түсті,

Аттары большевизм, меньшевизм.

Дүниеге бұл екеуі қанат жайды,

Бастауға бірі-жалшы, бірі-байды.

«Құған ауру алады» дегендейін,

Тағынан құлатып әуел Николайды.

Құрытты бұрынғының закондарын,
Шіреніп, шікірейген төрелерін.
Нешелер солдат басы офицердің
Иығынан жұлып алды погондарын.

Осы мысалдан көрініп отырғанындай, дастан тарихи шындықты дәл, нақты баяндайды. Николай тақтан құлап, босқа қан төккенге, ауыр азапқа наразы солдаттар енді офицерлердің жарлығына құлақ аспайды. Ал ақын болса оқиғаларды жай ғана суреттеп қоймайды, ескі заманның құрығанына қуанады, масаттана жырлайды. Ақын қазақ халқының өнерге, білімге көзі ашылғанын салтанатқа балайды. Жегенге – тоқ, ішкенге-мас байлардың «іргесін күн ертең-ақ сөгеміз» деп еркін айтады.

Біржан Берденовтың «Прием» дастаны ондағы оқиғалардың өрбуінен, ауқымдылығымен, ақындық ой-толғамдардың асқақтығымен құнды. Ақын дастанның әрбір тарауында белгілі бір ойды түйіндей отырып, шығарманың сюжеттік-құрылымдық тұтастығын сақтап отырған. Бұл жалғыз-ақ шығармасы Біржан Берденов есіміне әдебиет тарихынан орын тиюіне сеп болған. Бұл шығарма Октябрь туы іспетті.



ҰСТАЗЫМЫЗ ШИЯПҚА

Жақсы көріп сыйласқан ұстазымыз Шияп Садықовтың 75 жасқа толуына байланысты жіберген құттықтау.

Талай жылдар
Белес қырлар
Көзге елестеп, шықпай естен
Жарты ғасыр
Асып жатыр
Баяғы жастық жиырма бестен
Аялайсың
Қарамайсың
Биік шыңынан жиырма бестің
Қайта айналса
Деп ойлайсың
Шаттық гүлі жиырма бестің
Бұл арманы
Ойлағаны
Қартайғанда адамның
Тәттілігі
Шаттылығы
Айнала өмір ғаламның
Күміс кескін
Жетпіс бесін
Жарасып тұр, ешкімнің жоқ таласы
Жеткендер бар
Жетпеген бар
Бұл өмірге таласумен ағасы
Құттықтаймыз
Ұмытпаймыз
Болғаннан соң шәкіртіңіз жан ашыр

*Қайырбек Сыздықов
Көкен Қопышев
16/VI - 1988 ж*

Адам есейіп, жасы шау тартқан сайын өткен өмір жолына ойша оралып, ел, жұрт үшін тындырған тиянақты ісін саралап, салмақтайтыны анық. Әлдебір ұят ісін үшін бетің оттай жанып, қызаратын кезің де болады. Несі бар, соның бәрі адам өмірінің белгілері болып қалады. Жас күніндегі жан достардың қатары сирегені де қарт адамның жанына батады. Жақсы достарды ардақ тұтып, жақсы қасиетін мақтап марапат санап, қадірлей білу де - өнер. Егер өміріңнің сондай серігі өзіңмен бірге қартайып, сыры таусылмайтын, сағынысып көрісетін жанға айналса тіпті де ғанибет емес пе.

Менің осындай досым – Көкен Қопышев деген азамат. Көкен жайын көбірек айтсам оған тәнті болғандығымнан, өнеріне бас игендігімнен, азаматтық тұлғасын ардақтағанымнан деймін.

.....1939 жылдың көктемі болатын. Қар ери бастаған көксалпақ кез еді. Интернаттың жауыр көкқасқа атына бірішке жеккенбіз. Бағытымыз – аудан орталығы Пресновка селосы. Бірақ, шабан аттың шамасы келетін жер емес, жолай қона – түстене жетпек керек. Майбалықтан ерте шыққанымызбен ат тұяғы Айымжанға зорға жетті. Әрі тартарға шама жоқ, оның үстіне шабанды зорықтырғанша бөлініп-бөлініп қонар үй іздедік.

Біздің бет түзегеніміз Көкеннің нағашысы Тырқайдың Қазыының үйі. Аудандық олимпиадаға бара жатқан едік, өнер бәсекесіне түсетінімізді естіген соң қарт көңілденіп қалды. Асын алдымызға тосты, баласынбай әзіл-қалжыңын араластыра отырып, бір сәтте домбыра ұсынсын. Домбырасы сыңғырлап тұр. Өзі аса ыңғайлы, қос қолға көміліп кеткендей нәп-нәзік екен. Қызықтап қарап жатырмыз.

- Ал, сал-серілер, әндерің қайда? Өзім тыңдап көрмесем болмас, - деп қарт қажап қояды.

Домбыра Көкенге де ұнады. Нағашысынан бір жолға болса да қалап алды. Ертеңінде Пресновкаға да жетіп, байқауға жүйрік қосардай баптанып жатырмыз.

Көкеннің шырқамағы «Қыз Жібек» операсынан «Шегенің ариясы», халық әндері «Смет» пен «Қанатталды», Иса Байзақовтың «Желе жортып жолменен желдірмесі» еді. Өзі де ән шығаратын өнері бар Көкен «Ержүрек» пен Испания батырларына арнаған «Альбертино» әндерін де бәйгеге салмақ ниетте. Сол «Шегенің ариясын», «Сметті» айтқанда әйгілі әнші Манарбек Ержановтан кем орындамайтын. Мен Көкенге:

- Ең алдымен «Ержүректі» шырқа. Бұл әнді жұрт білмейді. Таңсық ән. Ал ана екеуін күйтабақтан талай естіген. Құлақтарына сіңген әндер, - деймін өзімше камқорлық жасап.

Байқау басталып та кеткен. Алдымен хорға даярланған әндер айтылды. Біздің Майбалық орта мектебінің хоры «Қыз Жібек» операсынан Төлегенді аттандыру және «Шырқал әнді» ұсындық. «Қыз Жібекте» хор солисі Мүслима Байтасова деген оқушы, ал «Шырқал әннің» солисі – Қабдол Алпысов болатын. Әдемі шырқалды әндеріміз. Екінші жүлде тиді еншімізге.

Ендігі кезек- жеке әндерді орындаушылардыкі. Көкен шықты сахнаға. Қолында нағашысының домбырасы. Асықтай-ақ болса да үні зор, ашық. Көкеннің саусақтары тоғыз пернені бойлай жөнелді. Айтқанымдай «Ержүректен» бастады. Көкен оңқай жазып, заттарды оңқай ұстаса да, домбыраны солақай тартатын. Сонысымен-ақ жұртты елең еткізгенін сездік.

Осы әннің сөзін кім жазғаны бүгін жадымда қалмапты. Бір белгілі ақынның үлкен дастанының кіріспесінен алынған.

«Ержүрек еркін өскен жас талабым,
Ерке өстім аясында Ұлы Отанның.
Пернелеп жаңа өмірдің күйін шертіп,
Жүректің сырын тегіс жаз қаламым».

Көкеннің даусы көтеріле келе мүлтіксіз шығып,
құлақтың құрышын қандыра түсті. Әннің бірінші
шумағы бітіп, сағақ бойлаған саусақтар «и-ги-гайлап»
тұрып қалды. «Бұл неткен үн» деп талайлар тандай
қағып жатыр. Біз де ерекше сүйсіндік.

«Шарқырап шартарапты сайраңдатып,
Жорғадай желе жортып маймаңдатып.
Күй-күйлеп, он саусағым күйге бассын,

Балықтай суда жүзген қайраңдатып», - деп ән
аяқталғанда соғылған алақан, айғайлаған дауыс, риза
болған лебіздер хабарлаушыға сөз бермей қойды.
Залдың іші тынар емес. Амалсыз Көкенді сахнаға
шақырды. Тыңдаушылар «Ержүректі» қалай-қалай
отырып, бес рет айтқызды.

Одан кейін Көкен Исаның «Желе бір жортып
жолменен» деген әнін шырқады. Бұл әнді ол ұстазымыз
Қуаныш Ахметовтың ақылымен сахнаға шықпай тұрып
бастап кетті. Қайырмасын шырқап, шарықтау шегіне
дейін көтергенде ғана сахнаға шыға берді. Желдірмелі
әнді желпінте құбылтып, асқақ шабыт үстінде орындап
берді.

«Желе бір жортып жолменен,
Ал, жорғала, қаламым.
Мені шаттық кернеген,
Сені қолға аламын.

Жүрегімнен жыр шықса,

Жарқыраймын, жанамын» -деп ұзақ та терең
сырлы желдірмені жүйріктей көсілтті.

Көкен «Смет» пен «Шегенің ариясын» да осы
лепте шырқағанда жұртты ерекше сүйсіндіргені күні
бүгінгідей көз алдымда тұр. Ол сол жолы аса қуанышқа

бөленіп, мерейі үстем болған еді.

Осыдан соң «Ержүрек» әнінің шығу тарихы туралы айтудың да реті келді. Қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Майбалық ауылы бір кезде Төңкеріс ауданының орталығы болып, сол жылдардағы көрікті елді мекендердің бірі болып саналатын. Оқушы жастар, жоғары білімді мұғалімдер арасында өнерге құштарлық ерекше еді. Ән салып, домбыра шертетіндерді қадір тұтатын дәстүр бар. Солар ауыл мәдениетін өрге бастырып әкеткендей. Мысалы, мұғалімдер арасында кейін халық ақыны болған дауылпаз өнер иесі, күміс көмей әнші Игібай Әлібаев, домбырашы Ғазез Әбішев, артистікке бейімді Әділқасқабұлақов, өнерді құрметтейтін Шияп Садықов, Бәрменбай Темірболатов, Табылды Тайжанов және басқалары өнер арқылы да тәлім-тәрбие беруге қол жеткізе білетін.

Әрбір мереке оқытушылар мен оқушылардың концертінсіз өтпейді. Пьесалар қоямыз, ән шырқаймыз. Өйтсеуір мерекені өнер салтанатымен қарсы аламыз. 1938 жылы, осыдан жарты ғасыр бұрын Ұлы Октябрь мерекесіне арнап мектеп әскери қызыл комиссар Д.Фурмановтың «Бүліншілік» пьесасын даярлады. Оқушылар хоры ән шырқады, жеке әншілер мен домбырашылар да өнер көрсетті.

Мен Көкенмен бір пәтерде тұрушы едім. Концертке де бірге даярланамыз. Бір күні ол жоқта домбырасының шегін әдейі өзінікінен әлдеқайда қатты тартып қойдым. Ондағы ойым даусының қандай болатынын байқау. Ол қолына домбыраны алды да «Сырғақтыға» басқанда үні күлақты жара жаздады. Бірақ қулығымды аңғарып қалды. Мен оған:

- Жұрт айтатын әндерді шырқағанша өзің неге ән шығармайсың, - деп тиістім бір күні. Жолдастарымыз да қостай жөнелді. Сол құжауымыз сеп болса керек, күндердің күнінде ол бізге осы «Ержүректі» шырқап

берді. Әрине, ән өздігінен туа қалды деуім ерсі болар. Көкен оған көп қиналып, жұрт көзінен тасада зерделеп, өрнектеп жүреді екен.

Сол Майбалық мектебінің түлектері арасынан тамаша әншілердің бірқатары шықты. Олардың көбі осы «Ержүрек» әнін шырқап жүретін. Кейін де бұл ән көптеген жылдар бойы ауыздан-ауызға тарап, ел арасында орындалып жүрді.

Тіпті көршілес Қостанай, Көкшетау облыстарында да, Әсіресе Целиноград, Қарағанды маңында да орындаған адамды өзім көрдім. Бұл да Көкеннің өнерпаздығының айғағы емес пе.

Ал осы әңгіме барысында Көкен, Көкен деп отырғаным кім дейсіз ғой. Ол көпшілікке соғыс және еңбек ардагері болып танылған, көп жылдар бойы партия және совет органдарында белгілі қызмет атқарған ардагер. Қазіргі уақытта Жамбыл ауданындағы Архангелька селосында тұрады.

Омырауы орден, медальдарға толы жан досымның жарқын мінездері, жақсы, игі істері көп болғанымен оның осындай өнерпаз адам екендігін кейінгі жастар біле бермейді ғой. Оның үстіне Көкенде:

- Мен мынадай болған едім, - деп өзін-өзі дәріптеп кеуде соғатын олқы мінезі болмағандықтан осыны жұртқа жеткізуді өзіме парыз санадым. Тағы бір айтпағым: ел ішінде өнерлі адамдар бар ғой. Олардың бірін білсек, бірін білмей жатамыз. Сол себепті олардың жақсы есімдерін елге әйгілеу орынды деп есептеймін.



Қазіргі Жамбыл ауданына қарасты кішкене ғана Айтуар ауылы бұрынғы таз-керейге жататын 6-7 ауылдан құралған Айтуар колхозы еді. Бұл колхозды 1920-шы жылдарда ұйымдастырған менің әкем Сыздық Сағындықұлы. 1920 жылдарда ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет істеген. Қазір есімде қалмапты бұл ауылнайлықты І-ші ме әлде ІІ-ші ауылдық кеңес кейін Өрнек ауданына қарасты еткен екен.

Әкеміздің айтуы бойынша 1920-1928 жылдар арасында осы Айтуар ауылына кіретін ауылдардан көптеген азаматтар оқу оқып, әр қайсысы өздерінің шамасы жеткенше ірілі-кішілі мекемелерін басқарып, халық ағарту жұмысында жұмыс істепті. Солардың ішінде ағайынды Ғаппас, Жүсіп Токиндер, Ілияс Қожамбердин, Сүлеймен Бағаналин, Ғаппас Теңізov, Шәкен Тасқұлов, Тоқтамыс Исин, Таласпай Нұрпейісұлы – тағы басқа азаматтар аудандық, облыстық дәрежедегі мекемелер бастығы болып қызмет атқарыпты. Кейбір азаматтар Қазақстанда өткен кіші қазан төңкерісі кезінде жазықсыз жазаларға да тартылыпты. (Сүлеймен Бағаналин және т.б.)

Әкем Сыздық елден кетіп төңкеріс ауданында дайындау конторында жабайы мекеменің бастығы кейін жазықсыз жазаға бұйырылған азаматтары « мен де тас баспалдықты аттай тар есіктен кіргенмін, ол да бір қайырсыз күндер еді » деп отыратын. Олай дейтіні 1928 - 1931 жылдары конфискеге ілеккен «бай-құлақтардың» мүліктерін қымбат бағамен сатқыздың, малдарын тығып, санын азайтуға көмектестің деген жаламен сотталып, ақтығы анықталғаннан соң үш айға жетпей түрмеден босанған екен.

Халық ағарту жұмыстарың атқарған ағалардың есімде қалғандары: Жүніс Ахметжанов, Нұрғали

Әубәкіров, Игібай Әлібаев, Еркін Бекпасов, Ғаппас Шәймерденов, Сәлік Бүйрекбаев.

Еліміздің тәуелсіздігіне қауіп төнгенде кешегі Ұлы Отан Соғысына қатысып ерлік көрсетіп қаза тапқандар саны да аз емес.

Олардың есімдерін ауыл тұрғындары естен шығармай, келешек ұрпаққа патриоттық үлгі ретінде аттары жазылған мәрмәр тасты қадірлі белгі етіп ауылдың көрнекті жеріне орнатты.

Көптеген жас ұрпақтарға тәлім-тәрбие білім берген Жүніс Ахметжанов, Игібай Әлібаев, Сәлік Бүйрекбаев, Ғаппас Шәймерденовтер сияқты азаматтар соғыс кезінде өздерінің патриоттық қасиеттерін көрсете білді. Майдандағы ерліктері үшін олар ордендермен медальдармен марапатталды.

Қалың қауымға кішкене ғана ауыл тарихына қатысты сол кезде ағарту орындарында қызмет атқарған Еркін Бекпасов жайында бірер сөз айтпақпын. Өйткені халық қалаулысы болған, оның алдынан дәріс алған көптеген оқушыларының сүйікті сүйкімді тәрбиешісі атанған Еркін Бекпасов биыл 100 жасқа толады.

Айтуар ауылынан шыққан жоғарыда айтылған азаматтармен қатар бұрынғы Преснов ауданына қарасты ауылдардың да азаматтарының білім алған бұлағы осы күнгі Петропавлдағы педагогикалық колледж. Бұл оқу орны ертеде педагогикалық техникум деп атанған.

Осы педтехникумды 1925 жылы бітірген Еркін Бекпасұлы 1957 жылға дейін 30 жылдан астам уақыт ұстаздық қызметін атқарған. Халық ағарту ісіндегі сіңірген еңбегі үшін құрмет грамоталармен марапатталған.

Еркін Бекпасов мұғалімдер атағын беретін аттестациялық комиссияның сынынан өтіп, 1939 жылдың 29 желтоқсанында №9206 аттестация құжатын алған. Ол құжатта былай делінген:

“Еркін Бекпасов 1925 жылы педагогикалық техникумды бітіріп, мектепте педагогикалық жұмыстың сынақ – сынынан өтті. Сондықтан 1936 жылғы апрельдің 10-дағы СССР орталық атқару комитетінің халық комиссариаты советінің оқытушыларға атақ беру туралы қаулысы бойынша бұл жолдасқа бастауыш мектеп оқытушысы деген атақ берілді”.

Қазақ ССР оқу халық комиссариаты.

29.12.1939 ж №9206

Мына жоғарыдағы аттестацияға қарағанда Ерекеннің бастауыш мектептерде ғана оқытушы болуға қақысы бар. Әйтсе де ол өзінің өзіне қойған талабының күштілігінен өз білімін жоғары көтеруге күнделікті еңбегін көп сіңірген адам. Сол кезден білім беру саласында жаңа шыққан құжаттармен журналдарды, мақалаларды үзбей оқып білімін толықтырып отырған. Жалғыз-ақ бір жакты өз пәндерін ғана ұқыптамай, ол күнделікті саяси тұрмысқа көп араласып, халық қауыммен біте қайнасқан үкімет өкілі болған. Жоғарғы оқу орындарынан келген тексерушілер Ерекеннің сабақ беру тәсілдерін, білімінің тереңдігі жоғарғы оқу орындарын институт, университет бітірген оқытушылардан кем еместігін айта келіп орталай және өте жоғары бағалай тексеру және анықтама актлерінде көрсетіп, орта мектептерде сабақ беруге жарайды деген рекомендациясында ұмытпаған. Ерекеннің қадірлі қасиетінің бірі ол математика мен физика пәндерінің заңдарын күнделікті табиғи өмірмен байланыстырып оқытушыларға терең ұқтыратын.

Бұл айтқаныма дәлел оның алдынан оқыған қазіргі күндері алды жетпістен асқан бірнеше шәкірттерінің естерінен кетпеген Отанымызға көп еңбек сіңіріп жастары жетіп құрметті демалысқа шыққан Құдабаев Жаслан, Мұстафин Балғабек және Айтуар ауылында көп жыл тұрып, ел адамдарын жақсы білетін.

Әскер Кенжегузин, Балғабек пен Жаслан 1940-1948 жылдары, ол кезде Преснов ауданына қарасты Орталық мектебінде Ерекеннен дәріс алып, қауырсын қанаттарын қатайтып басқа оқу орындарына ұшқан екен. Балғабек екі мәрте жоғарғы оқу орнын бітіріп, аудандық атқару комитеті бастығының орынбасарынан облыстық атқару комитетінде аға референт қызметін атқарса да осы күнге дейін Ерекенді ұмытқан емес. Балғабектің айтуы бойынша оқушылар Ерекеннің сабағын асыға күтіп отырады екен.

Математика оқушыларға ауыр пәннің бірі деп есептелсе де бұл пәнді төмен бағамен оқыған бірде бір оқушы болмаған. «Үйге берілген тапсырыстарды оқушылар жарыса орындаушы едік. Біз математика сабағының қалай өтіп кеткенін сезбей қалушы едік. Ерекен есеп сабағы емес, есте мәңгі қалатын аса қызықты ертегі айтып тұрғандай көрінетін. Жарты ғасыр уақыт өтсе де, Ерекеннің екі санның қосындысының квадраты былай болады деген дауысы менің құлағымнан әлі кеткен жоқ – деп есіне алады Балғабек.

Әскер Кенжегузин Ерекенді есіне алғанда: Ерекен қонақжай, сыншыл, әңгімені көп білетін адам еді. Соғыс жылдары дені сау адамдардың бәрі майданда болып, елде ақсақ-тоқсақ, саңыраулар мен соқырлар қалып, солардың көпшілігі тәуір-тәуір қызметте болып, ел басқарғандары да болды. Енді қызмет атқарып ел басқарғандардың өздері ғана ақсақ, саңырау болмай жұмыстары да ақсақ, көкіректері де саңырау болғандарының саны көбірек еді.

Ерекен ертеде өткен ата-бабалардың нақыл сөздерін көп айтатын. Әсіресе Киікбай бидің сөздерін жақсы көретін. Үйіне келген адамдарды кәрі жасына қарамай солай құрметтеп жіберуші еді.

Ерекене жеңгеміз Алтын да сай болатын. Ол кісінің жылдамдығы сондай келген адам амандасып

болғанша самауыры қайнап шығатын. Қонақ жолын жөнімен айтатын сөздерінің көбі халық сөздері болатын. Сол сөздерінің бірі мынау:

«Қонақтың бір белгісі көрпе киіз
Қазы-қарта жесеңде шықпас мүйіз.
Еш нәрсем жоқ деп отырғанша
Қара суың болсада ауыз тигіз.

Құдабаев Жаслан көп жылдар ауыл-шаруашылық жұмыстарда еңбек сіңіріп, қадірлі қызметкер қатарында құрметті демалысқа шықса да қоғамдық патриоттық тәрбиелеу жұмыстарынан қол үзбеген қарттар қатарында Облыстық қазақ тілі қоғамы жанындағы ақсақалдар алқасының мүшесі – Жаслан Құдабаев мемлекеттік тілімізді өркендетуге ерінбей ат салысып жүргендерінің алдыңғы сатында

Жасланның айтуынша, Ерекең ауыл-шаруашылық жұмысқа белсене қатысып, сол жұмыстарға оқушыларды да жұмылдыра білген. «Еңбек етсең ерінбей тояды қарның тіленбей» демекші жастарды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеп баулыған. Ерекең балалармен жәй ғана жұмыс істемей, табиғаттың бар байлығын қалай пайдаланып, қалай өсіріп, қалай сақтап үнемдеуді үйреткен. Бұл жөнінде Ерекеңнің білімі жоғарғы білімді оқымысты агрономдардан кем еместе. Ауыл, үй маңайын таза ұстап жапырақтары желбіреп көңіл көтеріп тұратын ағаштар мен гүлдер егіп өсіруді шаршамай, үйрететін.

Ислам дінінің уағыздарын да жақсы білуші еді. Жасы үлкен қарттар бұл маңайда құран сөздерін жақсы білетін. Ерекеңнен артық жан жоқ деп сыбырлай сөйлейтін. Ол кезде дін мәселесін көтеретіндер жауапқа тартылатын уақыт болған. Сондықтан өте бір сенімді адамдар болмаса дін туралы әңгіме қозғамайтын. Сөйте тұрса да ұрлық қылу, біреуді балағаттау, қастық жасау,

маскүнемдікке салыну, үлкендерді сыйламау заңға қайшы деп өз пікірін жас ұрпақпен қалың жұртқа да жеткізетін - деп еске алған Жасұлан. Ерекеннің ұстаздық қасиеттерімен білімін жоғары бағалау менің шәкірттік борышым деп түйіндеді.

Еркін Бекпасов ағамыз жөнінде басқада ел азаматтары жөнінде сөзімді аяқтай келе айтарым «ерлер өмірі- ел тарихы» емес пе деген сөзбен қортындылағым келеді.

ҚАРҚЫЗ

Бір күні дәм жазып, жол түсіп, замандас, қадірлес жеңгеміз Бөдененің үйіне бара қалдым. Барсам жеңгеміз бұрқан-талқан болып отыр. Менімен шалашарпы, ернін ғана жыбырлатып амандасқан Бөдене жеңгеміз ашулы дауыспен асыға-аптыға сөйлеп кетті.

- Сен өзің жақсы келдің-ау, кәне айтшы, осы біз кешегі қан төгіп, жан қиған қырғын соғысқа қатынастық па, әлде жоқ па? Майданға не керектің бәрін дайындап бердік пе, жоқ па? Аш-жалаңаш жүріп сиырмен жер жыртып, егін егіп, оны орақпен ордық па? Үкіметтің алым-салығын төледік пе? 200-300 проценттен заемға жазылдық па? Сонда сол елдегі еңбекшілер кім еді? Мына біз: кәрі кемпір, жас әйелдер мен кем-кетік еркектер, шалдар едік. Ол шалдар топырақтары торқа болсын, өліп те бітті. Неге біздің сол еңбегіміз бағаланбайды? Кеше осы ауылдың соғыс ардагерлері деген бес-алты «ақсақ-токсақ», «соқыр-шолақ» шалдары ордендер мен медаль алысты. Ордендер мен медальды қояқ-қояйын, тым болмаса, осылар да Ұлы Жеңіске өз үлестерін қосып еді деп, атымызды да атамады-ау! Соған іштей ыза болып, ырылдап отырмын. Сен қайным, ғафу ет, аман-сау жүрсің бе? Бала-шағаң, келін аман ба? – деп жеңгеміз

ашуы аздап тарқап барып сабасына түсті.

Осы кезде самауыр да қайнап қалған екен. Айналайын Айкен келініміз, елгезектігін көрсетті. Жаны-құты қалмай, қай кезде дайындағаны да белгісіз, дастарқан үстіне құймағын, қайнатқан қаймағын, тағы да басқа дәмді-тәттілерін жайып, шәйін жасап та үлгерді. Күрең шәйден бір-екі шынаяқ ішіп, мандайы жіпсіген Бөдене жеңгеміз, сәске кезінде қара бұлтты жарып шыққан күн сәулесіндей жарқырай түсті.

Есік ашылғанға жалт қарасақ, шамасы қырықтарды жағасынан алған, орта бойлы, толықша келген, жүзі жылы бір әйел кіріп келіп:

- Шәй тәтті-ақ! Тәте деніңіз сау ма? Аға сіз де сау-сәлеметсіз бе? Иә, Айкен қалың қалай, - деп белгілі ауыл тәртібінше самауырдың оң жағынан тізе бүгіп отыра кетті.

- Ау, Қарқызым, аман-саусың ба, қашан келіп қалдың? – деген жеңгеміз, көтеріле түсіп, келіп отырған әйелдің мандайынан сүйді.

- Кеше кештетіп келген соң сізге келіп сәлем бере алмадым, тәте. Бүгін сізге сәлем беріп, амандығыңызды білуге әдейі келіп отырмын. Өзіңіз білесіз ғой, көкем ауырады деген соң, үйде отыра алмадым. Жұмыстан босану қиын, оның үстіне оқуға баратын балалардың жабдығынан да шыға алмайсың. Көкем бұрынғыдай емес, көңілі көтеріңкі көрінеді, бүгін үйге қайтам.

- Айтса да көкеңнің омырауы жарқырады ғой, қайырлы болсын. Сенің ана миы ашыған шешен көкеңнің орденін жууды да білмейді. Қартайған сайын сараң болып бара ма немене?!

- Қартайып қалғаны рас. Бірақ сараң емес қой апам. Көкем тәуір болған соң осы ауылды түгел шақырамын деп отыр.

- Жарайды, жарайды. Сол шалдар «ақсақ-тоқсақ» болса да аман жүрсінші. Кешегі соғыста өздері түгіл,

көлеңкелеріне зар болғамыз жоқ па? Ит жоқта, шошқа үріп, елде қалған кейбір иттерден не көрмедік. Ой, шіркін, десейші нелер оқиғалар бастан өтпеді, - деп қойды Бөдене жеңгеміз.

Бір шынаяк шәй ішкен Қарқыз: «Ал тәте, көргенше сау-сәләмәт болыңыз, сіз де менің анамның бірісіз ғой» - деп қоштасты да кетіп қалды.

Ол кетісімен: «Бұл кім, Қарқыз деген аты қызық екен», - деп сұрағанымда, жеңгеміз өткен өміріне біраз ой жүгірткендей болды да:

- Біздің бастан не өтпеді, - деп қойып сырдың бетін ашты. Жайдан-жай неге ашуланды дейсің мені. Басымызға қара бұлт төніп, өлім найзағайы жарқылдап сартылдағанда, осы ауылдың дені сау азаматтары майданға жіберілді ғой. Гитлер- фашист қанды соғыс бастағанда ел болып, атамекенімізді қорғау ең жоғары, ең әділетті міндет болған жоқ па? Ол қанды қырғын соғыстан дені сау, ары таза адам бас тартқан жоқ. Артта қалған біздер, ақ ниетімізді, жігер-күшімізді, қолдан келгеніміздің бәрін Ұлы Жеңіс үшін жұмсағанбыз.

....1943 жылдың қаһарланып келген қаңтарымен ақырып келген ақпаны біздің жер халқына өте қатаң болды. Аштық пен жалаңаштық, ауыр жұмыс титығына жетіп жүрген колхозшылар, қыстың қыспағы мен заң қысымының қысқашының арасында құр сұлдері жүрсе де «Жеңіс үшін» деген ақ тілек пен ғана еңбек етуші еді. Таңның атысы, күннің батысы, салп-салп жұмыста жүргенінде алатыны «бір таяқ-еңбек күн». Оның өзі де, өзегі үзілгір, кейбір бригадирлердің тәбіліне кейде түсіп, кейде түспейтін. Жұмыс істейтін жұмыскердің өзі жоқ. Елде қалған кемпір-шал, жас балалар тындыратыны шамалы болса да бос отырмайды.

Қыс қандай еді. Күндіз-түні соққан жынды боран үйіміз бен қорамыздың үстін басып, кейбір үйдің пешінің мойны ғана көрінетін. Қар басып кеткен үйден,

қора-қопсыдан төбеден қазып шығып, қақпақ алдын жұмалап жүріп, эзер ашушы едік. Оның өзі де «суырдың ініндей» ғана болатын.

Осы кезде жүрегіміздегі мұзды ерітіп, бойымызды сергітіп, көңілімізді көтеретін бір-ақ нәрсе ол майданнан келіп жатқан қуанышты хабарлар еді. Әсіресе, Сталинград майданында соғысып жатқан туыстардан келген хаттар, жүректерін қайғы-қасірет басқан, жүйкелерін жұқартқан ауыртпалықтарды жеңілдетіп, көпшілік көңілін жұбатушы еді. Екі көзінен зағип болса да, ауылға келген газеттерді інісіне оқытып, үйді-үйге жүріп түсіндіретін Мәлібекті айтсайшы жүрегінің санылауы бар, рахымшылығы мол сол Мәлібек талай жыл күн демей, түн демей (оған бәрібір ғой күні-түні) ауыл-үйді аралап, жұрттың көңіл күйін көтеріп, үлкенге көмекші, кішіге ақылшы болды десем артық емес. Бір күні кештете «Сүйінші, қуаныш» деп үйге кіріп келді.

- Біздің әскерлер Сталинград майданында немістерді қирата жеңіпті. Неміс солдаттары өздерінің қолбасшысы фельдмаршал Паулюспен тұтқынға түсіпті. Гитлер ит ашудан жарылуға жақын дейді, - деп сақылдап тұрып күліп еді.

Ертеңінде колхоз кеңсесінде митинг болды. Мұндай қуаныш болмас! Жылап тұрып күлеміз, күліп тұрып жылаймыз. Біріміздің бетімізді біріміз сүйеміз. Несін айтасың, қуаныштан артық не бар. Ертеңінде Сталинград майданында жүрген Мұқыбайдан хат келді. Бүкіл ауыл болып қуандық. Мұқыбай сол Сталинград қаласының үлкен орталық Универмагының подвалында орналасқан Паулюс армиясының бас штабын алуға қатынасқанын, өзінің аман, саулығын, елді, балаларын сағынғанын жүрегімізді елжірете жазыпты. Осы күні өзінен сұрасаң жазғандарының бірін де білмейді. Әбден ауру жеңіп, қартайып еш нәрсеге көңіл бөлмейді.

Көп сөздің сонарына түсіп алып әлгі сенін сұрағынды ұмытып кетіппін ғой. Ол қызға Қарқыз деп ат қойған мен едім. Шын аты – Рахымша. Мұқыбайдың қызы. Ол қыз қар үстінде туған, сосын мен Қарқыз болсын деп едім, бірақ шешесі Мәкирә бізге көнбей атын Рахымша деп қойған-тын. «Мұның қалай, Рахымшаң не» дегенде «Алланың рахымы түсіп күйеуім аман, өзім аман-есен босандым! Рахымша дегенде не деймін», - деп болмаған.

- Мәссаған, мынау қызық екен. Қар үстінде туғаны қалай?

- Жаңа айттым ғой, сталинградтық жеңістен кейін ауылда митинг болды деп. Сол митингіден басқармамыз: «Бұл жеңіске біздің қосқанымыз, қайтарған жауабымыз - өнімді еңбегіміз. Сондықтан ертең барлықтарын тайлы-таяқтарын қалмай қар токтатуға шығындар» - деген. Ертеңінде 15 шақты әйел, 10 шақты 11-12-дегі бала бір-бір күрек алып колхоз кеңсесінің алдына жиналды. Бізді көруге шыққан басқармамыз: «Әскенбике мен Мәкирә қайда? Олар неге шықпаған? Ох, контралар! Мен оларға көрсетемін, сабатажды», - деп атына мініп ала шаба жөнелді. Бізді бригадир Жалпақталдың дөңіндегі егістік жерге «аққала» тұрғызуға алып жүрді. Біз егістік жерге жетіп «аққала» тұрғыза бастағанда ауыл жақтан екі кісі бірін-бірі жетектегендей келе жатты. Бізге шамасы жүз адымдай қалғанда біреуі сүрінді ме білмейміз, әйтеуір, қарға құлай кетті. Екінші адамның жан даусы шығып айғайлап, қолын бұлғап шақырғанына қарағанда Әскенбике екенін таныдық. Далбан-дұлбан жүгіріп барсақ, Мәкирә жерде жатыр, Мәкирәнің аяғы ауыр болатын. Тістеген еріндері қап-қара болып кеткен: бетіне су құйғандай ағыл-тегіл тер. Жаны қысылып толғатып жатыр. Үйге жеткізетін көлік те, уақыт та болмады. Біреуіміз көпәйкемізді, біреуіміз жеңі жоқ

камзолымызды, әйтеуір кімде не «артық» киім бар, соны шешіп қарға төсеп, Мәкирәні соған жатқыздық. Көп ұзамай әлгі Қарқыз туды. А, құдайым десейші. Енді кіндік кесетін бәкі табылсайшы. Басқа түскен баспақшыл демекші, қар үстінде туған нәрестенің кіндігін күрекпен кескеніміз ғой. Енді нәрестені орап алатын шүберек болсайшы. «Ой сендерге не болған» - деп Рәзила абысынымыз басындағы орамалын жұлып алып, баланы орап, оның сыртынан көпәйкемен жауып, ауылға қарай жүгіре жөнелді. Қайсыбірін айтайын, Мәкирәні ауылға апаратын көлік жоқ. Ересек балалардың бірін ауылға жіберіп, балалар сырғанақ тебетін шанасын алдырып, Мәкирәні соған отырғызып үйіне апарғанымыз ғой. Жиналған қатын-қалаштар бар көмегін көрсетіп, Мәкирәнің үйіне отын әкелісіп, үйді жылытып, суды жылытып дегендей Мәкирәнің есін жиғыздық.

«Көп түкірсе көл болады» дегендей әркім үйінде барын жинап, төңкерме жеп, бүлдіргеннің кептірген жапырағымен қызартқан шәй ішіп, өзімізше шілдехана жасадық. Осы күні ойлаймын, япыр-ау, Мәкирә мен жаңа туған нәресте қалай ауырып қалмады екен, киетін киім жоқ, орайтын шүберек жоқ, дәрі-дәрмек ол да жоқ. Шынында Алланың рахымы тиген шығар. Осыған қазір ешкім нанбайды. Оны айтасың, тіпті өз үйінде босану дегенді де білмейді ғой, бұл күннің әйелдері..

- Ол кісі қалай «аққала» жасауға қалай шыққан, өз жағдайын білмеген бе?

- Ой-бой қайным-ай, ол кездегі жағдайды сен білмейсің ғой. Басқармамыз нағыз бір арсылдаған қабаған ит еді. Қит етсе «контра», «сабатаж» деп боқтап-ластап жұмысқа шығаратын. Оның үстінен арыз айту түгіл, аузыңды ашуға шамаң жоқ. Барлық күш, қулық-сұмдық соның қолында. Сол иттің әскерге қалай

алынбағанын білмеймін. Әйтеуір Шейтбек келе жатыр десе жылаған бала уанатын.

Сол Шейтбек боқтап-ластап кәрі кемпір Әскенбике мен аяғы ауыр Мәкирәні «аққала» тұрғызуға қуыпты.

Ит неме өзі де сазайын тартты ғой! Көптің көз жасы қоя ма? Колхоздың семіз сиырын сойып жеген ол көп кешікпей түрмеге түсті. Шейтбектің көрсетуімен түрмеде жатқан ағайынды Байгелді мен Жұманбай оны «жақсы» қарсы алыпты дейді. Әуелі ұрып жығып бір көзін шығарыпты. Артынан сенің халыққа көрсетпегенің жоқ еді, бір тостаған масақтың бидайы үшін Алтынайды соттаттың емес пе деп мойнынан сығып тұншықтырып өлтіріпті дегенді естідік. Құдай білсін: шын, өтірігі белгісіз. Әйтеуір сол иттен құттылдық-ау.

Сонымен, ұзын сөздің қысқасы Қарқыз қызымның хикаясы міне осындай. Қарқыз бой жетіп, ерге шығып үйлі-баранды болып отыр. Күйсуі Ертісбай да бір сүйкімді азамат, корпекті механизатор. Қарқыз – қазір сегіз баланың анасы. Белгілі, білікті балбармақ сауыншының бірі деп, - жеңгеміз әңгімесін аяқтады.

МЕН ГАЗЕТКЕ ЖАЗБАЙМЫН ЕРМЕК ҮШІН

Ұлы Абайдың сөзін өзімше осылай бұрып алғаныма кешірім өтінемін, бірақ, 31-ші тамыз күнгі «Ленин туында» газетке жазылу жарияланғаны туралы оқып, бұрынғы жылдардағыдай емес, ұзақ ойланып қалдым. Себебі де түсінікті шығар: мен – пенсионермін, азын-аулақ ақшаның елеулі бөлігі газетке жазылу үшін кетеді екен. Біреулер үшін күлкі де шығар, бірақ, турасын айтайын, қабырғаммен кеңестім. Қуантқаны, жолдасым бірден газетке жазылу керектігін айтты. Сонда біз неліктен «Ленин туына» жазылмақшымыз?

Газетке жыл сайын жазыламыз, әйтсе де биылғы жазылмақ болғанымыз қарттардың үйреншікті нәрседен бас тартқысы келмейтін қиқарлығы емес. Турасын айтайын, әр нөмірін қолыма алған сайын, мақалаларды сын көзбен сүзе оқимын. әр саны әртүрлі шығады – ұнамдысы да, көңілге қонбайтын сәті де болады. Әйтсе де алғашқысы – көбірек.

Мысалы, қазір партияға, ССРО Қарулы Күштеріне түрлі саяси ағымдарға жататын адамдардың теріс көзқарасы күн санап күшейе түсуде. Сталиндік заманнан бері қалыптасқан кемшіліктер бола қалса, шелек жалағандарды тұтып үйренген емеспіз бе, бірден кінәлілердің қатарына, басқасын былай қойып, өз парызын адал орындағандарды қоя бастаймыз. «Ленин туы» мұндай көзқарастарға өзінің салиқалы позициясын қарсы қоя біледі. Шынында да, соғыс нәтижелеріне күмән білдірушілер неге сол қырғында өмірін қиғандарды кінәлайды? Ардагерлер солақай саясаттан ең көп жапа шеккендер емес пе? – міне, нағыз мықты газеттің позициясы!

Бұл тойтарыс десек, партияға қатысты мәселелерде шынайы демократиялық принциптерге адалдық танытады. Әрине, қазір партиядан шығып жатқандарға газет бетінен сөз бермеуге де болар еді. Бірақ адам ауыр шешімге неге барды, партияның қандай шешімдерімен келіспейді? – Осыларды біліп, болашақта оларға жол бермеу қажет емес пе? Ендеше «Ленин туы» екі жақтың да ұстанған позицияларын беру арқылы өзінің шеберлігін танытады.

Қорыта айтқанда, кейбір сандарында қынжылтарлық қателер кездесіп қалатындығын ысырып қойғанда, газет өзінің міндеттерін жоғары деңгейде орындайды деп есептеймін. Газетке жазылуға итермелеген де осы.

1/т – 4.09.90ж.



Қайырбек Сыздықов
зайыбы Мукарамамен



Қайырбек Сыздықов



Қайырбек Сыздықов балалары мен
немерелерінің арасында



Қожа Сибанов



Руслан Сыздықов



Қожа Сибанов зайыбы Сақышпен



Қожа Сибанов балаларының ортасында



Айтуар ауылының кісілері. Ауылдың 60-жылдық тойында.



Игібай Әлібаев



Абай Шабанаев



1965ж. Целиноград қаласында болған өлке
әдебиетшілерінің тұңғыш слетінде



Жалбыр Әлібаев жолдастарымен



Серікбай Мырзатаев зайыбы
Айнаш, немересі Мұхаметпен



Бостандық Исатаев



Қайролла Шоқанов пен зайыбы Шәмшия
ағайын-туыстарының арасында



Солдан оңға қарай: Серікбай, Сәуле,
Сәлима, Тілеуке, келіні Айнашпен



Мұхаметжан мен Таласбай Нұрпейісовтер



Қоспан Бакенов



Шери Бакенов



Шегір Бакенов
1968ж. “Қыз Жібек” киносына
түскен кезіндегі сурет



Солдан оңға қарай: Әзира, Райгүл, Шынарбек



1-ші қатарда: Сапар, Орал, Түліяр

2-ші қатарда: Күлжиян, Баян

3-ші қатарда: Әнуэр, Ақбөпе, Әнуэрбек



Қабиден Шаймерденов



Ілияс Шаймерденов



Солдан оңға қарай: Найля, Әділет, Райхан,
Жабай, Өмірбек



Шаншар Жекеев



Садикан Қазбаев



Жұмағали (Дайыр) Қалиев



Ерғали Саурбаев



Солдан оңға қарай: Ербағыт, Ерболат, Марат,
Сауат зайыбы Қарлығашпен



Ғаббас Теңізов зайыбы Бөпіш
немерелерімен



Ебіней Теңізов санаторийде



Ебіней Теңізov



Теңіз келіні Бижамал

ӨСКЕН ЕЛДІҢ ӨМІРІ

Айтуар ауылының қауымы өздерінің отырықшылыққа айналып, коллективтік шаруашылық құрғанына алпыс жыл толуына байланысты мерекесін өткізді.

Айтуар деген ат қай уақытта берілді деген сауалға келсек, ол - 1929 жылдан басталады. Таз-керей аталған 6-7 ұсақ ауылдар алдымен «екі шоқ әртелі» соңынан 1929 жылы Айтуар колхоз болып ұйымдасқан. Осы ұсақ ауылдар Совет үкіметі орнағаннан кейін де 1929 жылға дейін көшпелі ауылдардың қатарында болды. Қыс болса әр ағаштың бауырында қара құрдың ұясындай жер кепелерде тұратын. Жаз болса жайлауға көшіп, малдарын өсіріп, қыстың ысқырып келер қыспағына дайындалатын. Ол кездегі жайлаулар Айтуар көлі, Ортакөл, Төлеген көлдері болушы еді. Осылай өмір сүрсе де халық өз салтын сақтап, өнер-білімге құмар еді. Кәрі-жас демей той-томалағын шама-шарқынша өткізіп, айт-наурыз сияқты мерекелерін тамашалайтын.

Осы Таз-Керейге жататын ұсақ-ұсақ ауылдан талай-талай өнерпаздар шыққан еді. Олардың ішінде әнші-домбырашы, саятшылар мен құсбегілер, балғашылар мен балташылар, зергерлер мен өрімшілер, өз өнерлерімен көрші елдерге өнеге көрсетті. Былайынан айтқанда ел-елге тараған нақыл сөз «таздың ең жаманы жата қалып ат үркітеді» дегені. Таз-Керей азаматтардың өнерлілігіне ризалықтан туған болу керек.

«Қызыл керуендер» мен «Қызыл отаулардан» білімнің алғашқы тамшысынан сусын алған Айтуар ауылының көптеген азаматтары соңынан басқа оқу орындарын бітіріп, Совет партия салаларында қызмет атқарып, жауыннан кейін дүрілдеп өсетін өсімдіктей, қазақ халқының тез арада жаңа саясатты түсініп, өздерінен ертерек сауаттанған басқа ұлттардың

үздіктерінің қатарына жетуіне көптен-көп еңбек сіңірген. Айтуар ауылы бір кездері «Қызыл әскер» ауданына қараған. Оның орталығы осы күнгі Бескөл ауданының территориясында орналасқан «Өрнек» ауылы болушы еді. Осыдан кейін Майбалық көлінің жағасына қоныс салған «Төңкеріс» ауданына қарасты болды. «Төңкеріс ауданы» тарағаннан кейін, Преснов ауданына қараған Айтуар ауылы қазір Жамбыл ауданына кіреді. Солардың ішінде Қаппас Токин, Қаппас Теңізov, Жүсіп Токин, Ілияс Қожамберлин, Қаппас, Ілияс Шаймерденовтер, Еркін Бекпасов, Жүніс Ахметжанов, Сүлеймен Бағаналин, Сыздық Сағындықов, Таласпай Нүрпейісов, Шаймұқан Қасымов, Игібай Әлібаев тағы да бірнеше ағайын-туыстар болды.

«Қызыл Отауда» комсомол ұйымдарында Советтік шаруашылық орындарда апаларымыз Бибізара Сыздыққызы Исакова, Феризат, Шахерезада Қалиқыздары Қожамбердиналар қызмет атқарды. Коллективтік шаруашылық кезеңінде, кейінде Ұлы Отан соғысы уақытымен соғыстан күйзелген шаруашылықты көтеру тұсында атағы шыққан Қаппасова Рабиға жеңгеміз жемісті еңбегі үшін Отанымыздың жоғары наградасы Ленин орденімен, ал 1945 жылы «Құрмет белгісі» ордендерімен наградталды.

Тағы бір көпшілікке мәлім емес уақиға Кемпірмолла Есіркепов атамyz туралы уақиғаның анық-танығына дәлелді документтеріміз болмаса да, дүниеден өткен үлкендердің айтуы бойынша Кемпірмолла Ленинмен бірге Қазан университетінде оқыпты. Революционер студенттерді оқудан шығарғанда Кемпірмолла да оқудан қуылып елге келген. Ол кезде орыс тілінен хабары бар менің әкем Сыздық Сағындықұлы Кемпірмоллаға сәлем беруге

барса, ол кісі кітап оқып отырады. Әуелде құран оқып отыр екен деп ойлаған әкем зер салып қараса, Кемпірмолланың оқып отырғаны А.С.Пушкиннің өлеңдері екен. Өмір бойы ел әкімдерімен, бай-молдалармен сөзі келіспей өткен Кемпірмолланың өмірге көзқарасы, саяси санасы коммунистік идеяда болғаны мүмкін деген ой келеді.

Байларды алғашқы конфискулеу 1928 жылы болған. Одан кейін 1929-1930 жылдары кейбір орта шаруа деген адамдар да байлар қатарына іліккен. Сол конфискуленген байларды осы күнгі көзқараспен өлшеп көрсек, солар бай қатарына жататын адамдар емес, тек бақастықтың балалап, күндестіктің қаншық итше күшіктеген кезіндегі «атыпкел», «шауыпкел», «жырық етек», «тікаяк» болмашы шолақ белсенділердің пиғылымен бай қатарына іліккендер.

Мысал үшін – бай қатарына іліккен Қорғамбайдың Ахметінің байлығы сол – ол өз қойларын өзі баққан, тәуір ағаш үйі де болмаған адам. Азамат соғысы кезінде, кейін қашқан Колчактың жендеттері осы күнгі Амангелді ауылымен Айтуар ауылының арасындағы «Түзкөмген» шілігінің арасында қой жәйіп тұрған Ахметтен: «Ахмет байдың ауылы қайда?» деп сұрапты. Ал Тәйкөттің Сүлейменін алсақ, Колчак армиясының акбандыларының біразында жатқан адам. Міне конфискуге іліккен байларымыздың түрі осындай.

Қазақстанда болған көп басшылардың бірі Голощекиннің бүйректен сирақ шығарған тұсында, асыра сілтеушіліктің әсерімен жәй орта шаруалар байлар қатарына ілегіп, бір жерге жиналған. Ол жер бай қаласы атанған, осы күнгі «Жамбыл» совхозы территориясындағы ешбір құрылысы жоқ ағаштың бауыры болыпты. Сол жерден қашуға шамалары келмегендер ауруға шалдығып, аштан өлген.

Сол жылдары конфискаға іліккен Таңаттың

Байғожасының мал-мүлкін төмен кестің, ағайының Басшығұлдың Әубәкірі мен Рахымжанның Кәмбетіне қашып кетулеріне ақыл бердің деген жала жабылып, менің әкемді бір жылға соттады. Әйтсе де әділдік жеңіп, әкем үш айдан кейін босап шықты.

1931-1932 жылдары жаппай аштыққа ұшыраған халық күйзеліске түсіп, Айтуар колхозының көптеген мүшелері Россия қалаларына қашуға мәжбүр болды.

1933 жылдың басында ашыққан халықтарға басқа республикадан астық жіберіліп, соның ішінде жүгері халыққа берілді. Өмірі қоректікке тамақ қылып көрмеген Айтуарлықтар жүгеріні қалай жеуін де білмеуші еді. Қол диірменге үгейін десе диірменнің үстін көтеріп кетеді, табаға салып қуырайын десең табадан секіреді. Халықтың аштықтан есін жия бастағаны 1933 жылдың аяғы болды.

Ежов пен Берияның тырнақ астынан кір іздеген зұлымдықтары да жәй өткен жоқ. Сүлеймен Бағаналин ағамыз халық жауы делінді. Кешегі қанды соғыс майдандарында қандарын төккен Сүлейменнің інісі Төлеген Байғабылов пен Тлеуке Мырзатаев пленде болды деп бірнеше жыл қуғында болды.

Айтуар колхозының аштықтан кейін өркендеу кезеңінде көптеген ауыл азаматтары ауыл шаруашылық техникаларын меңгеріп, егіс көлемі үлкейіп, мал басы өсіп еді. Сол техниканы меңгерген алғашқы қарлығаштар қатарында Баймұрат Боқышев, Кәкен Кәсенов, Шақпақ Байпақовпен Рахима Сибанқызы болып, тың жерлерді игерді.

Ұлы Отан соғысы басталысымен Айтуар колхозының азаматтары майданға сұранушылардың бірінші қатарында болып, 80-ге жуық ерлер әскер қатарына-алынды. Сол соғысқа аттанған азаматтардың 40-қа жақыны атамекенімізді қорғауда Отанымыздың азаматтығы үшін ержүректік ерлікпен қаза тапты.

Ұлы Жеңіске жетіп, майдангерлер қатарынан босанып елге оралған ардагерлердің ішінде Қожа Сибанов, Бейсен Қасенов, Қайынбай Тастеміров, Төлеген Байғабылов, Зікірия Оразалин, Бәкен Қасенов, Байкенже Теңізov, Жанғали Нұрмазанов, Игібай Әлібаев, Қаппас Шәймерденов тағы басқалары ел мақтанышы болып саналады. Сөйте тұрсақ та соғыста қаза тапқан бауырларымыздың аңыраған аналарының, зарлаған жарларының үні құлақтан кетіп, естен шығар емес.

Соғыстың ауыр жылдарында елде болып аштық-жалаңаштыққа қарамай майданға не керектің бәрін дайындауда маңдай терін ағызып жұмыс істеп, ерлікпен қамқорлық көрсетпеген жан жоқ. Солардың ішінде Мақыш Имакова, Көкеш Теңізова, Торғай Қалиева, Кәмәл Абдрахманова, Бағила Мырзатаева, Зүбира Елембаева, Тастемір Шонаев, Шабанай Исатаев, Қанатбай Тоқышев, Абдрахман Айгонов тағы басқа көптеген қариялар бар.

Бүгінгі жағдайға келсек, Киров совхозының бөлімшесінің бірі- Айтуар ауылы құтты мекенге айналды. Баяғы шым кепелердің бірі жоқ. Ауыл көркі – айшықты ақ шаңқан үйлер, жайқалған жасыл желек. Ата-бабамыздың түсіне кірмеген көгілдір экран әр үйдің төрінде сәуле төгіп, радио саңкылдайды. Ауылдағы әрбір екінші үйінде жеңіл машина мен мотоцикл.

Дәулет пен Сәулет жарасымды үйлесімдік тауып, ауыл жастары раушан гүлдей көз тартады. Бұрынғы еңбек қатарында болған адамдар құрметті демалыста.

Айтуар колхозы болып отау тіккенде колхозда 3 трактор, 150 гектар егістік, 60 шамалы сауын сиыр болса, Айтуар бөлімшесінің жалпы жер көлемі 3200 гектар, оның 2500 гектарында дәнді дақылдар егіліп орылады. 800 қара мал, 300 сауын сиыр, әртүрлі шаруашылыққа керек техниканың барлығы жеткілікті.

Соңғы жылдары еңбек ерлері болып атанып, награда алғандардың қатарында Қайролла Абдрахманов, Қошан Усенов, Қалиев әулеттерінен Қайыр, Қайырбек, Асқар Жекеев, Баянтай Мырзатаев, Артық Теңізov, Ешкен Ұлтаев, Еңбай Имаков, тағы басқалар болса, сауыншылар қатарында Шалабаева Сараны, Жекеева Күләшті, Қалиева Шолпанды атайды. Осы жылғы егіс көркі де тәуір болып, сүт тапсырудың жарты жылдық жоспары орындалып отыр.

Айтуардың 60 жылдық тойында болған ел азаматтары аудан және совхоз басшыларының қамқорлығына ризашылықтарын білдіре отырып, шаруашылық жоспарларын артығымен орындауына сенеді.

ҚАМҚОРЛЫҒЫ МОЛ ЕДІ

1934 жылдың қыркүйек айының орта шені. Сәбен бұрынғы Төңкеріс ауданының орталығы. — Майбалық ауылындағы біздің мектепке келіп, өлең-жыр, тақпақ айтатын мұғалімдер мен оқушыларды жинап, солармен әңгіме дүкен құрып, сол күні сауық-кеш өткізді. Жиналған мұғалімдер мен оқушылардың арасында математикадан сабақ берген, қазір жазушылар одағының мүшесі Сейтен Сауытбеков, халық ақыны Игібай Әлібаев, домбыра мен мондалинаға қосылып қазақша, татарша ән шырқайтын Әбілқасқ Қабылқасов, Кәләу Тайжанов, газетке өлеңдері шығып жүрген Уәйс Жақыпов, әнші оқушылар: Көкен Қопышев, Қабдол Бегеев, Қабдол Алпысов, Мүсіліма Байтасова, Саты Нұртазин есімде қалыпты. Ол кезде мен, әрине, Сәбеннің бұл әрекетіне мән бергенім жоқ. Бертін есейе келе түсіндім: мұның барлығы халық өнеріне деген қамқорлық екен. Сәбеннің Иекеннің өнерінің жоғары екеніне көзі жетіп, қамқорлық жабауымен сол

ағамыздың орындауында Үкілі Ыбырайдың, Балуан Шолақтың, Біржанның, Ақан серінің, тағы басқа да халық әндері күйтабаққа жазылды. Иекеннің өлеңдер жинағы «Айтуар» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Сәбеңнің 60 жасқа толған тойында «Тойбастар» орындағанда Иекен тапқырлығымен, асқақ ән әуенімен Алматыдан келген ақындар мен белгілі әншілерді де таң қалдырған еді.

Иекеннің ізін баса шыққан, шәкірті, ағайындас інісі, Айтуар ауылының тумасы Ілияс Шәймерденов те Сәбеңнің қамқорлығын көп көрді. Қазақтың академиялық филармониясында атақты әнші-солистердің бірі болған Ілияс Сәбеңнің тікелей қатысуымен 1936 жылы ең бірінші болып күйтабаққа Сегіз серінің «Қарғаш», Мәдидің «Қара кесек», Мұхиттің «Айнамкөз» әндерін жаздырған (бұл күйтабақ менде әлі сақтаулы).

Бұл айтылған әндерді Ілекең қазақтың халық аспаптары оркестірін академик-композитор Ахмет Жұбанов басқарып жүргенде, сол оркестірдін сүйемелдеуімен орындаған. Ілиястың әншілік орындау шеберлігі, оның даусының ерекшелігі Ақанның «Замана бұлбұлдары» кітабында айрықша суреттелген.

Үкілі Ыбырайға жасалған қамқорлық ше? Оның әйгілі әндері әсіресе, атақты «Гәккуі» кеңінен тараса да, автор аталмайтын. Өйткені Ыбыкең «халық жауы» болып сотталған. Міне, осыған қарамай Үкілі Ыбырайды ақтауға көп еңбек сіңіріп, оның шығармаларын халық арасында кеңінен насихаттауда белсене қатысты.

1950 жылдың мамыр айы. Қиыр Шығыстан Түркістан әскери округіне ауысып, жол-жөнекей Алматыға соқтым. Алматыда Евней Букетовтың үйіне түскен едім. Сол кезде Евней Тау-кен институтының ақырғы курсында оқып жүрген. Әңгімелесіп отырып

Сәбеңнің 50 жасқа толуы мен 30 жылдық жазушылық еңбегін астана жұртшылығы зор құрметпен өткізгенін білдім. Мұны естігеннен кейін мен Евнейді ертіп Сәбең үйіне бардым. Сәбеңе сәлем беріп, шын ниетіммен, маңызды мерейтойымен құттықтадым. Сәбең руымды, туған ауылымды сұрай келе:

- Ой, сен Сағындықтың Сыздығының баласы екенсің ғой. Әке-шешен аман ба? Әкең қадірлі ағаның бірі еді, дені сау ма, қызмет істей ме? Игібай аға аман ба?- деп менің үрім-бұтағымды алақаныма жайып салды. Сәбеңнің әңгімесі жаңа ғана бастала бергенде, қазақтың академиялық драма театрының қызметкерлері келіп құттықтау хатымен бірге «Сәбит Мұқановқа» деген жазуы бар домбыраны сыйға тартты. Сәбең рахметін айтып, ризалығын білдіре отырып, домбыраны олай бұлай көрді де, сұңқылдатып тарта жөнелді.

- Сәбе, бұл тартқаныңыз қандай тартыс? – деген сауалға «бұл терісқақпай» деп жауап берген Сәбең бет әлпеті тұнжырап, ренжігендей кейіс көрсетті. Соның артынан лезде жарқырап:

- Әй, жігіттер, сендер мені білесіңдер ме? Мені кім деп жүрсіңдер, мен кезінде ән де айтқам. Менің айтуымша кәдімгі Александр Затаевич бірнеше әндерді нотаға түсіріп алды. Ал енді Манарбек Ержановтың атақты «Паравоз» әні «осындай бір халық әні болушы еді» деп менің ыңылдауымнан туған», деп күлген еді. Бертін келе А.Затаевичтің «Қазақ халқының мың әні» атты кітабы шыққанда түсірілген ноталарды қарап отырсам, Сәбеңнің айтуымен он бір ән жазылыпты. Сол әндердің ішінде «Қос алма», «Мақпал», «Қара торғай», «Ғалия», «Тайжанның әні», «Танай-ай», «Гәләлім адалым», «Ия-ия» әндерімен қатар, «Мұң», «Жоқтау», «Құдалық» сияқты ата дәстүріңе жататын ән-жырдың түрлерін де жаздырған екен.

Сол «Қазақ халқының мың әні» кітабында

Сәбеңнің А.Затаевич нотаға түсірген 5-6 ән-күйлері бар екен. Олар: «Күн мен ай», «Шәшсипар», «Толғау», «Сәуітбектің зары» және «Терісқақпай», «Токта» деген тартыстар. Әрине, Сәбеңнің тартқан «Терісқақпайы» ғой. Сәкеннің «Терісқақпайы» болмаса, Сәбең бұл тартыстың авторын айтар еді де, бетінен реніш кейістігін көрсетпес еді. Бәрімізге белгілі, ол кезде «халық жауы» болып кеткен Сәкеннің атын атау айыпты болып шыға келу болатын.

1975 жылы наурыз айында Игібай Әлібаевтың үйінде болғанымда драма театрының қызметкерлері Сәбитке сыйға тарқан домбыра кездесе кетті. Мен отырып: «Япырай, осы домбыраны мен Сәбеңнің үйінде 1950 жылы көрген сияқтымын» дегенде Иекең: «Дұрыс айтасың. Сәбит өзінің 60 жасқа толары алдында маған сыйлап еді. Бұл домбырамен Москваның үлкен сахнасында да саңқылдатқам», - деп Кәуһар жеңгемізге шекесінен бір қараған еді. Сол домбыра Иекеңнің ұлы Жалбырдың үйінде осы күнге дейін асыл мұра ретінде ұқыпты сақтаулы.

1966 жылдың шілде айы. Ол жылдары мен Қостанай облысының Боровский ауданының әскери комиссары едім. Облыстық партия комитетінің ұйғаруы бойынша аудандық атқару комитетінің төрағасы Төленді Оразбаев, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Айтмағанбет Меңдекенов үшеуіміз Сәбең ел аралағанда бірге болдық. Сол аудандағы Ломоносов атындағы совхоздың тумасы – ақын Қасым Тоғұзақов әкесінің үйінде Сәбеңнің келуін күтіп жатыр екен.

Қасым Тоғұзақовтың үйіне барғанда Сәбең ауыл ақсақалдарымен, Тоғұзақовтың әкесімен көп әңгімелесіп, «Ботагөз» романындағы Итбай болыстың прототипі болған Сайын болыстың жайлауын тамашалаған еді.

Сәбит туған аудан Жамбыл есімімен аталады.

Республикамызда Жамбыл атындағы облыс, аудан, қала, көшелер ондап-жүздеп кездеседі. Сондықтан Сәбеңнің атын ауданымызға берсе, мәселе дұрыс шешілді дер едік және бұған Жәкеннің аруағы да риза болар еді. Өйткені жыр алыбының Сәбеңе деген ықылас- ниетін оқып, естіп жүрміз ғой.

АҢСАРЫМ СЕН

Сөзі мен әнін жазған Қайырбек Сыздықов

Мейлі өмір мың сұлуға жолықтырсын,
Уылжып толған айдай толып тұрсын.
Көңілім сені сәулем армандайды,
Аңсарым өзің ғана болып тұрсың.

Райыңнан сен қайтпасаң мен берікпін
Асылға бір өзінді теңгеріппін.
Мен үшін сүйген сәулем сенен асқан
Адам жоқ бұл өмірде ең көрікті.

ТУҒАНЫНАН БЕЗГЕН ӘКЕ

Алматыға самолетпен ұшатын жолаушылар тіркелуге тұрғанымызда, алдымда тұрған азамат паспортының орнына сенім куәлігін ұсынды. Аты-жөні Қайыргелді Сандықов екен. Самолетке отырған соң «сіз офицер көрінесіз, қай жерде оқып, қай майданында болдыңыз, жол қысқарсын әңгіме айта отырыңыз» дегенімде. «Мен Амур өзенінің жағасындағы Комсомольск қаласында жаяу әскери училищесінде оқыдым. 1942 жылы ақпан айының бас кезінде 20-25 жастағы жас командир-лейтенанттарды сол кездегі

Қиыр Шығыс майданының қолбасшысы, армия генералы Афанасенко қабылдап, Ұлы Жеңіске тезірек жетуге тілектестігін білдіргені әлі есімде» - деп бастады сөзін Қайыргелді Сандықов. Жол серігім әңгімені майын тамыза айтады екен.

-Есімнен осы күнге дейін шықпай жүргені соғыста елдің бір азаматын кездестірдім. Осы күні фамилиясы жадымда жоқ, аты Тікбас еді. Туған жері «Алға ұмтыл» колхозы болатын, -деп сапарласым Қайыргелді ұзын-сонар әңгімеге кірісті.

Қайыргелді кездестірген Тікбас деген адам маған да өте таныс еді. Ол оқ пен снаряд тасып, жаумен ұрыста минаның жарықшақтары белінен, жамбасынан жаралап, ми батпаққа тұншығып, өлім халінде жатқанда, лейтенант Василий көріп, құрғақтау жерге көтеріп әкеп, жатқыза бергенде, оның өзі оққа ұшады. Тұруға шамасы болмай, бір тәулік бойы шала жансар жатқан Тікбасты санитарлар көріп, медсанбатқа жеткізеді. Одан Калинин қаласындағы әскери госпитальде бір айдай жатып, Свердлов қаласына жіберіледі. Осы госпитальда 8 ай емделіп, II топтағы мүгедек болып елге оралды. Елге келсе, мұнда да май шылқып тұрған жоқ екен. Ол қанша айтқанмен ер адам ғой. Денсаулығының нашарлығына қарамай, ел қатарлы еңбек етті.

1951 жылы құдай қосқан қосағы жүкті болып, көптен бері аңсап жүрген нәрестесін көреді. Жүрегін алып-ұшқан сарғая күткен қуаныштың күшімен ауыл-үйді шақырып, ұлан-асыр той жасайды. Жиналған көпшілік нәрестенің атын Аймангүл қояды. Ол гүлдей өсіп, шешек жарып, жарқыраған кезінде, көрші Күнтуар ауылының Кеңесхан атты жастың көзіне түсіп бара-бара махаббаттары жарасып, үлкендері құйрық-бауыр жесіп, құда болады. Қыз ұзату оңай дейсің бе, барлы-жоғын жинап, ойын-тойын өткізіп беріп, Күнтуар ауылымен

құдандалы болып масайрап жүргенде, отыз жыл отасқан жұбайы кенеттен қайтыс болып, сол қайғыдан көп уақыт ауырып, көрші Гауһар замандасының көмегімен бас көтеріп, өз күнін өзі көре бастайды. Өмір бойы көрген бейнет, соғыста алған жара, жұбайының жұбатылмаған қайғысы деңсаулығын төмендетіп, жалғыз өмір сүруіне мүмкіндік болмайды. Барар жер, басар тау жоқ халге жеткенде, құдайы көршісі, сыйлас жеңгесі асыл жанды Гауһар:- Сен қайным, бүйтіп қорлық, көрме, қазақшылықты қой, күйеу балаң жақсы жігіт көрінеді ғой. Аймангүлінің қолына бар - деген ақыл айтады.

Жоқшылықтың шоғына күйген, қартайғанда жалғыздығы басына шоқпар боп тиген Тікбас қазақтың былық-шылығын жауып қойып, ұятты белге түйіп, жалғыз сиырын жетектеп, амалсыздан күйеу баласының үйіне келеді. Күйеу баласы атасының келгеніне қуанғанымен қызы Аймангүл:

- Мына сиырың не, қайда бара жатырсың? – деп оң қабағын бермейді. Көңіліне секем алған Тікбас:

- Қарағым-ай, сүрініп қабынып жүрген мені қайда барады дейсің, сендерге келдім. Келмес жолға өздерің шығарып саларсыңдар, - деп кемсендеп жылап жібереді.

- Ой, ата, мұныңыз не? Үй жетеді. Мен де әкешеге жарып жүргендердің бірі емеспін ғой үйге кіріңіз, - деп күйеу баласы сиырдың бас жібін ұстап, қораға қарай жылжи береді. Ал, Аймангүл қабағын бермеген күйі үйге кіріп жоқ болады. Кеңесхан сиырды қораға енгізіп, аулаға шықса, атасы есік алдында әлі шошайып тұр екен. Мені күтіп тұр ғой деген оймен қолтықтай үйге кіргізеді.

Мұндай да безүйрек адам болады екен. Іздеп келген туған қызы – Аймангүл қабағы бір жібіп, жылы

ықыласпен, ыстық жүрегімен лебіз шығарып, шәйін жөндеп бермей бір айдай жүреді. Сол жылы жаз ыстық, жауынсыз, қыс қатты тарығады.

Бір күні Аймангүл:

- Үйде жемшөптің жоғын көріп отырсың. Сорпалық ет те жоқ. Біздің мал арық ана сенің қызыл сиырыңды соямыз, - деп Голощекин тұсындағы қаһарын тіккен соттай үзілді-кесілді үкімін айтады.

- Е, шырағым-ай, сойсандар сойындар. Несіне аяйын, мен оны ана дүниеге алып кетпеймін бәрімізге де нәсіп болсын, - дейді. Сөйтіп жүргенде соғыста алған жаралардың әсері ме, әлде жаңа жабысқан кесел ме, бұрынғы қайғы-қасіреті аздай Тікбастың кіші дәреті тоқтамайтын халге душар болады. Үйден таңсәріден шығып кеткен Аймангүл көршілес замандастарының үйінен ішіп келген бе, әйтеуір үйге кіре салысымен іш киімін жуып жатқан әкесіне дүрсе қоя береді. Екі белін таянып, төбелеске шығатындай екіленіп:

- Мен енді сенің бок-сідігіңді тазалай алмаймын, сені кубас қылып жаратқан құдайдан көр. Шешемнің басын жұтқан да сен. Отырған жеріне ешкім бармайды, қайда барсаң сонда бар, үйді босат, - деп аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығады.

- Қарағым-ай, маған қайда бар дейсің, ауруды мен құдайдан сұрағам жоқ, сатып алғаным жоқ кәрі қойдың жасындай ғана жасым қалды, қанша жүрер дейсің, аз-маз шыдай тұр, - десе:

- Қайда барғаны несі?! Бар анау Смирновтағы кәрілердің үйіне. Бәрі жақсы дейді, таза төсек, дәмді тамақ. Бәрі де өзің сияқтылар, мүмкін кемпір-семпір де кездесер, - деп Аймангүл кекете сөйлейді

Күні бойы дәм татпай, төсегіне құлаған Тікбас көрер таңды ұйқысыз атырып, тұра сала ол-пұлын алып, далаға шығады. Бұл қаңтардың қақап тұрған бір күні еді. Соған қарамай «жақсы ит те өлімтігін көрсетпейді

ғой, ит құрлы жоқпын ба» деген оймен «Алға ұмтыл» қайдасың деп аяндай жөнеледі. Алдынан соққан қарлы боран жолды алып қалған. Сонда да кеудеден соққан жүрек, удай жеген ашулы ой алға қарай ілбіте береді. Осы біраз жер жүрген шығармын деп артына қарап еді. Күнтуар ауылы әлі көрініп тұр. Не алда – не артта ешкім көрінбейді. Сүріне-қабына алға ұмтылады. Жүректегі қайғы-шер қанша қысса да, ащы ашу бойын буса да, өлім отынан аман шығып, көп күтіп аңсап көрген жалғыз Аймангүлдің қылқындырған қыл шылбырдай қылығы қанша қорлап, зығырданын қайнатса да оны қарғамады. Тек алға қарай жылжи берді, жылжи берді. Жүріп келе жатып қалғып кеткен бе, сүрініп барып ұшып түсті. Тұруға шама болмай, сүрінген жерінде қисайып отырды. Көзі ілініп, түс көрді. Түсінде баяғы жас кезі. «Алға ұмтыл» сөвхозының жүйрік көкбестісіне мініп, ағызып келе жатыр екен. Анадайдан көрінген тал шыбықтай сымбатты, ұзын желбіреуікті ақ көйлек киген, қою қалың шашты, қарлығаштың қанатындай қиғаш қасты, аққұба бір сұлу қыз қолын бұлғап тұр екен. Жақындаған сайын сұлу қыздың бейнесі өзгере-өзгере өзінің отыз жыл отасқан жұбайына айналады. Сен қайдан шапқылап жүрсің, мені ұмыттың ғой, қайран жан серігім-ай, - дейді ол. Бұл аттан түсіп, қолын созғанда, аяғы тайып құлап кетті. Ояна келсе манағы отырған-жерден бір қадамдай жерде жатыр. Тұрайын десе сауыс-сауыс болған шалбары қатын қалыпты. Әрең дегенде төрттағандай барып тұрды ау.

Таңсәріден шыққан Тікбас 7-8 шақырым «Алға ұмтылға» қас қарая жетіп, жеңгесі Гауһардың үйінің есігіне кіре бере етпетінен құлады. Шошып кеткен Балшынар шегіне беріп, етегіне сүрініп тұра алмай жатқан еңбесіне соқтысты.

- Немене, есің шыққаннан сауымысың, аю келді деп пе едің, - деп келініне ренжіген Гауһар «ойбай,

мынау Тікбас қой, ойбай сорлы ай, ойбай сорлы-ай» – деп Тікбасты тұрғызып, қолтығынан сүйемелдеп, төргі үйге енгізіп, ұзын шұбалама пештің жанына отырғызды да, шешіндіре бастады. Кәрі қайнысын шомылдырып, көйлек – дамбал кигізіп, төсегін салып беріп, «шай қайнағанша жата тұр» деп ауыз үйге шығып кетті. «Мына киімдерді отқа жағып жібер», - деп келіні Балшынарға ұсынып еді, киімнен жиіркенген келіні:

- Апа, мынаған өзің тасташы, - деп үлкен пештің қақпағын ашты.

- Ай шырағым-ай, Балым-ай, тасбауыр болма, иманды, ишаратты болсаң, Алла кем қылмайды, сауабы болады. Бұл да жігіт болған. Қандай жігіт десейші! Топырағы торқа болғыр келіншегін қандай сыйлаушы еді. Тұмсықтыға шоқытпай, тырнақтыға тырнатпаған азамат еді. Енді мынау, «ат арыса – тулак, ер арыса – аруақ». Екі аршын жерді алып, 4-5 шынаяк шай ішсе бізге кесірі тимес. Қайғылы – қасіретті бейбақ қой. Анау сайқал қызы дәуде болса «өзі болған қыз, төркінін танымайтынын» керін қылған ғой. Жасынан тасбауыр неме еді. «Бір күн тұзын татқанға қырық күн сәлем» деуші еді. «Қой, шайын берейін» деп, Гауһар бәйбіше төр үйге кетті.

Ертеңінде Тікбас орнынан түске дейін тұрмады. Бұл байғұс аман ба екен деп жанына барған Гауһар жеңгесіне «мені тағы құдай ұрды сайтан саралап кетті. Кешіре гөр. Мына ақшаны ал да маған дүкеннен киім кешек, шалбар әкел, - деп орамалға ораған ақшаны ұсына берді. Гауһар жеңгесі жас баладай ұшып дүкенге барып, керегін әкеп берді. Кәші пісіріп беріп, күтімге алған жеңгесі қалған мың сомға жуық ақшаны ұсынып еді сенде болсын деп алмады.

Гауһар бәйбіше ауыз үйде тағы да Балшынармен ақылдасып еді, әуелде келіні қарсы болса да, соңынан сорлы шалдың ауыр халін түсініп «жәрәйді, апа, тұра

берсін», деді. Осыдан бастап Балшынар Тікбас атасынан көмегін аямады.

Айдан артық уақыт іздемеген туған қызы – Аймангүлдің әкесінің өлі-тірісі ойына да келмеген еді. Еті тірі, ар ұяты бар Кеңесхан атасын іздеп барғанда, «саған қояр кінәм жоқ, рахмет» деп ермей қалды.

Аурудың әл берместей меңдеп бара жатқанын сезіп жеңгесін шақырып алып, «маған ренжіме, құдай тілеуінді берсін, келінжанның жарығы жансын. Мен олай-бұлай болсам, кемпірімнің қасына қойыңдар» деп кемсендеп, жатып қалды.

Ертеңіне жұма күні сәске кезінде жан тапсырды. Сонымен иманды ишараттары бар айдаладағы біреулер ақырғы деміне дейін күткен кешегі майдангер есіл ер, еңбек ардагерінің бірі қайтпас сапарға жол шекті.

- Алла бишара-ай, жаны жай тапқан екен, жатқан жері торқа болсын, әйтеуір. Жұбайының жанына барған екен, - деп сапарласым Қайыргелді бетін сипады.

21.05. 1991

ТОҚСАНДАҒЫ ТАРЛАНБОЗ

Көпті көрген көнекөз қарт болса, өнеге естіп, кеңес алмаққа қай есті азамат ынтықпас? Басына сәлде салып, имандылық пен парасатқа, инабаттылыққа уағыздаған жанды қазір жатырқамаймыз, жақын тартамыз ғой. Осындай адам – Қызылжар мешітінің имамы Қабдөш Айсін.

Қабекен ғұмыры өз алдына бір кесек тарих, анық шежіре емес пе. Адамның ақыл–парасаты сөйлеген сөзінен–ақ аңғарылмай ма. Ал Қабекен, сөйлесе сөздің майын тамызатын шешен, тілдің жүйрігі. Оның үстіне өмірінің бір мысқалын жадынан шығармайтын зерделі зерек те.

Кешегі қилы–қилы замандарды көзбен көріп,

бастан өткізген адаммын. Голощекиннің ұзын құрығы қанша қазақты қырып салғанына куәгердің бірі де менмін. Айтып айтпай не керек, ел басында әңгір-таяк ойнатқандар ел мұңын елемей, халықты ішер ас, киер киімнен қасақана ада қылды ғой.

Қабекең әңгімесін шерте түседі. Ол 1925 жылы 29-шы қарашада өткен Қазақ Кеңес Республикасының бесжылдық тойына Қызыләскер болысынан делегат болып қатысқан екен. Бұдан соң Қызылжар уезінің еңбекшілер және қызыләскерлер депутаттарының алтыншы съезінің жұмысына да қатысқан. Мұндай алқалы жиындарға қатысқан адам зор әсер алады ғой. Қабекең де сөз сөйлеп, өзіндей адамдардың пікір-кеңестерін тыңдайды. Есімі елімізге мәлім қазақ ұлтының асқан зиялы азаматтарын көзбен көріп, тіпті кейбірімен тілдесіп, пікірлесіп те жүреді.

- Менің көрген, жүздескен, сөздерін тыңдаған асыл ерлерімнің көпшілігі нақақтан нақақ жабылған жаланың отына күйіп кеткендер. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Смағұл Сәдуақасов, Сәкен Сейфуллин, Нығымет Нұрмақов, Әбдірахман Байділдин, Жалау Мыңбаев, Мағжан Жұмабаев, Сейітқали Мендешов, Жұмағали Тілеулин, Жағыпар Назаров, Қайсар Тәштитов секілді ардақты азаматтар еді ғой.

1921 жылдан бастап ел ішінде қызыл отаулар ашылып, әйел теңдігі мәселесі қозғалғанда, сауатсыздықты жоюға бет қойылғанда ол күрестің ең ортасында болды. Шеткері тартқан емес. Шаруашылықты өркендету мәселесінен, тұрмысты түзеу ісінен де бойды аулақ салмады. Кооперативтер, мойынсеріктер құруды, ел қамын ойластырып, ортақ еңбекке жұмылдыруды көздеді. Қабдөш қарт қазіргі ұлттық ұмтылысымызды құптап, қазақ жастарына, азаматтарына, ел басшыларына үнемі

ақ бата бағыштап отырады. Осында «Ақ отау» орталығында болған аста ол келіндерге арнап бата берді.

Келіндер баянды болсын,
Ата-анаға аяулы болсын.
Жылы жүзді, жұмсақ сөзді болсын,
Жан-жақты жақсы болсын,
Айтқан ақылдан шықпайтын,
Үй-ішіне ынтымақты болсын!

Келешек ұрпақтарға баянды өмір берсін! – дейді абыз.

Бұл кісінің азан шақырып қойған аты Ғабдол-Ғани екен. Жасында Қабдөш деп атап кеткен. Содан кейбір құжаттарда солай жазылған. Туған жері қазіргі Совет ауданының «Ленин» совхозы, бұрынғы Айса молла ауылы.

Енді азырақ болса да Айса молла жайынан сөз қозғаған жөн. Сонда Қабекеннің өскен ортасы, өмірлік танымы аңғарылады. Айса молла – Қабдөштің атасы, аға сұлтан Шыңғыстың қарамағында дін жолын басқарыпты. 1886 жылы Айсекең қажылыққа барған екен. Сол сапарда қайтыс болады. Қажылыққа аттанарда Айсекең өз орнына өзі оқытқан он алты жасар баласы Хамзаны тағайындап жетеді. Кейіннен Хамза аға сұлтанның дін жолын басқарушысы болып сайланып, әке орнын әбден басады.

Атақты Ақан сері Айса молламен көңілдес, сыйлас болған екен. Ол Айса қайтыс болған соң Хамзаға көңіл айтып, Айсекеннің орнына алақан жайып, аят оқуға келеді. Сол қонақтап жатқанда мына жырды айтқан екен:

Кеше қажы ер өткен Айса молла,
Ондай ғауһар тұс болмас енді қолға.
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уаққа
Тұсында болған сабаз жұртқа тұлға.

Тақсырдың қажылығы қабыл болып,
Әжіріп әр ісінің берсін алла.
Орта жүз моллекеңнің білген атын,
Алланың танып өткен мағрифатын.
Көкшетау тұтас күнде он бес болыс,
Төрт момын тегіс көрген салтанатын.
Халқына ғылым, дәріс, жөн көрсетіп,
Еліне айтып өткен насихатын.
Тәңірім қалап бақ-дүкен құрған кісі,
Жасынан жұрт тізгінін бұрған кісі.
Алдында мүфти, қазірет он тоғызында
Сайланып ахуандыққа тұрған кісі.
Бақ қонған моллекеңнің аманында,
Бір кезде нұр айналды жамалына,
Атағы соларменен қатар шықты.
Әлібек, Мұса, Шыңғысхан заманында.
Кем емес бір кісіден берген бағы,
Астынан аумай өткен алтын тағы.
Тұлпардың ізі кетсе тұяғы бар
Артында Жұсып, Хамза шам-шырағы.
Бәйгені екі ұдайда алып кеткен
Дәуіттің әлі де болса тиянағы.
Құрметін, моллекеңнің жұртын сыйлап,
Орнына қайта айналды аруағы.

Қабекеннің әкесі жер аударылып, Қызылжарда дүние салады. Осыдан екі жыл өткен соң 1931 жылы молланың баласы деп Қабдөштің өзін де конфискеlep, Совет ауданының «Айбас» деген жерінде ашылған байлар қаласына әкеліп қамайды. 1932 жылы Қарағандыда айдауға бара жатқан жерінен Қабекен үйелменімен бірге Красноярскіге қашады. Сол кеткеннен 1940 жылы ғана оралған Қабекен жоғарыда аталған азаматтардың бәрінің де репрессияға ұшырағанын сонда барып біледі. Жасында әкесінен білім алған ол білімін толықтырып, мұғалім болып, одан

кейін ауылдық кеңестің қарыз-серік ұйымының төрағасы болып қызметтер атқарған екен. Соңғы кездері дінге қысымшылық тоқтап, рұхсат етілген кезде ол дін жолына ден қояды.

Қабекен – тамырын кең жайған үйелменнің басы. Бәйбішесі Нұрзипамен жарты ғасырдан артық отасқан. Кенже баласы Серкеш пен келіні Қалима осы жанұяның абыройын асыра түсуде. Қабекеннің тұнғышы Қазыбек Айсин математика ғылымының кандидаты, доцент. Алматыда қызметте.

Қабекеннің жасы тоқсанға келген, кәрі құлақ, көне көз қарт. Тұстастары аз, ізбасарлары көп, алдымыздағы абзал аға, абыз қартты баршамыз ардақ тұтып, қадірлейміз. Өмір жолы ғақлия өсиеттерге толы ағамыз, кәрі-жасымызға үлгі, ғибрат бола берсін дейміз.

07.12.1991ж

ЖАЙЛАУБАЙДЫҢ ЖУСАНЫ

1991 жылдың 30 карашасында «Ленин туы» газетінде Ғалым Қадыралиннің «Жайлаубай» атты деректі әңгімесі жарияланған еді. Бұл әңгімеде Жайлаубайдың қазаққа бала болып сіңсіп кеткендігі, мұсылман дінін қабылдап, молладан сабақ алуы, қазақ қызына үйленуі, шебер ұста болуы, сонымен қатар жақсы емші болғаны айтылады.

Мен Жакенді өмірімде екі рет көрдім. Сол кездескенде естіп-білгендерім жөнінде есімде қалғандарын көпшілік оқырмандарға жеткізбек ойым бар.

Жакенді бірінші көруім – 1938 жылдың қаңтар айы еді. Ол кезде мен бұрынғы Төңкеріс ауданының орталығы – Майбалық ауылындағы орта мектептің 9 класында оқушы едім. Каникулда үйге (бұрынғы

Марьевка селосы, Октябрь ауданы) келгенімде, әкешешем Ленин ауылында тұратын қарт жездеміз Өйтен мен апамыз Сағилаға сәлем беріп, амандықтарын біліп келуге жіберді.

Үйден түс ауа шықтым. Ленин ауылына қас қарая жеттім. Қантардың қақаған қаһарлы суығынан тоңған мен жылы үйге кіргенде, өз бетіммен шешінуге де шамам келмеді.

- Өй, мен сені сырғауылдай жігіт болған шығар десем, аузынан шөбі түскен, жыртық қорадағы суыққа тоңған қозыдай екенсің ғой, шәй ішіп жылын, сосын төр үйге барып үлкендерге сәлем бер, - деп жездеміз төргі бөлмеге кірді. Ас пісіріп, су қайнатып жатқан ауыз үй сондай ыссы екен, тез арада жылынып, өзіме өзім келе бастадым. Осы кезде қонаққа шақырылған екі азамат келіп, төргі бөлмеге кіре бергенде, мен де солардың соңынан еріп, үлкендерге сәлем бердім.

Төрдің орта тұсына келгенімде сом денелі, сары кісі басын жоғары көтеріп, қолын созып шалқая берді. Түрі орысқа ұқсаған соң мен «Здрасти» - деп, сәлем беріп едім, ол кісі өткір қой көзімен тесіле бір қарады да, үндемей қолымды алды. Отырған жұрттың бәріне сәлем беріп, босаға жақтағы бұрыштан орын алдым да, әлгі төрдегі кісіге ақырын ұрлана қарасам, басында қара елтіріден тіккен бөрік, үстіндегі киімі кәдімгі қазақ ақсақалдарының шапан шалбары. Өзі ат жакты, қалың қасты, қара сақалды, ұзын мұрын кісі екен. Әне-міне дегенше шай келді. Жұрт дөңгелек үстелге жайғасып, шәй іше бастады. Бір кезде: - Ау, Қантай, анау бұрыштағы бала жігіт кім баласы? –деді таза қазақ тілмен әлгі орысқа ұқсатқан қарасақалым.

- Ол бала мынау өзің білетін Марьевкедегі мал дайындау кәнтөрінің бастығы Сағындықтың Сыздығының баласы. Каникулге шыққан соң апасын сағынып келген ғой, барып жүргенде көрмеп пе едің? –

деп Қантай жездеміз мені таныстырып, атымның Қайырбек екенін айтты.

- Ие, Қайырбек, сен жаман кісінің баласы емес екенсің, - деп бастады Жәкең сөзін. - Әкең қалай саған үйретпеген, үлкендерге сәлем беру тәртібін? Үлкен кісілерге бір қолмен амандасуың қалай? Сосын әлгі маған айтқан «Здрасти» не? Өзінді 9 класта оқиды дейді, бұл не білгендігін, не көргендігін? – деп ашуланбаса да қабағын қатты түйе маған қарады. Мен болсам, үйдің жылылығы мен ыстық шәйдің қызуынан бетім қызарып маужырап отыр едім, мына орыс деген адамымның әлгі сөзінен кейін әбден терлеп-тепшіп, өзіме-өзім орын таба алмай жерге кірердей болдым. Әрі қарай не боларын кім білсін, егерде бұл жағдайдан жездеміз арашалап алмаса?

- Ой, Жәке-ай, ондай сөзді айтып қайтесіз, бұл бала біздің жасымызға жеткенше талай-талай сөздерді үйренетіне күмәнім жоқ. Одан да өзің бір жақсы әңгіме айт, - деп жездеміз сөзді Жәкеңнің өзіне тастады. Бұдан әрі сөз жалғасын – қарамай, қолайсыздау болып еді, мұны Жәкеңнің өзі түзеп жіберді. Ақсақалдар арасындағы өзара әзіл әңгімелер отырған жұрттың ғана көңілдерін сейілдетпей, менің де еңсемді көтеруге себеп болды.

- Жәке, осы үйдегі замандасыңыз жалғыз ілікті екенін білесіз ғой, қазанға салған ас алдымызға келгенше өзіңнің жас шағында болған оқиғалардың бір қызығын айтсайшы, - деп жездеміз қолқа салды.

- Мен кедейдің баласы болсам да әкемнің арқасында киетін киім мен мінетін аттан кем болғаным жоқ. Әкемнің құрдастары: Әй, Баржақсы, осы саған байлармен жарысу не теңін? Үш аттың құнын беріп, құнан алып, ана Жайлаубайды шолжандатып қойдың. Той десе топалақ тигендей томпандайтын байлардың топастарынан бір қалмайды сол балаң. Одан да оны шаруаға айналдырып, тұрмысынды түзесейші, -

деушілер аз болмаса да әкем менің қолымды қаққан емес.

Бір жылы Көкшетау жағында Қарауыл ауылында келін түскен той болып, бес жігіт сонда бардық. Ол кезде біздің ауыл Жаманкөл жағасында жайлауда болатын. Келін түсірген үй орта шаруа болса да, ешнәрсесін аямай, баймырзадан кем қылмай той жасады. Манайдағы ауылдардан тойға келген қыз-келіншек, бозбалалар, акын-әншілер бір үйде отырдық.

Сол тойда Қарауылдың Боспай деген ауылынан келген Мырзабай байдың қызы Ұмсын сұлу көзге түсті. Оның сұлулығына сұқтанбаған жан қалмады. Ол кезде қызыл көрген қырандай қыз дегенде қырындап, ілмесек те ілесіп қалғанды мәртебе көрген уақыт қой. Ұмсынды көргеннен-ақ қасына отырып танысып, жақындасуға ынтызарым құрды. Ұмсынның домбыра тартып, ән шырқағанынан кейін тіпті шыдамым кетті. Ретін тауып, той басқарып жүрген жігітпен тілдесіп, қайтсе де сол қыздың жанына отырғызуды жалына өтіндім. Көп кешікпей «көрші» ойыны басталғанда әлгі жігіттің көмегімен Ұмсын сұлудың жанына, әйтеуір, жеттім-ау, - деп Жәкең жан-жағына бір қарап қойды. Қазақтың әдеті ғой, біреу бір қызықты әңгіме айтса, оны қолпаштай, көтеріңкі дауыспен көтермелеп қоятыны.

- Уа, пай-пай десейші, міне, қызық! Құшақтап алмай, қалай шыдап отырдың, - деп аяғын қара қожалақ шұлғаумен ораған Қарақоян деген орта жастағы қонақ сөз желісін үзіп жіберді.

- Ай, Қарақоян-ай, саған желіккен не керек, аяғына бір мәсті кие алмай жүріп. Бір жерге қонаққа бара қалсан, сасық шұлғауынды шұбалтып төрге шығасың. Сенін анау олақ қол шүйкебасың тым болмаса жүн байпақ та тоқып бәрмейді. Бір қора қойдың жүні уақытында қырқылмай, жабағы болып жүргенін көрмейсің бе?! - деп Қарақоянның қалақтай басын қауғадай қылды.

Құшақтау қайда, жанына отырған соң жампандап жақындап, сөз тартып едім, маңайына жолатар емес. Жампандамай өз жайлауына жайыл, - деп бірақ қайырды. Мен де оған болмай, әртүрлі майда сөздерді айтып едім, жұмсаратын сиқы жоқ. Тіпті болмағаннан кейін: Сәнді киіндім деп секірме. Тозбайтын киім жоқ, бетіңнің шырайы солмайды деме, қартаймайтын сиқың жоқ. Мал берсем ырық кетер, мен салған құрық жетер, қалай қатын болғаныңды өзінде сезбессің, - деп қоқай-ноқы көрсеттім де, «көршіңмен татумысың» деп сұрағанда «аразбын» деп белден кесе бірақ айттым. .

Оның мені сүймегені емес, тілдегені қатты батты. Жанымнан тұрып бара жатып, жұрт көзінше «мұрныңды сорайтпай, ендігәрі менен аулақ жүр» дегені жүрегіме сүңгі сұғып алғандай болды. «Бір таяқ қате тиеді, бір таяқ бата тиеді» дегендей қате тисін, не бата тисін, әйтеуір-зығырданымды қайнатып, намысымды қоздырғаны сондай Ұмсын сұлуға қатты кектендім. Қайткен күнде өш аламын деген ой өзегімді өртей бастады. Кейін мен өз сабама өзім түсіп, тойда болған жағдайға сынай қарап, «ашу – дұшпан, ақыл-дос, ақылына ақыл қосты» ойлап, арсыз ашуды бастым.

ШАҢЫРАҒЫҢА ШАТТЫҚ ҮЙІРІЛСІН

Мен Сафуан Шаймерденовпен қазіргі Жамбыл ауданындағы Майбалық орта мектебінде бір класта оқыған құрдаспын. Қызмет бабымен арамыз алыстап, аралас құралас болмасам да бір бірімізді сырттан сұрасып, амандық саулығымызға қуанып жүреміз.

Өз басым Сафуанның қазіргі қазақ әдебиетінің алып тұлғаларының бірі болып отырғанына қуанып, көрнекті сөз зергері екенін мақтаныш етемін. Менің осы бір сезімім мен ыстық тілегім ол Қазақ КСР Мемлекеттік

сыйлығына лауреат болып ұсынылғанда анық сезілді ғой деп ойлаймын. Онымен бірге оқыған дос болғандықтан да, шығармаларына сүйісініп дарынынына бас игендіктен де сол талқылау, кезінде қарап жата алмай, «Ленин туына» «Кемел дарын» атты көлемді мақала жаздым. Сөйтіп, Сафуан шығармашылығы жөнінде, оның қазақ әдебиетіндегі орны мен бағасы жайында ойымды жеткіздім. Бұл мақала 1988 жылғы алтыншы қазан күнгі нөмірінде жарияланды.

Мен жоғарыда айтып кеткенімдей, Сафуанмен бірге оқығандықтан оның жазушылық бастауы көз алдымда өтті деуге хақылымын. Ол жазуға қабілетін, бойға біткен табиғи дарының қабырға газетіне жазған мақала, әңгімелерімен ақ айғақтады. Ол кезде онымен бірге дос жолдастарының бәрі де өнерге, білімге аса құштар еді ғой. Міне осы қатарда Сафуан дарыны ерекше дараланып тұрушы еді.

Сафуан осы жазушылық жолды мәңгілік таңдағаның «Ленин туында» қызмет істеген кездерінде айғақтай түсті. Сол жылдары газетте оның жақсы мақалалары, очерктері, шұрайлы шығармалары жарияланып жүрді.

1941 жылы 19 жасында Сафуан «Анаға хат» деген өлең жазып, өлең сол жаздың 23 шілдесінде басылып шықты. Мен осы өлеңді архивтен тауып алып, оны газет қызметкері З. Әкімжановқа көрсеттім. Ол бұл өлеңді осындай өзге де жырлар топтамасына енгізіп «Ленин туының» 1985 жылғы 3 ақпандағы Ұлы Жеңістің қырық жылдығына арналған санында «Абырой, даңқ ел үшін мерейлі Ұлы Жеңісім» деген тақырыппен жариялады.

Ал бұдан бұрын оның «Махаббат жыры» деген балладасы да газетте басылған еді. Бұл жырдың да өзіндік тарихы бар көрінеді. Ол 1943 жылы жазылыпты.

Содан қырық жыл өткенде Сафуанның қолына қайта тиіп, арада тағы төрт жыл өткен соң яғни 1987 жылдың 23 қыркүйегінде «Ленин туында» жарияланды.

Әрине, Сафуанның шығармашылық ғұмыры ол қолына қалам ұстап, жырда жүрек лүпілін сездірген сәттерден бері жалғасып келе жатыр. Сондықтан оның бүкіл шығармашылық жолын шарлап, шолып өту мен үшін қиын. Алайда мен осы алғашқы бастаулар оны үлкен қаламгердің, сөз зергерінің биігіне көтергенін анық айта аламын. Ендеше оның «Болашаққа жол» «Инеш» романдары, «Мезгіл», «Мінез», «Қарғаш», «Жыл құсы», «Мәжнун тал», «Ит ашуы» «Сыбызғы сазы» сияқты повестері мен әңгімелері ерекше асыл да айшықты дүниелер екенін сүйсіне айта аламын. Осы орайда оның «Ағалардың алақаны» атты повестері мен әңгімелер жинағы тамаша кітап. Оны оқығанда өмір сырына қанық болмысты таныған тарлан, тілі әсем, сөзі кестелі кемел дарынды ардақтайсың.

Мен Сафуан шығармаларын оқыған сайын оның шыншылдығын, тақырыпқа талғампаздығын, мөлдір сұлу тіл шеберлігін тани түсемін, Сафуан шығармаларында жасандылық, жасықтық болмайды. Ол оқиғаларды әдемі суреттейді, табиғи тіл кестесін әсем өріп, өрнектеп кеткенде сол кітап қолыңнан түспей, бойды лүпілді сезім билейді. Оның осы қасиетін қазақ әдебиетінің асқан алыптары М.Әуезов те, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин де көріп, сүйісініп, әдебиеттің болашақ көрнекті өкіліне жылы лебіздерін аямай арнап, ардақтай сөйлегені рас.

Сафуанмен қатар оқып, бір төсекте жатқан құрдасы, дос болғандықтан мен оның азаматтық құлғасы, жақсыға ниеттес, жаманға бұрмас асыл қасиеті мектеп қабырғасынан ақ танылып тұрғанын айтуға тиіспін, өзгенің мұңына мұңаятын өзгенің қуанышына қуанатын осындай дарқандық нағыз азаматтың бойынан

табылуы табиғат берген тарту. Осы өмірлік асыл қасиетін, ақық тұлғасын ол «Желтоқсан қырғыны» кезінде айғақтағаны мен үшін тансық емес, Әйтпесе ол Сафуан бола алар ма еді! Қиындықтан жалтарып бұғып қалу деген оның бойында болған еместі. Оның Колбиннің құзғындығын бетіне басқан айбарын естіген де ақ «Бәсе», біз білетін Сафуан сөйтер еді» деп сүйсінгенбіз мұндағы дос жолдастары.

Сөз соңында айтарым, бүгін жетпістің асқарына шығып отырған әрі дос, әрі құрдас Сафуан Шаймерденұлына жан жарын Бағдат, балаларын, немере жиендерін, жақын туғандарын әрқашан амандық саулықта болып, шаңырағына шаттық үйірілсін деп ақ тілегімді арнаймын.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР

Өңіріміздің өнер тарихында өшпес ізі бар небір саңлақтар өткені есімізде. Өзіміз сексен асқан шағымызда бізден бұрын жасаған өнері озық, есімдеріне еліміз қанық ағаларды кейінгі ұрпақ ұмытпай есінде сақтаса екен деген ақ тілекпен қолымызға қалам алуға құмартамыз.

САРЫАРҚАНЫҢ САҢЛАҒЫ

(Әнші Ілияс Шәймерденов туралы сыр)

Бұған мұрындық болған асыл өнер иесі Ілияс Шәймерденов еді. Өнерді бойға тәңір дарытады ғой. Осындай дарын иелері бүгінгі Жамбыл бұрынғы Төңкеріс ауданында көп еді. Солардың ішінде озығы Әлібайдың Игібайы болатын. Игібаймен тетелес, тең түсетін әншілер Ақпанның Сексенбайы, Қырғыздың Жәукесі, Ыбырайдың Жұмағалиы, Сатының Құсайыны,

Қопыштың Қапені еді ғой. Осыларды біз жас болсақ та көзіміз көрген.

Әлгі аталған ағалар біздің жас күнімізде Төңкеріс ауданының тойында кең жайлауда ән шырқап, қырдың төсін думанға бөлеген. Осылар сияқты күйші-домбырашылар Ахметтің Сауытбайы, Тәжібайдың Рамазаны, Құсайынның Көкені, Жөлкенің Шаяхметі, Исақтың Сұдтанғазысы осы тойда жасындай жарқырап, ел-жұртты риза еткен. Топ ортасында Игібайдың орны бөлек еді, шіркін. Үкілі Ыбырайдың «Аңшының әнін» аспандатып алып, Біржанның «Он екі взвод» сияқты балбыраған әсем әнін төкпелетті. Ел-жұрт қайта-қайта қошемет көрсеткені есте.

Осы уақытта кезек жастарға да келген. Солардың ішінен елдің қалағаны 13 жасар Ілияс еді. Жасөспірімнің мөлдір үні көктемгі бұлақтай сылдырап ала жөнелсін. Дауысы кең-ақ. Біржанның «Жанботасына» салғанда ел өрекпіп кетті.

Бір сәт Ілияс топқа көз салғанда үлкендердің ризашылығын байқап, серпіле түскен. Сол кезде көп ішінен сегіз серінің бір әнін айтса екен дегендей тілек естілгесін Ілияс «Қарғашты» әуелете жөнелді. Сегіз серінің атын алғаш рет сол жерде естіп едік.

1933 жылы үкіметтің қаулысымен жергілікті жерлерде әншілер байқауын өткізу қолға алынған. Осы қаулы бойынша біздің облыста да жас әншілер сынға түскен. Солардың ішінде қазіргі Жамбыл ауданының жас өкілі Ілияс Шаймерденовтен озығы болмады. Соның нәтижесінде ол республикалық халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтің қолынан жүлде алған республикалық байқауда үздік болып, қазақтың Мемлекеттік ән-күй филармониясына әнші болып қабылданды.

Жасына қарамай Ілиястың репертуары бай еді. Жоғарыда есімдері аталған кілең ығай мен сығай

әншілерден үйренгені, бойына дарытқаны мол болатын. Ілияс, Біржан, Сегіз сері, Мәди, Үкілі Ыбырай, Мұхит әндерін айрықша леппен, ерекше шабытпен орындайтын. Оның Сегіз серінің «Ғауһартасын» айыз қандыра орындайтынын марқұм Көкен Қопышев ризалықпен айтушы еді. Өнерден өзі де кенде емес Көкен үнемі Ілияс әншілігіне бас иіп отыратын.

Филармонияда үздік орындаушының қатарында қошеметке бөленген Ілияс 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің он күндігіне қатысқанын да білеміз. Осы сапардан жап-жас Ілияс өте қанаттанып оралып, репертуарын байыта түскен. өзінің биязы баритон даусымен жүректі баурап алатынын кейінгі зерттеушілер тамсана жазған –ды. Солардың ішінде Ахмет Жұбановтан озығы бар ма? Ол өзінің «Замана бұлбұлдары» атты зерттеу еңбегінің 442-443 беттерінде Ілияс Шәймерденовтің әншілік өнері туралы былай деп жазған: «Ақмола төңірегінің әндерін Алматыға бірінші алып келген адамның бірі Ілияс Шәймерденов болды. Ол «Қаракесек», «Қарғаш», «Алқоңыр», «Сентябрь», «Сарыарқа» сияқты әндерді жеткізді. Филармонияда әнші болды».

Өнеріміздің ұлы зерттеушісінің бірі Жұбановтың осы сөздеріне алып-қосарлық сөзіміз жоқ. Ілияс нақ осындай саңлақ өнерпаз еді. Ілиястің бұдан өзге де «Қарғам-ау», «Назқоңыр», «Ғайни», «Бурылтай», «Жанбота», «Сырымбет», «Айнамкөз», «Қалдырған» сияқты Сегіз сері, Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай, Мұхит әндерін асқақтата шырқайтынын марқұм Игібай Әлібаев та сүйсіне айтқанын талай мәрте естіген едім. Ілияс 1941-1945 жылдары Қазақтың Мемлекеттік филармониясын, қазақтың академиялық драма театрын басқарып тұрды. Ол уақытта Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Елубай Өмірзақов, Роза Бағланова, Әнуарбек Үмбетбаев, Үрия

Тұрдығұлова сияқты саңлақтарымызбен қатар еңбек етіп, өнердің өрлеуіне үлесін қосқан адам еді.

Бір өкініштісі, Ілияс ұзақ жасамады. Онымен бірге бойындағы дарын да көз жұмды. Саңлақ әншінің бергенінен берері мол еді. Өттен, аяусыз ажал шеңгелін ерте салып, 1959-шы жылдың 24-ші қыркүйегінде 43 жасында ғұмырдан озды. Биыл ол 90 жасқа келер еді.

Менің қолымда саңлақ әншіден қалған сый бар. Ол күні бүгінге дейін көзімнің қарашығындай сақтап жүрген күйтабақ. Бұл күйтабақта саңлақ әншінің орындауында жазылған «Қарғаш» (Сегіз сері), «Айнамқоз» (Мұхит) әндері бар. Ілекеңді, оның аққудың үніндей дауысын сағынғанда осы күйтабаққа тіл бітіремін.

Қызылжар қаласы

ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ ЖАУЫНГЕР КОМПОЗИТОР

Рамазан Елебаев – ұлттық өнерімізде өшпес ізі бар, Ұлы Отан соғысының майданында қажырлы қайрат, батылдығымен талай рет ерлік көрсеткен, халық арасында «жауынгер композитор» атағына мәңгі ие болған – қаһарман жауынгер.

Рамазан 1908 жылдың қыркүйек айының 7-інде Көкшетау облысының Еңбекшілдер ауданындағы Өтей ауылында туған. Жастайынан өнерге құштар ол бірден қазақ мәдениетінің іргесін қалаушылар қатарынан орын алады. 1930 жылдары Рамазан Қазақтың М. Әуезов атындағы драма театры мен филармониясында белгілі өнер саңлақтары Қалибек Қуанышбаевпен, Елубай Өмірзақовпен, Әміре Қашаубаевпен, Серәлі Қожамқұловпен, Жүсіпбек Елебековпен қызметтес болады. Ел арасында ұлттық өнер мен мәдениетті өрбітіп - өрістетуге бағытталған үгіт-насихаттық жұмыстарға

беріле ат салысады.

Сол жылдары Алматыда құрылған қазақ атты әскер полкінде де қызмет істеп, жауынгерлерге арнап өзінің тырнақ алды әндерінің бірі - «Жолдастар» әнін шығарып, тұнғыш әскери қазақ әуендеріне үлес қосады. «Жолдастар» әнінің сөзін жазған белгілі өнер қайраткері – Қанабек Байсейітов. Бұл ән өзіміздің республика көлеміне кеңінен тарап, әр жерде жиі айтылып жүрді. Әсіресе жасөспірім оқушылар бұл өленді жиі айтатын.

Өршіл және сыршыл сезіммен айтылатын бұл әннің бірінші шумағы мен қайырмасы мынандай болатын:

Келтірді аэроплан көктің сәнін,
Шырқады көкті кезіп білім әнін жолдастар,
Асусыз аспан көкті еңбекші тап
Шарықтап білмек енді барлық мәнін, жолдастар!

Қайырмасы:

Жұлдыздарға аттанған,
Қиын жолға сапталған,
Сәулелерге жетем деп,
Сайрандаған биікке
Шырқатып әнге шаттанған.

Жаңа өрбіп, өсіп келе жатқан техника жетістіктерін әнге қосқан қазақ еңбекшілерінің шаттық сезімі ән сөзі мен әуенінен көркемдік шешім тауып, ширақ та және жаппай айтылатын. Бұл ән қазақтың кәсіпқой ән творчествосындағы алғашқы шығарма – қарлығашы болуымен қатар, қазақ әнінің халықтық формасының қазіргі дәуір үндерімен шебер ұштастырылып, жаңашыл жол ашты.

Ұлы Отан соғысы басталған жылы Рамазан Москвада А.В.Луначарский атындағы театр өнері институтының композиторлық бөлімін бітірген еді. Оның композиторлық өнеріне КСРО халық артисі

атақты өнер иесі Мұқан Төлебаевтың мына бір жылы лебізі айғақ : «Біз Рамазаннан үлкен үміт күтетінбез. Біз оның творчествосындағы лиризмге тәңірше табынып, бас иетінбіз». Шынында да, ол сол кездердің өзінде әбден танылған композитор болатын. Оның «Жолдастар», Пушкиннің туғанына 100 жыл толуына арнап Жамбыл Жабаевтің сөзіне жазған «Асқан бұлбұл» әндері осы кездерде үнемі сүйсіне орындалып, қошемет-құрметке ие болып жүрген болатын. Сол сияқты «Амангелді туралы ән», «Ана сыры», «Қазақстан», «Қуаныш жолы», «Жаз жыры», «Құттықтау» сияқты әндері жас композитордың бойындағы үлкен, арналы өнер қуатын танытқан-тын.

Әсіресе асқан сезімтал, шалқымалы лирикалық сазымен ерекшеленіп тұратын «Асқан бұлбұл» әні Жамбыл атасының сөзінің меруерттерінен тізілген өлеңіне жазылған әуені болашақ композитордың қазақ даласындай тынысының кендігін көрсетеді.

Ұлы Отан соғысының майдангері, Қенес Одағының Батыры.

- Мәлік Ғабдуллин Рамазан Елебаевтың майдандағы ерліктері жайлы кеңінен мағлұмат берген адам. Оның «Менің майдандас достарым» атты әңгімелер және очерктер жинағында жауынгер композитордың қалай әскерге алынып, көп ерліктер жасағаны жайында баяндалады. Онда атақты «Жас қазақ» әнінің шығу тарихына да қанығамыз. «1942 жылдың қантар айының 7-сі еді, - дейді Мәлік. – Біздің полк Новониколёвский қаласында орналасқан. Біз үш кісі жаңа келген жауынгерлерді қабылдайтын комиссия мүшелері: Балтабек Жетпісбаев пен Данилов кезекші едік. Сол күні таң ата комиссия отырған бөлмеге біраз жігіттер келді.

- Уа, бауырым, амансың ба?! – деп ұзын бойлы, танауының астына ғана қойған мұрты бар, ашаңдау

келген ақсұр жігіт маған қол берді. Бірден тани кеттім - Рамазан Елебаев екен. Рамазан әскер қатарына шақырылудан босатылғанына қарамай әскери комиссариатқа қайта-қайта өтініш жасап, ақыры өзі сұранып, Панфилов дивизиясына баратын жауынгерлердің тізіміне ілігеді. Жаңа келген жауынгерлерді бөлгенде ол полк комиссары Мұхамедияровқа хатшылыққа тағайындалады.

- Міне, сіздердің қатарларыңызға мен де келіп қалдым, - деп бастады Рамазан әңгімесін, - Панфиловшылардың даңқы бүкіл жер жүзіне жайылды ғой... тылдағы жастардың бәрі сіздерге келіп қосылуды арман етуде».

Бір күні полк командирі Илья Васильевич Капровтың өткізген мәжілісінен кейін полктың комсомол бюросының секретары Балтабек Жетпісбаев : « Осы демалыстан кейін майданға аттанғанда біраз күн жолда жүреміз. Жолшыбай жігіттерге ойын-сауық көрсететін концерт бригадасын құрсақ», - деген өзінің ойын айтты.

Бұл ұсынысты полк командирі мен комиссары құптап, әнші, биші, тағы да басқа өнерлері бар жігіттерді жинап, оларға музыкалық аспаптар тауып беріп, концерттік бригада құрылып, оны басқарушы болып Елебаев тағайындалады да, полк комиссарының хатшылығынан босатылып, санротаға санитарлыққа ауыстырылады. Бұл құрылған концерттік бригада өздерінің ынтымақшылдығымен, өнерге деген шаршамайтын еңбектерімен майданға жүргенге дейін бірсыпыра жоғарғы көрсеткіштерге жетеді.

1942 жылдың қаңтар айының 16-сы мен 22-сі күндерінің арасында майданға аттанғандар эшелонда болса да , жақсы-жақсы концерттік бағдарлама көреді. Әсіресе орысша , қазақша, татарша, ұйғырша, украинша, ән салған Тоқтаров, Бахолдин, Изюмов, Гатченко сияқты

автоматчиктер жолдастырыының алғысына ие болады.

22 қаңтар күні Дворцово деген станцияда эшелоннан түскен жауынгерлерге полк командирінің орынбасары Момышұлы осы арадан майдан шебіне аттанатындарын хабарлап, алдағы міндеттірді түсіндіреді.

Панфиловшылар 1942 жылдың ақпанында шабуылды күннен күнге үдете түседі. Жаудан Бородино селосын тартып аларда санитар Рамазан аяғынан жараланады. 1942 жылдың 23 ақпаны Совет Армиясының 24 жылдығы күнінде қалың ағаш ішінде түс кезінде өткен қанды шабуылдарда көрсеткен асқан ерліктері үшін көптеген жауынгерлерге үкімет наградасы тапсырылады. «Қызыл Ту» орденімен наградталғандар ішінде Балтабек Жетпісбаев, Василий Тимошин, Іңкәрбала Иманбаев, Рамазан Елебаев болып, автоматчик Төлеген Тоқтаров пен мәлік Ғабдуллиннің Совет Одағының Батыры атағына ұсынылғандарын полк командирі Капров жариялайды. Рамазан Елебаевқа бұл награда 60-қа жуық жаралы жауынгерлерді ұрыс даласынан алып шыққаы үшін беріледі.

Бородино селосы түбіндегі арпалысты ауыр ұрыстарда асқан ерлік көрсеткен Төлеген Тоқтаров айырықша көзге түсті. Оқтары біткен солдаттар бетпестел келген. Кімнің күші, қимылы жылдам болса сол алады. Үсті-үстіне жарылып жатқан снарядтан қорқып бұғу деген жоқ. Әркім қарсы алдындағы ажалмен арпалысқан. Міне, осындай арпалыста жанынан жарылған снарядтың жарықшағы Төлегеннің ішін жарып кеткен. Енді қайтып өмір қызығын көре алмайтынын білген Төлеген жарық дүниемен қоштасуға көзін ашып, жан-жағына қарайды. Дәл осы кезде немістің жаралы офицері біреуді атқалы жатқанын көреді. Төлеген ақтық демін жиып, жарылған ішін сол қолымен басып, ең соңғы күшімен жолбарысша бірақ

атылып, автомат дүмімен бастан ұрып немісті өлтіреді, өзі де жан кешеді.

Дос қазасы Рамазанның жанына қатты батады. Батыр інісі, жас арыстан бір кішкентай төмпешіктің астында жатыр дегенге сенбей, көп тұрып, дос алдында серт беріп: « Сені мәңгі есте қалдыру үшін бір әнімді өзіңе арнаймын», - деп антын айтады.

Уақыт зымырап өтіп, панфиловшылар бастаған қысқы шабуыл Холм қаласының түбінде аяқталып, батысқа қарай 200 км. жер алға басып, 250 қаласын, деревняларды босатқан ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1942 жылғы 16 наурыздағы Жарлығы бойынша 8-ші гвардиялық дивизия Ленин орденімен наградталады. Сәуір айында Холм қаласының түбінде қорғаныс ретінде Ловать өзенінің шығыс жақ жағалауына бекініс жасалады. Осы кезде Рамазан досы Төлегенге берген сертін орындап, сәуір күндерінің бірінде барлаушылар блиндажында қарулас достары алдында «Жас қабір» әнін шырқайды.

«...Ән баяу үнмен басталып, - дейді Мәлік, - қоңыржай да салмақты түрде өрбіп барады. Келесі сәтте алғашқы әуен байсалды қалпынан кенет өзгеріп, биікке көтеріледі де , самғай жөнеледі. Осылай шарықтаған ән бара-бара жан-жүйенді шымырлата бастайды, тұла бойына мұң мен қайғы сезімі енгендей болады. Содан өмір мен өлім таласқандай, кең тынысың тарылып, көз алдыңа өмір үшін ақтық демі біткенше алысқан алыптың асқақ тұлғасы, қаһарлы күші елестейді».

Осыдан сол Р. Елбасев бұл әнін жерлес жауынгерлер арасында жиі-жиі шырқап, оларды бірде мұңға бөлеп, бірде ерлікке үндеп, дос кегін қайтаруға жігерлендіре түседі.

1942 жылғы 21 шілдеде шыққан Жоғарғы Кеңес Төралқасының Жарлығы бойынша Москваны қорғаудағы тамаша ерлік көрсеткен 28 гвардияшыға

Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Бұл қуанышты хабар бойынша дивизия көлемінде митинг өткізіліп, үлкен концерт қойылады. Қуаныш бүкіл дивизияға ортақ болса да, той иесі – 1075-ші полк болатын. Сондықтан 28 батыр шыққан бұл полктың Рамазан бастаған өнерпаздары аянып қалмаған. Концертке көппен бірдей өте риза болған дивизия командирі полковник Серебряков біраз күнен кейін дивизия бойынша көркем-өнерпаздар бригадасын құрып, оған әрі дирижер әрі жетекші етіп Рамазан Елебаевты тағайындайды.

Осы кезде аса бір творчестволық шабытпен жүрген Рамазан «28 батыр», «Панфиловшылар маршы», «23-ші полк маршы», «Талғар полкінің маршы» дейтін ән-марштарын шығарады.

Отан соғысының отты жылдарында «Красная Звезда» газетінде жарияланған фототілші капитан П. Бернштейннің бір суретінің астында «Тұрақты Қызыл Армияның «Н.» бөлімшесінде қазақ композиторы Р. Елебаев санинструктор болып істейді. Ол жақында болған бір ұрыста майдан шебінен 47 жаралы солдат пен офицерлерді алып шықты. Суретте: алдыңғы қатарлы қызыл әскер, гвардияшысы Р. Елебаев 28 панфиловшы батырлар арасында қонақта болып, рота гвардияшылардың алдында өз әнін айтып тұр» - деп жазды.

1943 жылдың қаңтарында дивизияға Қазақстаннан бір топ мәдениет қайраткерлері өнер көрсетеді. Оларды ерлікке жігерлендіреді. Осылардың арасында жазушы Ғабиден Мұстафин мен әнші Жүсіпбек Елебеков те болады. Олар Рамазанның майданда шығарған әндерін сүйсіне тыңдайды. Оларға, әсіресе, «Жас қабір» әні ерекше ұнайды. Бірақ сөздері қуатсыздау екен, әлі де ширата түссе ғой деп тілек айтады. Сол арада Ғабиден әннің атын «Жас қазақ» деп

өзгерту керек деп ұсыныс жасайды. Ән солайша «Жас қазақ» болып аталады. Ғабиден сөзін де жазып береді.

Сөйтіп, қазір де әншілер репертуарынан түспей, тыңдаған сайын көзіне жас үйіретін, тыңдаған сайын мұңға бөлейтін, тынысынды тарылтқандай болатын, бауырынды езетін ән майдан даласында осылайша қайта жаңғырады...

Осы сапардан соң меймандар Алматыға аман-есен оралады. Ақпан айының аяқ шенінде Абай атындағы опера және балет театрында үлкен концерт болып, ол майданнан қайтқан бригаданың есеп беруіне арналған еді.

... Майданнан жауынгер сәлемі. Жүсіпбек Елебеков сіздерге Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» әнін орындайды, - деп хабарлады концерт жүргізуші.

Жүсекен шырқаған бұл ән отырғандарға керемет әсер етеді. Көбінің көздеріне жас тұнып, көңілдері мұңға бөленеді. Дос есімін ардақтап ән шығарған Рамазанға жылы лебіз білдіріп, ризалықтарын айтады.

Сол концертте болған Жүсекеннің зайыбы Хабиба Елебекова:

«... Домбыраның басылған зарлы пернесі залда отырғандардың шер болып қатқан жүректегі мұнды пернесін қоса басып, қозғай бастады. Іштей тынып, булығып жүрген жауынгерлердің үй-іштеріне, майданнан әкелген мынадай жүрек тербетер ән үні қатты әсер етті. Осы ән арқылы әрбір адам майдандағы өз аяулыларының даусын естігендей болды. Отан үшін, ел үшін, анасы мен жары үшін жанын қиған ардагер азаматтардың елімен тілдескен үніндей болды. Әрбір адамның кеудесіне шер болып байланған берінгі қозғап, егілтіп жіберді. Залда жыламаған бірде бір адам қалмады. Жалғзынан айырылған жан ең жақын адамын көргенде мұң шаққандай ерекше зар төксе, мына майданнан келген жауынгер сәлемі – «Жас қазақ»

әні де сол болды», - деп жазды.

Майдандағы дарқан ұлдардың сәлемін әнмен елге жолдаған Рамазан Елебаев ұрыс жолдарымен батысқа қарай беттей түседі. Бірақ мейрімсіз ажал оғы оған да жетеді. 1944 жылдың көктемінде Ново-Сокольники деген қала үшін болған қантөгіс ұрыста халқымыздың ардақты ұлы, өнер иесі Рамазан Елебаев ерлікпен қаза табады. Қос Қызыл Ту орденді жауынгер композитор артына осындай өлмес өлең қалдырып, сәуірдің 10-ы күні ерлікпен көз жұмады.

Рамазан Елебаев есімі ардагер батырлардың есімдерімен қатар тұр. «Жас қазақ» әні Қенес Одағының Батыры Т. Тоқтаровпен қатар Отан үшін құрбан болған барлық жастарға, соның ішінде композитордың өзіне де орнатылған ескерткіш деп білеміз. «Жас қазақ» әні шырқалған сайын біз жауынгер композиторға, асқақ өнер иесіне бас иіп, тағзым етеміз.

АКАДЕМИК ЕВНЕЙ БУКЕТОВТІҢ ТУҒАНЫНА 70 ЖЫЛ

КЕСЕК ТҰЛҒА

Республика Ғылым академиясының академигі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Жазушылар одағының мүшесі Евней Букетовтің туғанына 70 жыл толып отыр.

Кеше ғана араласып, сырласып жүрген жас жігіттің осынша жасқа келгеніне сене де қойғың келмейді. Амал жоқ, бірінің артынан бірі өтіп жатқан күндер мен жылжып жатқан жылдар зырылдап өткен өміресебін еске салады.

Евней Арыстанұлы бұрынғы КСРО түгіл, шет елдерге белгілі болған үлкен ғалым еді. Оның сыпайылығы, кішіпейілдігі, үлкен-кіші, не болмаса

лауазымы жоғары не төмен демей, қарапайымдылықпен қалың жұртпен шүйіркелесіп кетуі білмеген адамға да оның тегін адам емес екенін сездіретін. Евнеймен 30 жылдан артық араласып-құраласып жүргенде бір байқағаным осы.

Бұрынғы Төңкеріс ауданының орталығы Майбалық ауылынан Марьевка селосына ауыстырлып, Октябрь ауданы құрылғанда менің әке-шешем өздерінің нағашы туыстарын Бағанаты ауылынан тауып, құлын-тайдай шұрқырасып, туыстығымыз қайта жаңарғанын. Мен Евнейді жас кезінен білгенмен, анық жүздесіп, білісіп, жолдас болуымыз 1950 жылдың мамыр айынан басталды. Мен ол жылдары Қиыр Шығыста офицер едім. Сол себептен Ұлы Отан соғысы бітсе де, әскер қатарынан босана алмай, қартайған әке-шеше, жас іні-қарындастарымды Қиыр Шығысқа апара алмағандықтан, Түркістан әскери округіне ауысуға мәжбүр болдым.

Сол Қиыр Шығыстан жаңа әскери округ орталығы – Ташкентке бара жатып, жол-жөнекей Алматыға тоқтап, бір жұма бойы Евнейдің үйінде болдым. Евней ол кезде тау-кен институтын аяқтап, жұбайы Зүбәйра 4-ші курста оқиды екен. Жатақхананың бір кішкене бөлмесі болса да, судьялық білім жоғарылату курсына оқып жатқан ел азаматы Бораш Көлдеев және мен төртеуміз үлкен бір кең сарайда жатқандай жайланып, әңгіме-дүкен құрғанымыз әлі есімде.

Сол жылы, сол айда академик-жазушы ағамыз Сәбит Мұқановтың 50 жасқа толуы мен шығармашылығының 30 жылдық тойы өтіп жатыр екен. Сәбең ағаға сәлем беріп, тойымен құттықтауға Евней екеуміз бардық.

Мені білмейтін Сәбең әкем мен әкемнің әкесінің есімдерін естігеннен кейін туған ауылымызды, руымызды, үрім-бұтағымызды өзінің бес саусағындай

таратып берді. менің қартайған әке-шешемді ойлап, әскер қатарынан шыққым келетінін естігенде ұрыспасада,ренжігенін білдіріп: “Қазақстанда маман офицерлер шығу керек емес пе?!” Жастардың бәрі Евнейше оқымысты болу керек пе? Айтса да, Евней, сенің осы театр, актерлер, әдебиет саласында жазып жүрген сындарың маған өте ұнайды. Қаламың ұшқыр, тілің өткір. Сенің сыншылық қасиеттеріңді қырлағаныңды жалғыз мен емес, басқа ағаларың да ұнатып, қолдап жүр», - дегенде Евней: «ой,ағай-ай,менен қандай әдебиетші сыншы шығар дейсіз, мен осы жер қазынасына сын көзімен қарап, содан пайдалы бірдеңе тапсам ба деген үміттемін», - деді де : «Мен институт аспирантурасында қалдырмақшы, оған қалай қарайсыз?» - деп Сәбеңе сауал қойды.

- Ой қарағым-ай, қол ұшына қолжалғап, жете алмай жүргенде ол не дегенің?! Әрине, аспирантурада оқығаның жөн. Қанекен де бір кездескенімде сенің Евнейіңнен көп үмітім бар деп көптеген оқымыстылар алдында мені бір көтеріп тастады ғой. Бұдан соң не айтуға болады? Әрине, оқу оқып, оқымысты қатарына жету оңай жол емес, инемен құдық қазғандай. Оқыған соң ғылым шыңын көздегеннен қандай артық, қандай биік мақсат бар, сол мақсатқа жетуіңе тілектеспін. Ал, Қайырбек қарағым, сен де осы бетіңнен жаңылма, - деп бетін сипады.

Ғылыми-зерттеу еңбектерімен қатар, шабыты келгенде жазып-жазып тастайтын әдеби еңбектері қалыптасқан жазушыдан асып түспесе кем түспейтін. Әдеби еңбектерінде ол жаңа ғана бастап келе жатқан жазушы қатарында екені көрініп тұратын. Әсіресе, ол бұрынғы өз заманынан ертерек өткен сөз шеберлерінің жазу әдістерін жалғастыра отырып, Пушкин мен Тургенев сияқты әдебиет алыптары қолданған хаттар жанрын өз творчествосында пайдаланды.

Евнейдің тағы бір ерекшелігі – үлкен-кіші демей, біреуден бір жақсы үлгі боларлық сөз естісе, оны қойын дәптеріне жазып алатын, ал көп сөйлеп, орынсыз мақал-мәтелді айтатын мылжындарды көргенде өте қатты ренжитін.

Евнейдің Қарағандыда тұрған кезінде біздің көбіне бас қосатын жеріміз менің туған қарындасым – Гүлзираның үйі мен туған інісі Қамзабайдың үйі болушы еді. Қарындасымның күйеуі Жанәлі Нұрғалиев та (Евнейдің жерлесі) туыстарының бастары қосылғанына мәз-мәйрам болып қуанатын.

Осындай бір отырыста лауазымы жоғары бір «шешен» көржерді сөз қылып , тым болмаса сылдыр таза су емес, батпақты лай суды аузынан ағызғанын естігенде:

-Ту, осындай «ораторлардың» тілін кессе, обалы жоқ, - деп ренжіген-тін.

Сонда қасында отырған Мүкәрәмә:

-Құрдас қайным, ғафу ет, жұрттың бәрі оқымысты емес, тілден ұшқан сөздердің бәрі қанатты емес. Осыдан кейін өзі де көк дөнен түгіл, өгізден де кейін қалар, оған налып қайтесің, одан да біз естімеген сырларды айт, - деп әзілдеп еді. Сонда:

-Ой, қой, жеңгетай! Япырау, мына бір сөзін тамаша асыл ғой қайта айтшы! - деп қолқалап қоймай отырып « тілден ұшқан сөздердің бәрі қанатты емес. Айтқан - Мүкәмәрә жеңгей» - деп жазып алған-тын.

-Евней Арыстанұлы зор дарын иесі. Оның жазған ғылыми еңбектерінің өзі көркем әдебиет іспеттес болатын. Евнейдің жазған ғылыми еңбектерін оқып танысқан ірі-ірі ғалымдар 1951 жылдың өзінде-ақ тау-кен институтының спекторлық лабораториясындағы жас аспирант-металургке көңіл толатынын талай рет айтып та, жазып та жүргентін. Ол химиялық анализ жасауда өзінің терең ойлы

методикасын көрсете біліп, көпшілік оқымыстыларды таңдандыратын.

Бас-аяғы 30 жылдың ішінде аспиранттық оқуларды тәмамдай отырып, кандидаттық және докторлық диссертация қорғаумен қатар, Балқаш тау-кен комбинатында мыс қорытудың кешенді технологиясын қолдануда бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік сыйлығының иесі болған Евней өзін металлург қатарында санайтын. Оның рационализаторлық еңбектерінің 70-тен астамына шет ел куәліктері мен патенттері беріліп, іс жүзіне асты.

Евней атақты химик Менделеев таблицасын жете зерттегенін, Пушкин мен Маяковскийдің өлең жазу өнерін ғашықтық көңілмен ұға білуін салыстыруға болар еді. Ғылыми жұмыстан қолы босай қалған аз уақытты пайдаланып өзі жазған «Атан қомында туған адам», «Творчесвто қырлары», «Досқа жазған алты хат» сияқты еңбектері, қазақ тіліне аударылған Сергей Есениннің «Анна Снегина», Маяковскийдің «Керемет» поэмалары Евнейдің қалыптасқан жазушы-ақын екендігін көрсетсе, қазақ театрына аударып берген Владимир Маяковскийдің «Қаңдаласы», Шекспирдің «Макбеті» оның өте дарынды драматург-аудармашы екендігін айқындады.

Евнейдің сегіз қырлылығын, Отанына еңбегі сіңген оқымыстылық ерлігін айта келіп, оны аққан жұлдыз Шоқан Уәлихановпен салыстырсақ, онша көп қателеспес едік. Шоқан да оқымысты, тарихшы, этнограф, қайраткер-саяхатшы, жазушы, сонымен қатар суретші, былайша айтқанда, барлық өнерді бір басына үйіп-төгіп берген Алланың адал құлы емес пе?! Евней өте жоғары, көрнекті табыстарға жетіп, үлкен ғалым болса да елін, ел азаматтарын ұмытпай, жыл сайын келіп, қатынасын үзбеген адам-ды. Мен білетін облыс, аудан және ауыл азаматтарының көбімен хат жазысып,

пікір алысып жүрді. Солардың ішінде Ніл Болатбаев, Әміржан Мусин, Уәп Латанов, тағы да көптеген азаматтар бұл жазғанымның куәгерлері де қадірменді жолдастары:

Евней өзін оқытқан ұстаздарын қатты сыйлай біліп, өзінен оқыған шәкірттерді зор еңбекке баулып, тәрбиелей білді. Оның алдынан тәрбие алған талай-талай оқушылар ғылым биігіне шығып, өз Отанына еңбек етіп жүр.

Евнейдің 70 жылдық тойына орай Петропавл қаласындағы бір көшеге және жоғары техникалық колледжге оның есімі берілсе, ел көңіліндегі ердің аруағы риза болар еді.

АСҚАР ШЫҢҒА ТЕҢЕЙМІН

Ебекен қайталанбас биік тұлға,
Ардагер озып туған бұл ғаламда.
Қалайша мақтанбайды туған халқың,
Теңемей ғұламаны асқар шыңға.

Әр елге Ебекеннің аты шықты,
Шеттегі ғалымдар да оны ұқты.
Көмірден мұнай алу еңбегімен
Біразын бақталастың ұрмай жиықты.

Сенімді Қаныш аға шәкірті еді,
Жинаған аға берген тәлімдерді.
Кезінде баға бермей еңбегіне,
Тұқыртты дұшпандары ардагерді.

Келдыштың сенсек егер бағасына,
Жетпейді Ебекеннің қарасына.
Қазақтың Ломоносовы атанғанда,
Сескенген жетеді деп Қаныш ағасына.

Жүйрік ед ұстаздық саласында,
Университет ашқан Арқа даласында.
Жинақтап дарындарды маңайына
Қамқор болған қазақтың баласына

Шебер ед шығармашылық өнеріне,
Көтерілген шарықтар кемеліне.
Қазақтың Маяковскийі атанғанда
Сенген ғой талай еңбек келеріне.

Кемеңгер асыл еді асқар таудай,
Даналық дарынына таңғалғандай.
Анаң сені тапқан жұрт разы,
Ұл сыйлаған қазаққа ортан қолдай.

Шыңына өнер-ғылым барып жеттің,
Көп тұрмай, жұлдаздарша ағып өттің
Аз ғұмырда елеулі еңбек етіп,
Атынды өшпестей ғып жазып кеттің.

ЕҢБЕГІ ЗАЯ КЕТПЕГЕН

"Аға салған жол, адастырмас даңғыл жол" деп халық, айтпақшы, ағамыз, ұстазымыз Сейтең Лиманұлы Сауытбековтің есімі көпшілік қауымға ғасырға жақын халық ағарту жұмысында қызмет атқарған ол, отыз жылдан астам уақыт мектеп директоры болып, мұғалімдердің білімдерін көтеруде, оқушыларға білім бере отырып, оларды жаңа дәуірдің сұранымына сәйкес тәрбиелеуде зор еңбек сіңірген маман екеніне талай-талай оқу-ағарту мекемелерінде жұмыс істеген басшылардың естеліктері бұлтартпас

куә. Секеннің мамандығы математик-физик бола тұра ол мектептерде жүретін барлық пәндердің маманы еді. Мектеп қабырғасында жүретін пәндердің қандайын алма, сол пәндердің кез келген тақырыбына талдау жүргізіп, өзінің сол білгірлі-білімділігімен мұғалімдерді сабаққа терең, ұқыпты дайындауларына тәрбиелейтін.

Мен Сейтен ағайды 1934 жылдан бері білемін. 5-8 сыныптарда алдынан сабақ оқыдым. Оқушылардың қайсысы оқып келді, қайсысы оқымай, үйге берген тапсырманы орындамай келді - соны сыныпқа бір карағаннан білетін. Тіпті кейбір оқушылардың бос уақыттарында не істегенін де айтып беріп, беттерін қызартып таңқалдыратын.

Менің бір түйгенім 1930 жылдардағы бастауыш мектептердің мұғалімдері арифметика сабағына өте күшті сияқты еді: жақсы түсіндіріп, терең білім беретін. Мен алдарынан оқыған Баян ауылдық мектебінде 3-сыныпта мұғалім болған Кәкім Иманов, Майбалық бастауыш мектебінің 4-сыныбында сабақ берген Уәйіс Жақыпұлы сабақты жақсы түсіндіріп қана қоймай, оны қайталап есте мықты сақтауға өте көп көңіл бөлетін. Кейін Кәкім Иманов үздік оқытушы қатарында болып "Ленин" орденімен марапатталған еді. Ал Уәйіс Жақыпов болса кешегідей есте қалған Ұлы Отан соғысында үлкен бір шабуылда ерлікпен қаза тапты. Бір үлгі аларлық ісі жалғыз ғана соғыстағы ерлік емес, сол майданда қиын-қыстау жағдайда жүріп майдандағы, елдегі газеттерге өлең жазып, патриоттық тақырыптарға көп көңіл бөлген азамат еді.

1934-1935 оқу жылында Сейтен Лиманұлы математикадан жоғары сыныптарға сабақ беретін. 1934 жылдың қыркүйегінің орта шені еді. Біздің 5 "а" сыныбына сабақ үстіне кіріп келген Секең мені және Жақсығұл Карамырза ұлы деген оқушы екеуімізді

оқытып тұрған мұғалімнен сұрап алды да, 6-сыныпқа алып барып бір арифметикалық есептің мазмұнын айтып, бізге осы есепті шығарыңдар деді. Ол кезде шамасы (артынан білдік) бір айдай арифметиканың төрт амалын алтыншы сыныпта қайталап барып алгебраға көшеді екен. Біз, әрине, оны білмейміз. 4-5 сыныптардағы өткен есептерге ұксас есепті біз Жаксығұл екеуміз шамасы 20-25 минут ішінде шығарып бердік. Соңынан білсек, 6-сыныпта оқитын отыз шақты оқушылардың біреуі ғана, ол осы күнгі математика дүлдүлі атанған Нұғыман Сатин ғана шығарыпты.

Секен: "Ал Қайырбек, Жаксығұл, сендердің есеп шығарғандарына ризамын, енді бара беріңдер", - деді.

Арада екі күн өткен соң мені, Жаксығұлды оқытушылар кеңесінің шешімі бойынша алтыншы сыныпқа көшірді. Міне осындай Секеннің оқушыларды тани білетіндігінің арқасында біз ешбір оқушыдан кем болмай, 6 сыныпты жақсы оқитындар қатарында бітіріп шықтық.

Сол жылы, сол айда Майбалыққа белгілі заңғар жазушы Сәбит Мұқанов келіп, мұғалімдермен кеңесіп, жақсы ән салатын, тақпақ білетін оқушыларды жинап, соларды тыңдап, мектепке халық жиналып, оқытушылар басқарған ойын-сауық кеші өткізілді. Бұл ойын-сауық кешінде белгілі оқытушылар: болашақ халық акыны Игібай Әлібаев, әзілқой өленші Әділқак Қабдолқақов, оқушылар Көкен Қопышев, Кұдабай Нұртазин, Қабдол Алпысов, Қабдол Бегеев, Мүслима Байтасова, Күләш Тайжанова өздерінің өнерлерімен көзге түсті. Әсіресе, мұғалім Әділқактың "Шықбермес Шығайбай мен Алдаркөсе" әңгімесі бойынша сахналық көрінісі өте-мөте қызықты болды. Заңғар жазушы, жерлесіміз Сәбитпен кездесуге көп көңіл бөліп, сауық кешіне талантты оқушыларды қатыстырып, оларды алға тартып, өнерге араласып, халыққа қызмет етуге басшы

болған Сейтен ұстазымыз еді. Сол кеште ең бірінші рет Сәбит ағамыздың өз аузынан қыршын жасында жау қолынан қаза тапқан Баймағамбет Ізтөлин туралы, оның жалынды өлеңдері туралы, өмірге көзқарасы жөнінде естіп, көп мәлімет алған едік. Кейін менің ССРО Қарулы Күштерінің қарамағында қызмет атқаруыма байланысты көп уақыт Секең ағаймен байланысымыз болмай қалды.

Осы мерзім арасында Секең ағамыз жалғыз математикамен ғана емес, басқа да білім, өнер саласына кірісіп, көп еңбек сіңірген екен. 1984 жылы 2 қараша күні облыстық оқу бөлімінің бастығының орынбасары Қайролла Мұқановтың үйінде кездесіп, келесі күні біздің үйде бас қосқанымызда білгенім: Секең өзінің әдеби шығармаларымен көзге түсіпті. Жазушылар одағының мүшесі екен. Оның «Өс бөбек», «Еңбек күйі», «Үлес» жинақтары «Өртенген өлең» повесі, «Қашқын», «Балуан» поэмалары қалың қауымға белгілі тартымды, қызықты үлгіаларлық шығармалар.

Секең соңғы кезде он жылдан астам уақыт А.С.Пушкин атындағы республикалық кітапханада сирек кездесетін кітаптар және қолжазба бөлімінде жұмыс атқарып, парсы шағатай тілдеріндегі көне шығармаларды қазақшаға аударып, көптеген тарихшылар мен әдебиетшілерге қолғабыс берген еңбеккер.

Секең халық өлеңдерін, мақал-мәтелдерін де жинастыруда көп еңбек сіңірген. Осыған бір дәлел 1840-1922 жылдары өмір сүрген Шағырай Төбетұлының өлеңдерін баспаға дайындағаны. Мен сол жинағын-1984 жылы 2 қараша күні көшіріп алып 3-4 өлеңін өзіміздің «Солтүстік Қазақстан» газетінде жарияладым.

Шағырай ақынның туыстары бір қуанған еді. Әсіресе жиені бұрынғы облыстық мәдениет басқармасын басқарған Сейпіл Ноянұлы Уақпаев көп

жыл еңбек сіңіріп, нағашысы Шағырай ақынның өлеңдерін жинаған Секене, көшіріп алған маған да көп рахметін айтқан еді. Секен қазақ "Әліппесін" құрастыру жөнінде жарияланған жарысқа да қатысып, бірінші қолдау сыйлығына ие болған маман педагог. Секен көп жылғы ұстаздық еңбегі үшін "Құрмет белгісі" орденімен, Білім министрлігінің грамотасымен, "Халық ағарту ісінің үздігі" белгісімен марапатталған.

Секен өте зор білімді, өнер сүйгіш еңбекқор ұстаз еді. Оқушылардың ата-аналарымен кездесіп, олардың оқуға деген ынтасын көтеруге көп көңіл бөлетін.

Секеннің алдынан жарты ғасырда өткен оқушылар еліміздің әрбір түкпір-түкпірінен көптеп кездеседі. Олардың ішінде өнер, білім, қоғам қайраткерлері де аз емес.

Секен - еңбегі зая кетпеген ұстаз. Секен ағамыз жүрегіміздің соғуы біткенше есімізде сақталады.

31 мамыр 2002 ж.

ДҮЛДҮЛ

Нұғыман Қабдоллаұлы Сатин Преснов ауданының Айымжан ауылында тұрады. Ол облыс жұртшылығына математикадан сабақ беретін мұғалімдердің ішінде дарынды математик ретінде белгілі. Нұғыман жарты ғасыр ұстаздық өмірі ішінде бірнеше буын жас өспірімдерді оқытып, тәрбиелеп шығарды. Білім беру саласындағы озаттардың алды болып «Оқу-ағарту ісінің озаты» белгісімен наградталды.

Осы күні әрбір пәннің озат оқушыларының аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалары

Нұғыманның алдында оқыған балалар математика пәні жарысында оқшау көрінетін. Оқытушылар арасында мұндай олимпиада өтпесе де, облысымыздағы қазақ, орыс мектептерінің көптеген математиктері Нұғыман алдында бастарын иіп, оның зеректілігін жоғары бағалап, сыйлайтын.

Талай-талай өткен аудандық, облыстық, республикалық инспекторлық тексерулерде Нүкеннің сабақ беру әдісі, оқытушылық тәсілі ауыр сындарға түсіп көрген емес. Бір кездерде Айымжан орта мектебінде Нұғыманмен бірге қызмет істеген тарлан журналист Сәркен Барқытов былай деді: «Бірнеше жыл Нүкенмен бірге қызмет істегенде талай рет болған инспекторлық тексерістерде математика сабағынан бірде-бір ескертпе сөздер айтылған емес. Нұғыман алдынан оқыған оқушылардың институттардың математика факультетіне түскендерінің ешқайсысы да сыннан құлап көрген жоқ. Солардың көпшілігі институтты бітіргеннен кейін жақсы оқытушылар қатарында болса, кейбіреулері аспирантураны бітіріп, математика ғылымының кандидаты атағына ие болып жүр. Ал енді Нұғыманды математика мұғалімі ғана деп айтуға болмайды. Қай пәннен болмасын тамаша хабарлар екендігін оқушылар түгіл, оқытушылардың алдарында да білдіріп отыратын. Сондықтан басқа пәндердің мұғалімдері сабақ беруге атүсті дайындалмай, Нүкеннің шымшы ма сынына түспеуге тырысатын».

Облыстық білім беру басқармасы бастығының орынбасары Қайролла Мұқанұлы Мұқанов айтады: «Мен облыста отыз жыл қызмет істеп жүріп, оқытушылар арасында, әсіресе, математиктер арасында әңгіме болғанда олар Нұғыман Қабдоллаұлының математиктігіне ден қоя отырып, оның қай пәннен болса да сабақ бере алатын білімі бар дейтін. Бір жылдары

әскери дайындық пәні мен ән-күйден сабақ беретін мамандар табылмай қалып, Айымжан мектебінде осы пәндерді Нұғыман жүргізді. Нұғыман бұл пәндерге немқұрайлы қарамай, өте жауапты қарап, оқушыларға жақсы білім беруге тырысты. Әскери дайындық пәнінен оқушылардың білімі сыналғанда аудандық әскери комиссариаттан жоғарғы баға беріліп, Нұғыманға алғыс жарияланып, грамота берілді».

Оның мұндай жоғары табысқа жетуіне мықты негіз бар болатын. Олай дейтінім, Нұғыман Владивостоктың жаяу әскер училищесін, Сібір округтік әскери білімді жоғарылату курсын бітіріп, станокты пулемет ротасының командирі болған, запастағы аға лейтенант, дайындығы мол азамат болатын.

Менің Нұғыманды білуім 1928 жылдан басталған-тын. Екеуміз Майбалық орта мектебін бітіргеннен кейін ол Қазақ педагогика институтының математика факультетіне түсті. Келесі жылы Преснов аудандық әскери комиссариаты міндетті әскерлік қызметке алды. Бізбен бірге қазіргі қарт журналист Есілбай Қазыбеков, партия және совет органдарында қызметтер атқарған Қалихан Мәмбетов, Қайрош Шоқанов, тағы басқа отыз шамалы азаматтар бірге әскери қызметте болдық. Нұғыман екеуміз офицерлік дәреже алғаннан кейін де арадағы аз үзілістерді есептемегенде бес жылға жақын бірге қызмет атқардық.

Фашистік Германиямен соғыс аяқталар кезінде, 1945 жылдың ақпан айында Нұғыман Ішкі істер министрлігінің әскери бөліміне ауыстырылып, ол орталық Сібір бойындағы ірі-ірі өзендерге салынған стратегиялық маңызы бар темір көпірлерді жаулардан қорғау - сақтау жұмысын басқарып, еселі еңбек сіңірді. 1946 жылы ауыл шаруашылығына керекті білімі бар офицерлерді әскер қатарынан запасқа жібергенде мұғалімдік білімі бар Нұғыман да әскери кадрлықтан

босанып, елге келген.

Нұғыманның есепке жүйріктігін облысымыздағы белгілі математиктер Шияп Садықов, Сейтен Сауытбеков, Бәрменбай Темірболатов аса жоғары бағалаған. Бұл туралы Бәрменбай Темірболатов: «Нұғыман 9 класта оқып жүргенде сынау үшін 10 класта өтетін программадан бір қиын есепті бердім. Ол сол есепті жарты сағатқа жеткізбей шығарып еді, ал мен өзім осы есепті шығаруға төрт сағат ойланған едім», - дейді.

Нұғыман жас кезінде есеп десе есі-дерті кетіп, басқа ешбір іске мойын бұрмайтын. Міндетті әскер қатарындағы алғашқы айларда бір «қызық» іс болды. Біздің Қызыл тулы полкіміз Амур облысындағы «Свободный» деген қалада тұрды. Моншаға баратын жеріміз қаладан алты шақырым жердегі поселкеде еді. Моншаға ротамыз түгел келгенмен, бірінші болып 1-2 взводтар түседі де, 3-4 взводтағы біздер бір сағаттан артық уақыт далада кезегімізді күтеміз. Біздің взводтағы бір удмурд жігіті магазинге барып тұздаған балық алып келіп, бұл атлантикалық сельд деп мақтамасы бар ма? Иісі мұрнымызды қытықтап, жарып бара жатқан әлгі балықтан дәм татуымыз сол-ақ екен – жамандай шөлдедік. Су ішейік деп бір үйдің есігін қағып кірсек – ауыз уйде бір бала жігіт есеп шығарып отыр. Суды іше салысымен Нұғаң : «Немене шықпай жатыр ма, кане, маған берші», - деп кірісті де кетті. Шамасы, 30-40 минут ішінде есептің бытшытын шығарып, берілген жауабына келтіріп те берді. Енді далаға шықсақ, ротамыз жуынып болып, кетіп те қалыпты.

Амал қанша, басымыз салбырап қазармаға келсек Есілбай Қазыбеков: «Ойбай құдай ұрды, қайда жүрсіндер, сендерді старшина іздеп: «Самовольщики, дезертиры» деп айғай салып еді, рота командирі

канцелярияға шақырып, тегі оның да әкесін танытқан көрінеді, бет-аузы күп-күрең болып шықты. Меніңше, енді сендер оған көрінбей взвод командиріне, не болмаса рота командиріне өздерің барып шындықты айтып, кешірім сұрамасаңдар болмас», - деді.

Амал жоқ, рота командиріне кірдік. Біз кірісімен, ол старшинаны шақырып алды. Старшина келісімен көзін алайтып, айғайлап келе жатыр еді. Рота командирі «Молчать» деп оны тыйып тастады да, бізді тексере бастады. Болған оқиғаны бастан-аяқ айтып едік «Кезексіз үш наряд» деп бізге бұйрық берді.

Артынан бір сағат өтпей рота командирі Нұғыманды қайта шақырып: «Қане, математик болсаң, мына есепті шығаршы», - деп 7 кластың есеп кітабындағы есепті көрсетіпті. Біздің Нұғыманға ол есептің шекілдеуік шаққаннан оңай екенін қайдан білсін, содан манағы бұйрығын бұзып, «бұдан былай сен маған мұғалім болып көмектес», - депті. Соңынан байқасақ: жалғыз біздің ғана командиріміз емес, басқа командирлер де кешкілік ересектер оқитын мектепте оқиды екен. Сөйтіп Нұғыман екеуміздің басымызға төнген «Үш наряд» деген пәледен осылай құтылып едік.

Есепке жүйріктігін тағы бір көрсеткен жері Новосибирск қаласында Әскери білімді жоғарылату курсында оқып жүргенде болды. Теориялық сабақтар өткенде курсты тыңдаушы барлық офицерлер бір үлкен залға жиналатын. Жүзден астам орта және жоғары білімі бар офицерлердің алдында Мелехин деген майор баллистика сабағында (оқтың ұшу заңдары туралы) шығарып тұрған есептің тура желісінен жаңылып, есеп шықпай, қолайсыз жағдай болды. Сол кезде орнынан атып тұрған Нұғыман есепті шығару жолын жалғастыруға рұқсат сұрады. Шамасы, 10-15 минут ішінде есеп шығарылып, Нұғыман әлгі баллистикалық теория жайынан түсінік берді. Бұған риза болған майор

Мелехин бізден кешірім сұрап, Нұғыманға өзінің алғысын жариялады.

1960 жылдардың орта шенінде мен демалыста жүріп, Қарағандыға бардым. Сол Қарағандыдағы бір жолдастардан Нұғыманның бір себептермен пединституттың 4 курсы сырттан оқып жүргенін естіп, оны іздеп институтқа келсем, математика факультетінің деканы (фамилиясы есімде қалмапты), бір кәріс жігіт Нұғыманды проректорға мақтап отыр. Мен сөздерін бұзбай тындап отырсам, оның айтуынша, стационарда оқып жүрген 4 курс студенттерінің бірде-біреуі бір есепті шығара алмайды. Енді сол есепті сырттан оқып жүргендерге бергенде біздің Нүкен 20 минутқа жеткізбей шығарады. Осыған риза болған әлгі оқытушы Нұғыманнан емтихан алмай-ақ зачет книжкасына «бес» қойып беріпті. Айта берсек, Нүкеннің есеп жайынан осындай қызықтары көп.

Жоғарыда Нұғыманның ән-күй сабағын жүргізгенін айттық. Осы жайында мен құрдастығымды пайдаланып, қалжыңдадым. Ол сонда: «Сен күлмей-ақ қой, «Шын жыласа, соқыр көзден жас шығады» дегендей, бұл сабақты беретін кісі болмағандықтан, балалар мақрұм қалмасын деп мойныма көтере алмастай жүк артқаным рас. Сен дөкей болсаң, қане, Тәттімбеттің «Сылқылдағын» тартшы деп домбырасын ұсынды.

Математика пәнінің дүлдүлі Нұғыман Қабдоллаұлы Сатин өткен қаңтар айының 15 күні 70 жасқа толды. Оны сол мерейтойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, жұбайы Разиямен бірге ұзақ өмір сүріп, есебінен жаңылмасын деген тілек білдіремін.

05.02.1992
Ленин туы

Мүкәрәма СЫЗДЫҚОВА ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

«СОҒЫС» ДЕГЕН СӨЗ ҮРЕЙЛІ

Мен 1944 жылдың мамыр айында әскери адам – Қайырбек Сыздықовпен отастым. Соғыстың зардабына байланысты екеуіміз бір-ақ жұма тұрмыс құрып, Қайырбек әскери қызметіне кетіп, мен оның үлкен семьялы әке-шешесінің қолында қалдым. Менің ұлтым татар болғандықтан, қазақша сөйлегенді шала түсініп, қарым-қатынас жасау, сұрағанға жауап беру бірінші күннен бастап қиындыққа түсті. Қазақша айтқан сөздерді ә дегенде ұқпай қалып, мылқау адамша тұрып қалатын да күндер болды.

Өз үйімде ерке болып, үй шаруасына анда-санда ғана қатысып өскен маған ас-су істеу, мал күтіп, сиыр сауу, төл алып, төл күту деген азаптың азабы еді. Оның үстіне қазақ салтымен көп келетін келім-кетім қонақтарды күтуді үйрену қиын болды. Мектепке баратын балалардың оқуын да қадағалап отыру міндеті менің мойнымда болды. Бұл жағынан келгенде бір жақсы жері балалардың бәрі орысша оқып, маған көп жеңілдік тиді.

Осы күні есіме келеді: 1960 жылы қырғыз елінде санаторийде болғанда 10 сыныпты бітірген дүнген ұлтты бір қыздан: - «енді қай жерге оқуға барасың?» - деп сұрағанымда ол: «Қазан университетіне барам» деп жауап берген еді. Онысы бір жігіт ол қызды айттырып қойған екен де, жуырда күйеуге шығып, қазан-ошақ оқуына кірісем деген сөзі екен. Сол айтқандай, мен екі жарым жыл күйеуімді күтіп, оның әке-шешесінің қолында тұрып «Қазан-ошақ» университетін бітіріп, қазақтың салтын да, тілін де жақсы игеріп шықтым. Кейін соғыс бітіп, жас әскерлер елге келіп, үйлене

бастағанда ойын-тойға барып қазақ ғұрпынша өлең айтып, ойын-сауық тәртіптерін де үйрендім. Сонымен түрім татар болғанмен, қазақ келіні болып шыға келдім. Балаларды жетелеп оқуға апарып жүріп, сабақтарын бірге жасасып, олардың алдында оқытушылық абырой-беделге де жеттім.

Атам марқұм үй-іші болып шай ішіп отырғанымызда енеме қарап: - «Сағипа, сен не білесің, біз қызымыздан айырылғамыз жоқ, Мәрәштің орнында Мүкәрәмә бар, бұдан былай Мүкәрәмәні Мәрәш деп атайық, оған қалай қарайсыздар» деп енем мен маған қарады. Мен қарсы болмадым. Міне, мен сол сәттен бастап Мәрәш атандым. (Мен келмей тұрып, ата-енемнің Мәрәш деген қызы қайтыс болған екен).

Таңертеңгі сағат 11-дің кезі еді. Екі шелек сүтті иінағашқа іліп (біреуі көрші апайдікі) Береговой атты шолақ көшеде тұратын Қапия (Құсайын келіні) жеңгей үйіне сүт салуға кетіп бара жатқанмын. Май айы жаңа басталған. Күн жылығанмен, көшелер әлі де саздау болатын. Бір саздау жерді айналып өте бергенімде «Мәрәш, Мәрәш» деген марқұм атам дауысын естідім. Ол кезде атаммен сөйлесу түгіл, тура қарауға ұялушы едім, тоқтап көз қырын салсам, атам марқұм аудандық мал дайындау кеңсесінен шығып, қалбалақтап жүгіріп келеді.

- Таста, таста, қалқам, соғыс, соғыс бітті үйге жүр, - деп қасыма келіп менің маңдайымнан сүйді. Өзі жылап тұр. Сол жерде қуаныштың күштілігі ме, әлде басқа бір күштің әсері ме, не айтарымды, не істерімді білмей, қалшидым да қалдым. Папам (атамызды бәріміз де папа дейтінбіз):

- Қарғам-ау, неғып тұрсың, соғыс бітті, бәрін таста, үйге жүр, қазір жұрт келеді, шәй қой, - дейді. Мен әлі тұрмын. Сәл уақыт өткеннен кейін екі шелек сүтті екі көрші кемпірге тастай сала үйге қарай жүгіре түсіп,

-алдымда жортақтап бара жатқан атамды көріп аяндай бастадым. Атам үйде көп аялдамай, далаға қайта шығып:

- Қарғам-ау, әлі келе жатырсың ба, тезірек шәй қой, - деп кеңсеге қарай бұрыла берді.

Үйге кірер-кірместе енем Сағипа қуанғаны ма, балаларын сағынғаны ма, әйтеуір алдымнан шығып, зарлап қоя берді. Мені құшақтап тұрып, бір сөздерді айтып зарлап жылайды. Арасында түсінгенім Қайырбек пен Серікбай. Қайырбегі – үлкен ұлы – менің күйеуім де, Серікбайы – менің қайным. Сол сағатта ол кісінің зарына көп түсіне қойған жоқ едім. Әйтеуір, соғыстың біткен қуанышы деп ойлағанмын.

Бір-бірімізден айырылыспай жатып кеңсе қызметкерлері мен көрші- қоландар келіп, амандасқан қуаныш сөздер, құттықтаған дауыстар, балаларын жоқтап жылаған әйелдер дауысы, бәрі араласып зор қайғылы-ғуіл болды да тұрды. Сіздерге өтірік болмас, дәл сол сәтте қорадағы малдар мен құстар да шулады.

Мен және марқұм Рәзила жеңгей (Сәуірбай келіні) екеуміз шәй қойып жүріп қуаныштан әрі күлеміз, әрі жылаймыз. Жеңгеміз «Сен бақыттысың, Қайырбегің аман қалды ғой» деп мені жұбатып қояды. Шәй ішіліп, жұрт тарағаннан кейін папам марқұм төрде домбырасын тартып отыр еді, қарасам: көзінен жас парлап ағып отыр. Сол-ақ екен, менің де буындарым босап, булығып жылап жібердім. Қораға шығып өксіп-өксіп жылап мауқымды бір баса алмадым. Сол кезде Рәзиля жеңгей келіп: «несіне жылайсың, қайта өлең айт», - деп менің көңілімді көтергісі келеді.

Әрине, менің жылауымның жөні де жоқ сияқты, жұрт көзіне күйеуім сау, ата-енем, туған-туысқаным қасымда, неменеге жылау керек сияқты.

Менің ойымнан кетпей тұрған, соғыс бітіп, Жеңіс хабары келгеннен соң сол соғыста қаңын төгіп, жанын берген туыстар тіріле ме, қуандырып келе ме?! Әрине,

тірілмейді де келмейді. Сондықтан манағы жиналған халықтың қуанып тұрып, жылауының негізі осында емес пе?! Мені тәрбиелеп, мәпелеп өсірген әкем Қайретдин Рахматуллин (Преснов ауданының партия комитетінде қызмет атқарған) кешегі ұзақ қан төгіскен соғыста Қырымда «Гнилое озеро» дегені жерде Отан үшін, халық үшін жанын берді.

Ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталды. Ол орден ескерткіш ретінде менің қолымда көзімнің қарашығындай сақтаулы. Бірақ, әкем келмеді, бізді маңдайымыздан иіскемеді, басымыздан сипамады.

Қайным Серікбай. Қайнымды айтумен, кәртішкесінен ғана білем, Белоруссия жерінде 1944 жылы соғыста ерлікпен қаза тауыпты. Соғыс біткелі 55 жыл өтсе де, халықтың қайғы-қасіреті таусылған жоқ, ол қалай ғана ұмытылар. Соғыста әкелері өліп, жетімдік көрген балалар ер жетсе де, ол қасіретті еске алмай тұра ала ма.

Мен өзім өсіп келе жатқан жас жеткіншектерге, оларды тәрбиелеп жүрген оқытушыларға өте-мөте ризамын, олар өздеріне бейбітшілік өмір әперген аталарын, ағаларын, әкелерін, шешелерін, апаларын ұмытпай, белгісіз қабірдегі аруақтардың атын білуде көп еңбек сіңіріп жүр.

Менің қайным Серікбай Сыздықұлы 1925 жылы Айтуар ауылы Жамбыл ауданында дүниеге келген екен. 17 жасында 1942 жылы майданға аттаныпты. Майданда бір жылдай ұрыстарда болып, көптеген елді мекендерді азат етуде өзінің солдаттық үлесін қосыпты. 1944 жылы Белоруссия жерін жау тырнағынан құтқару жөнінде жоспарланған «Багратион» операциясындағы Могилев облысы үшін болған шабуылдың бірінде ерлікпен қаза тауыпты. Қалай риза болмассың, сонау алыстағы Белоруссия жеріндегі жасөспірім балалар өздерін

азат еткен қазақ жауынгерлерінің туыстарына алғыс айтып, сол жерде жерленген жауынгерлердің қабірлерін күтіп ұстайтынын хабарлайды. Олар әр уақыт қабірлерді сырлап, бастарына тірі гүл апарып, әдемі ағаштар мен гүл еккендерін айтады. Сол жас буындардың бірі оқытушы – Вера Карабанова басқарған Белоруссия Республикасындағы Могилев облысы, Горечский ауданындағы Ряснян мектебінің VI «а» сыныбының оқушылары былай деп хат жазды: «Біз өзімізге бақытты өмір әперу жолында қаза тапқан жауынгерлерді еш уақытта ұмытпаймыз. Біздің елімізді босатуда қаза тапқан жауынгерлердің бәрін де білеміз. Біздің мектепте мұражай бар. Онда сол жауынгерлердің фото-суреттері, өмірбаяндары бар. Сіздер Серікбай Сыздықұлы Сағындықовтың фотосуретін жіберсеңіздер өте жақсы болар еді».

Осы хатты алысымен біз, жолдасым екеуміз, ақылдасып Серікбайдың әке-шешесі және басқа да туыстары жерленген зираттардан, туған жерінен топырақ алып барып, Рясняндағы туысқандар қабіріне салдық. Оқушылардың жазғанындай, бір туысқандар зиратында 585 жауынгер жерленіпті. Қабір көрнекті жерде орналасқан, жағалай сәнді ағаштар мен гүлдер егіліпті. Зиратта әрбір жауынгердің аты-жөңі, ұлты, туған жері жазылған, мәрмәр таңбалармен көмкерілген.

Менің күйеуім Қарулы Күштердің офицері болғандықтан, бір әскери округтен екінші әскери округке, бір гарнизоннан, екінші гарнизонға көшіп-қонып 32 жыл еңбек етті. Маған кеңес солдаттары мен офицерлерінің өмірі мен қызметі өте таныс.

Менің өз ұлдарым Руслан мен Нұрлан да әскери борышын дұрыс атқарып, міндетті әскери қызметін өтеді. Қайындарым Зейнолла мен Жасландар да 25-30 жылдан әскери қызметпен ішкі істер мекемесінде қызмет атқарды.

Мен біздің солдаттар мен офицерлердің ұлтына қарамай мызғымас достық жағдайларын да білем. Өйткені олар бірімен бірі иық тірестіріп, бір тілекте Отан үшін, халық үшін қызмет атқаруда. Мен бес баланың анасымын. Оларды тәрбиелеп өсіргенім үшін «Ардақты ана» медалімен марапатталғанмын. Ал соғыс кезінде тылдағы еңбегім үшін Ұлы Отан соғысының 50 жылдық жеңіс медалін алдым. Мен Жеңісті көп күтіп, Жеңіс сағатын естіп, көрген кездегі кейбір әсерлерімді жазып отырмын.

Соғыс деген сөз болмаса екен.

Петропавл қаласы.

22.08.2003ж

Қайролла Мұқанов

ҚАЙЫРБЕК АҒАЙДЫҢ 70 ЖАСҚА ТОЛУЫНА

Уақыт зымырайды желмаядай
Аялдап арасында бір тоқтамай.
Алпыстан арқыратып шауып өтіп
Жетпіске келіп қапты біздің ағай

Жетпісін ағай үшін кәрілік емес
Жетпісті құрайды ғой екі отыз бес
Отыз бес ер жігіттің жасы емес пе,
Жаркылдап наркескендей қылған елес

Ендеше ағай бүгін отыз бесте
Қасында жеңгеміз бар жиырма бесте
Көңілі екеуінің баяғыдай
Шырқатып ән салады осы кеште.

Сондықтан жетпісіңіз жеті белес
Алдағы он белестен берген елес
Жетпістен желіп өтіп, жүзге жетіп,
Болыңыз елу жаспен сіз тетелес.

Сондада аузыңыздан ән кетпесін,
Бойынан жеңгеміздің сән кетпесін
Екеуің қатар жүріп арамызда
Көрейік әлі талай ән еркесін

31.01.1992 ж

ҚАЙЫРБЕК АҒАЙДЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА

Қызылжардың шаһарының төсінде
Екі қабат мейрамхана «Есілде»
Өтіп жатыр бүгін міне мерейтой
Әр адамның қалатындай есінде.

Жетпіс жастан желіп өтсе Қайрекен
Сексен деген тағы бір жас бар екен
Әуселесін оның да бір көрсем деп,
Осы ағамыз арман қылып жүр екен.

Бүгін толды Қайрекеңе сексен жыл,
Сол жылдарда бар –ау, сірә, талай сыр
Сексен жылда кеудесінен ағайдың
Төгілді ғой талай ән мен талай жыр

Тал бойына қару –жарақ тағынып,
Отырса да тар окопта қамығып.
Ән шығарып жазған екен Қайрекен,
Елде қалған сүйген жарың сағынып.

Соғыстың ол азаптарын көп көрді,
Талай жердің дәмін татып жеп көрді
Батыста да, Шығыста да болғанда
Соғыс деген ғаламатты жек көрді.

Қай өлкеде, қай мезгілде жүрсе де,
Туған елі жүрді оның, жүрді оның есінде
Сүйген жарын сағынғанда әрдайым
Көруші еді кездесіп ол, кездесіп ол түсінде

Ақырында орындалып тілегі,
Аман-есен туған елге келеді.
Туыстармен кездескенде жарымен
Әлі есінде асау аттай тулағаны жүрегі.

Одан кейін өтті талай жылдары,
Өсіп-өнді қыздары мен ұлдары.
Немерелер, жиендер мен «аталап»
Бірге келеді қол ұстасып жан-жары

Құтты болсын қадірлі ағай сексен жас,
Аман болсын отбасыңыз, мал мен бас
Шауып өтіп тоқсан жасқа тоқтамай,
Желдей есіп, өлеңдетіп жүзден ас!

Соның үшін жиналған бар халайық
Ақ тілекпен алақанды жайайық
Саулығына той иесі ағайдың
Жүз грамды түгел алып қойайық

23.02. 2002 ж
Қайролла Мұқанов

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ БІР СЫРЛЫ

1972 жылдың сәуір айының аяқ кезінде Чайковский көшесіндегі біздің үйге белгілі ақын әрі әнші Игібай Әлібаев пен бойшаң, толық денелі бой түзеуіне қарағанда әскери қызметте болғанын білдіріп тұрған бейтаныс адам келді. Иекенді көптен білетінмін. Аmandық-саулық сұрасқаннан кейін Иекен қасындағы кісіні таныстырды.

- Бұл кісі менің ауылдас інім Қайырбек Сыздықов, көп жыл басқа жақта әскери қызметте жүріп, биыл отставкаға шығып осы қалаға көшіп келді сенің көршің болды, міне, мынау үйде тұрады, - деп терезеден көрші үйді көрсетті. Осы кездесуден кейін біріміз аға, біріміз інідей жақындасып кеттік. Отбасымызбен араласып мереке, қуаныштарды бірге өткізетін болдық. Оның үстіне бұл кісі сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі екен. Кайрекен өзі әскери адам болса да, өлең шығаратын ақын, ән шығаратын сазгер, әнгіме, очерктер, мақалалар жазатын журналист, домбыра тартуға да шебер болып шықты. Бұл бізді тіпті жақындатып жіберді.

Кайрекеннің өнерге құмарлығы сонау 30-шы жылдары Төңкеріс ауданының орталығы, болған Майбалық ауылындағы орта мектепте оқып жүргенде басталыпты. Онда ол мектептес жолдасы әрі құрдасы әнші. Көкен Қопышевпен бірге домбыра мен мондалинада ойнап, көркемөнер үйірмесіне қатысқан. Сол кезде қазақ әдебиетінен сабақ берген Ғазез Әбішевтің әдебиет үйірмесіне қатысып, мектеп қабырға газетінде өлеңдерін шығарып тұрған.

- 1934 жылғы қыркүйек айының орта кезінде, - деп еске алады Қайрекен, - біздің Майбалық мектебіне жазушы Сабит Мұқанов келіп, өлең, жыр, тақпақ айтатын мұғалімдер мен оқушыларды жинап

әңгіме-дүкен құрып, сол күні сауық-кеш өткізді. Оған мұғалімдер Сейтен Сауытбеков, Әділхак Ғабдулхақов, Кәлау Тайжанов, Уәйіс Жакыповтармен бірге Көкен Қопышев, Қабдол Бегеев, Қабдол Алпысов, Мүслима Бектасова, Құдабай Нұртазин, Қайырбек Сыздықов сияқты оқушылар да қатысты. Бұл кеш жас өнерпаздың әдебиет пен өнерге деген құштарлығын одан сайын қайрай түседі. Ол тіпті 1939 жылы Преснов ауданының атынан облыстық жас ақын-жазушылар слетіне қатысып, Мәдидің "Қаракесек", Сегіз серінің "Қарғаш" әндерін асқақтата орындап береді.

Сол жылы орта мектепті бітірген Қайрекең алдымен «Үлгі, одан кейін Баян жетіжылдық мектептерінде оқытушы болып қызмет істейді. Ал, 1940 жылғы қазан айында ол міндетті әскерге алынады да көп жылдар бойы қарулы күштердің кадры қатарында қалады. Әскерде соғыстың қиын кезінде жүрсе де табиғи талант жарыққа шықпай қоймайды екен. 1942 жылғы Волхов майданында жүрген кезім еді -дейді Қайрекең. Суық, сызды окопта жатып тыныштық сәтінде туған жерді туысқандарды, сүйген жарды ойлайтын кез жиі болады. Сол бір өмір мен өлім арасындағы камкөңіл шақта жауынгерді сағына күткен сүйген жар ойға оралмай ма? Өз-өзімнен ыңылдап ән сала отырып сағынышты әуеннің қалай туғанын да байқамай қалыппын. Дереву сөзін блокнотқа түртіп ала қойдым. Сол тұңғыш әнімді "Аңсарым сен" деп атадым. Одан кейін де бірнеше ән туды ғой. Бірақ сол сыз окоптағы алғашқы әнімнің орны алабөтен, ерекше ыстық, дейді ардагер ағамыз.

Жалпы Қайрекең жиырма шақты ән шығарған. Олардың ішінде Сырбай Мәуленовтың "Қос қару", Махмұдбай Әміреевтің "Ардагерлер", Игібай Әлібаевтың "Туған жерім Айтуар", Кәкімбек Салыковтың "Күлші еркем", Мақсұт Байсейтовтың,

"Арманым аңсаған", Мүтәллап Қанғожинның "Қызылжар" атты өлеңдеріне шығарған әндері бар. Бұл әндердің нотасы Қарағандының облыстық "Орталық Қазақстан", өзіміздің "Ленин туы" ("Солтүстік Қазақстан") газеттерінде жарияланды. Сазгердің кей әндері облыстық, республикалық радио арқылы шырқалып та жүр. Мысалы, Иекеннің сөзіне жазылған "Айтуар" әнін белгілі әнші Әскербек Еншібаев республикалық радио арқылы талай рет әндете шырқады, Мүтәллап Қанғожиннің сөзіне жазылған "Қызылжар" әнін республикаға белгілі әнші Айгүл Мұхаметжанова орындап жүр. 1993 жылы жыр жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдық мерейтойында атакты ақынның "Сүй, жан сәулем" атты өлеңіне Қайрекең ән шығарып, оны әнші Ұлан Омаров орындаған еді. Қайрекеңнің өз өлеңдеріне шығарған әндері де жұртшылықтың көңілінен шығып жүр. Мысалы, оның "Ардагер" әнін кезінде облыстық радиодан белгілі әнші Бүркіт Бекмағамбетов айтып жүрді.

1994 жылы мамыр айында облыстық филармонияда қазақ емес ұлттардың өкілдерінің мемлекеттік тілде өткізілген саз-поэтикалық фестивалінде Қайрекеңнің өзінің туған ауылы Айтуардың жастарына арнап шығарған "Сенбесендер, келіп көр" атты әнін Петропавл пединститутының музыка факультетінің студенті Новелла Попова нәшіне келтіріп таза қазақ тілінде тамылжыта шырқағанда жиналған халық зор ризашылықпен қол соққан еді. Осы әнді тамаша орындағаны үшін Новелла қазылар алқасының шешімімен жүлделі орынға ие болып марапатталған болатын. Қайрекеңнің "Бұлбұл қыз" атты әнін өзі де бұлбұлдай шырқап ән айтып жүрген әнші Дәмеш Құрманкина орындады. Ағамыз бәйбішесі, Мұқәраманың 60 жасқа келгеніне арнап,

"Арманым аңсаған", Мүтәллап Қанғожинның "Қызылжар" атты өлеңдеріне шығарған әндері бар. Бұл әндердің нотасы Қарағандының облыстық "Орталық Қазақстан", өзіміздің "Ленин туы" ("Солтүстік Қазақстан") газеттерінде жарияланды. Сазгердің кей әндері облыстық, республикалық радио арқылы шырқалып та жүр. Мысалы, Икеңнің сөзіне жазылған "Айтуар" әнін белгілі әнші Әскербек Еншібаев республикалық радио арқылы талай рет әнде те шырқады, Мүтәллап Қанғожиннің сөзіне жазылған "Қызылжар" әнін республикаға белгілі әнші Айгүл Мұхаметжанова орындап жүр. 1993 жылы жыр жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдық мерейтойында атақты ақынның "Сүй, жан сәулем" атты өлеңіне Қайрекең ән шығарып, оны әнші Ұлан Омаров орындаған еді. Қайрекеңнің өз өлеңдеріне шығарған әндері де жұртшылықтың көңілінен шығып жүр. Мысалы, оның "Ардагер" әнін кезінде облыстық радиодан белгілі әнші Бүркіт Бекмағамбетов айтып жүрді.

1994 жылы мамыр айында облыстық филармонияда қазақ емес ұлттардың өкілдерінің мемлекеттік тілде өткізілген саз-поэтикалық фестивалінде Қайрекеңнің өзінің туған ауылы Айтуардың жастарына арнап шығарған "Сеңбесендер, келіп көр" атты әнін Петрәпавл пединститутының музыка факультетінің студенті Новелла Попова нәшіне келтіріп таза қазақ тілінде тамылжыта шырқағанда жиналған халық зор ризашылықпен қол соққан еді. Осы әнді тамаша орындағаны үшін Новелла қазылар алқасының шешімімен жүлделі орынға ие болып марапатталған болатын. Қайрекеңнің "Бұлбұл қыз" атты әнін өзі де бұлбұлдай шырқап ән айтып жүрген әнші Дәмеш Құрманкина орындады. Ағамыз бәйбішесі, Мүкәраманың 60 жасқа келгеніне арнап,

"Құттықтаймын" атты өлең шығарып, әнін өзі домбыраға қосып қоңыр дауыспен нақышына келтіріп айтқанына куә болғанбыз.

Кайрекеңнің әр қилы тақырыпта жазып газет беттерінде жариялаған мақалаларының өзі бір төбе. Ол өзінің жақын жолдастары әрі құрдастары Көкен Қопышев туралы "Ержүрек әніне 50 жыл", Нұғыман Сатин туралы "Дүлдүл" атты мақалалар жазды. Облыстық газетте оның жариялаған мақалаларының көпшілігі Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен облысымыздың ақын, әнші, жазушыларына және табиғат қорғау тақырыптарына арналған. Мысалы, "Көк домбыра" әңгімесі ақиық ақын Игібай Әлібаевқа, "Кемел дарын" мақаласы жазушы Сафуан Шаймерденовке, "Комиссар туралы ескерткіш" соғыста комиссар болған Қайретдин Яхьяұлы Рахматуллинге арналған. Бұлардан басқа Ұлы Отан соғысының батыры Ысқақ Ыбыраев, жауынгер сазгер Рамазан Елебаев, ардагер ұстаз Шияп Садықов, еңбек ардагері Мағзұм Әлжанов, Отан соғысының ардагері Балғожа Кенжеғозин, облыстан шыққан ақындар Молдахмет Тырбиев, Шағырай Төбетов, Біржан Берденовтер, әнші Ілияс Шаймерденов, жазушы Сәбит Мұқанов, ғалымдар Шоқан Уәлиханов, Евней Бөкетов жөнінде, т.б. көптеген мақалалар жазып жариялады. Қазақ болып кеткен орыс ұлтының өкілі, халық емшісі Жайлаубай туралы "Жайлаубайдың жусаны" атты әңгімесі де қалың жұрт көңілінен шықты.

Қайырбек Сыздықұлы әскери кадрлар қатарында 32 жыл қызмет атқарыпты. Оның он жылында атқыштар қатарында пулемет взводының, пулемет ротасының командирі, атқыштар батальонының аға адьютанты, полк штабының бастығының әскери оқу жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

1972 жылы запасқа шыққаннан кейін Қайрекен Солтүстік Қазақстан облысында 5 жыл бойы облыстық табиғат Қорғау қоғамы төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Ол осы күнге дейін облыстық "Қазақ тілі" қоғамының жанындағы "Ақсақалдар алқасының" белсенді мүшесі болумен қатар міндетті әскерге баратын жастар алдында әскери-патриоттық жұмыстар жүргізіп, көптеген майдангерлер өмірінен олардың ерліктері туралы мақалалар жазып тұрады.

Соғыста және бейбіт өмірде Отанға сіңірген зор еңбегі жоғары бағаланған Қайырбек Сыздықов ІІ дәрежелі "Отан соғысы" және "Қызыл жұлдыз" ордендерімен, 20 шақты медальдармен, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Ұлы Отан соғысына қатысқан, СССР Қарулы Күштерінің ардагері отставкадағы полковник Қайырбек Сыздықов осы жылғы ақпанның 23-де 80 жасқа толады. Өмірінің жартысына жуығын Отан қорғау қызметінде өткізген, әлде де қоғамдық негізде жастарды әскери-патриоттық сезімге тәрбиелеуге белсенді атсалысып жүрген ағамызға зор денсаулық тілейміз, Мүкәрама жеңгеймен балаларының, немерелерінің ортасында ұзақ, бақытты өмір сүруіне, өзінің сүйген өнері жолында шығармашылық табыстарға жете беруіне тілектестік білдіреміз. 80 жасыңыз құтты болсын!



Төлен Қауыпбайұлы
КҮЛДІР-КҮЛДІР ӨТЕР КҮНДЕР

ӘНШІ ІЛИЯСТЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Төлен! Үй іші амандықта ма? Бір жәйді білейін деп отырмын. Ол біздің жерлесіміз әнші Ілияс Шаймерденовке қатысты әңгіме. Кезінде Мәдидің, Естайдың, Біржан сал мен Ақан серінің әндерін айтып, халық арасына тарауына себепші болған азаматтардың бірі. Кейін, неге екені белгісіз, есімі атаусыз қалды. Сен ел ішін, жер-жерді көп аралайсың. Осы әнші ағамыз жайында не білесің? Бір дерегі болса, баспасөз арқылы айтып берсең етті. Кейінгі ұрпақ, жас әншілер біле жүрсін.

*Қарақат Шалабаев,
Амангелды ауылы, Солтүстік Қазақстан облысы
15.03.1981жыл.*

Содан бері де біраз жыл өтіп отыр. Хатқа дер кезінде жауап берудің орайы келмегені де рас. Алыстан сәлем жолдап, хабар-дерек білмек болған Қарақаттың өзі де келістіріп ән айтар еді. Әсіресе халық әндерін – Қарғашты, Қаракесекті, Айнамкөз бен Бір баланы қоңырлатып созғанда бар ма, ауыздарын ашық аңқиып қалатын жандарды көретін едік. ҚазГУ-ді бітірген бойда өз еліне (Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Амангелді ауылы) мұғалімдік жұмысқа кетті.

Сірә, Қарақат бір нәрсені сезгендей ме дейсін. Менің құдай қосқан қосағым Ләйлім Ғаббасқызы мен Ілияс Шаймерденовтың түбі бір, жақын туыс кісілер. Өз әкесі Ғабдол Қартайұлы Ұлы Отан соғысынан еліне қайта алмаған, хабарсыз кеткен. Әкесінің туысы Ғаббастың (ол да соғысқа қатысқан, Қазақ ҚСР-ы Министрлер Кеңесінің Төрағасы болған Бәйкен Әшімовпен полктас жауынгер) тәрбиесімен бой жеткен.

Анасы Әзира Жүсіпқызы атақты жазушы Сәбит Мұқановпен тумалас.

Ғабдолдың ата-бабалары ертеректе ауқатты өмір сүрген. Соның зардабын 1929 жылы тартып, тәркілеуге ұшыраған. Қызылорда өңіріндегі Мойнақ, Бөгенге жер аударылған, ал Ғабдол Күзембайұлы 1938-1941 жылдары біздің атақты жазушымыз Әбдіжәміл Нұрпейісовке математика сабағынан білім берген.

Бұған бір кездегі комсомол айтақшыларының бірі Сағалбай Жанбаевтың осы отбасына қырын қабақ көрсетуі себепші болған деген әңгімелер де айтылады. Бұл жолдарды тарихи шындықты бүкпесіз зерделеу тұрғысынан жазып отырмын.

Ілияс Шаймерденовтың арғы бабалары атақты Біржан сал аталарымен ұштасатынын екінің бірі біле бермес деймін. Фольклоршы Қаратай Биғожин Ілияс пен Біржанның атасы сегізінші буында ұштасатындығын дәлелді жазады. Ілияс әншінің қанша жыл өмір сүргенін мен біле бермеймін. Ол кісінің 1959 жылы Қарағанды қаласында дүниеден өткенін білетін адамдар бар.

Ендігі әңгімемізді баспасөздегі жарияланымдарға Ілиястың көзін көрген азаматтардың деректеріне сүйене отырып әңгімелейік.

Композитор Евгений Брусиловский: «Қыз Жібек» секілді «Жалбырды» да халық әндерінің ауқымында әзірлеуге тура келді. Бірақта халықтың революцияшыл әндерін табудың сәті келе қоймады. Ерзакович бұған керісінше жайды дәлелдемек болып көріп еді, бірақ та оның көрсеткен шығармалары көңілге қона қоймайды. Ал мен патриоттық-революциялық спектакль жасамақшы болдым. Мұндай жанрда жұмыс істеуге қисын көбірек секілді көрінеді. Спектакльге арқау етіп біз халықтың тамаша патриоттық әні «Елім-айды» (О, Отаным) алдық. Увертюраның өзінен «Елім -ай» деп әнмен басталатын спектакль солистердің, хордың

және оркестрдің қосыла орындайтын «Елім-ай» деп әнмен аяқталды. А.Қ. Жұбановтың кенет пейілі түсіп кетіп, ол маған Ілияс Шәймерденовтен жазып алған Иманжүсіптің «Сарыарқа», Мәдидің «Қаракесек» атты екі әнін бере қойғаны. Ахмет Қуанұлы өзінің жазып алған дүниелеріне әбден сараң кісі еді. Оның күтпеген жерден жасаған осындай ізгілігі менің жанымды тебіrentіп жіберді. («Жұлдыз» журналы, «Дархан дала әндері-ай» 1988 жыл, 7 нөмір, 184бет).

Бұл әңгімені атақты композитор Евгений Брусиловский 30-шы жылдарда «Қыз Жібек», «Жалбыр» қойылымдарын сахнаға шығаруда байланысты кездескен қиындықтарға байланысты айтып отыр.

1935-36 жылдары Алматыда көркемөнер ауқымында біраз жаңалықтар болған. Сол кезде концерттік-эстрадалық қызметтер, әнші, солист, домбырашылар мен бишілер, тақпақ айтушылар, маскарапаздар, гастроль шеберлері жер-жерде өнер көрсетіп, халықтың мерей-мәртебесін көтереді, осыған қызмет көрсетеді. Осыған байланысты ойларын өнер зерттеушісі Евгений Брусиловский былай жалғастырады: «Осынау қызметтің күрделілігі мен сан қилылығы филармонияның келесі кемел директорының бірі Ілияс Шәймерденовке филармония мұқтаждары үшін көлік алуға рұқсат сұрауына мүмкіндік берді. Филармонияға автомашина тие қояды деп үміттенбесе де, концерт қызметіне көлік керек екенін анық сезінеді». («Жалын» журналы 1994 жыл № 3-4, 178 бет).

Қазақтың Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Григорий Ерзакович: - Мен қазақтың ұлы композиторы Ахмет Қуанұлы Жұбановты жақсы білемін. Ахмет айтатын еді ғой. «Қарасекті» Ілиястай айтатын әншіні қазақ жерінде кездестірген жоқпын. Ілияс Шаймерденовтың жақын туысы, біздің үйдің

берекесі Ләйлім Шаймерденованың бұған қосары: - Илияс аға соншалықты көпшіл, дарқан кісі еді. Менің анам Әзира Илияс аға келген кезде барын аямайтын. Бір күні Жұмабай Тәшенов деген кісі келіп Илияс тәтеме сәлем берді. Біздің үйде Ғаббас, Жұмабай, Ғабиден, Илияс ағалар бар – бәрі қосылып таңға дейін ән салды.

Илияс аға ән айтарда саусақтарын шытырлатып бастайтын да далада тұрғандай, қамсыз –мұнсыз шырқай жөнелетін.

30 наурыз 1988 жыл: Әдебиетшілер уйінде сыншы Қалжан Нұрмаханов туғанына 60жыл толуына арналған кеш болды. Кеште Хамит Ерғалиев, Ғафу Қайырбеков, Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев сөйледі: Қалжан 1928 жылы дүниеге келген. Бірнеше түрік тілдерінде еркін сөйлеген Шыңғыс Айтматовпен бірге Мәскеудегі Горкий атындағы жоғары әдеби институтта оқыған (Шыңғыстың әуелдегі мамандығы – мал мамандығы. Біздің қазіргі Тараз қаласында оқыған еді). ТЮЗ-ге келген едік. Осы күні Шерхан Мұртазаевтың «Сталинге хат» деген қойылымы жүріп жатқан еді.

Қазақ ССР-ының халық артисі .Мүлік Сүртібаевпен қатар отырған екенбіз. Менің жанымда Илияс Шаймерденовтың қарындасы, менің жұбайым, ұстаз Ләйлім Шаймерденова отырған еді.

Біз екінші қатарда отырмыз:

- Мүлік аға, - дедім мен, - Сіз Илияс Шаймерденов деген кісіні білесіз бе?

- Білемін. Жақсы білемін, - деді Мүлік аға. – Илияс аға ғажайып әнші еді ғой. «Қаракесекті» соған қоса халық әндерін дәл Илияс ағадай келістіріп, көркем, шырқау шыңына шығарып айтатын әншіні мен көрген жоқпын.

- Дауысы?

- Дауысы біздің Ермек Серкебаевтың дауысына

ұқсайтын шығар. Жоқ, одан жоғары болатын. Жо-жоқ, одан әлде-қайда көтеріп, даланың бір кеші болатын еді ғой, соған лайықтап, жоғары әуезде тамылжыта айтатын еді ғой. Әй, қайдам, ендігі жерде ондай дауыс бола қоймас.

Мен 1956 жылы Қарағандыдан көшіп кеттім. Ілияс аға менің үйіме көшіп кірді. Қарағанды облыстық театры бар еді ғой. Ілияс аға сол театрдың директоры болды. Бұрын Алматыдағы музыкалық театрдың директоры болған деп еститін едік.

Мен Ілияс аға туралы әлі күнге дейін қайран қалам. Ілияс ағаның басында біз біле бермейтін трагедия ауыр хал болды ма екен? Ол трагедия не нәрсеге байланысты болды екен? Бұл жағы бізге әлі күнге дейін жұмбақ нәрсе.

Кейін 1958 жылы мен Алматыда қойылған «Бөлтірік бөрік астында» деген қойылымда басты рөлде ойнадым емес пе? Осы қойылым жөнінде көрермендер алқасы ұйымдастырылып, «Лениншіл жас» газетінде жарияланған еді. Біздің ойшыл жазушымыз Мұхтар Омарханұлы Әуезов мен туралы ағынан жарылып бір ауыз сөз жазыпты. Сол сөз менің тағдырымды шешкен сөз болды.

29.03.1988 жыл. Жазушы Сафуан Шәймерденовке барып сәлемдестім. Саф –аға ауылдың хал-жағдайын сұрады. Қайын жұртына барасың ба? Олардың хал-ахуалы қандай екен, -деді.

- Сафаға, Ілияс Шаймерденов деген кісі әнші болған екен. Сол кісі туралы не білесіз? – дедім.

- Неге білмеймін. Мен Ілияс әншіні жақсы білемін. Ән салғанда біз демімізді ішке тартып, үнсіз қалатын едік. Салыстырар болсам – көз алдымда Ермек Серкебаев тұрар. Дауысы баритон. Жоғары дауысты. Театрлардың директоры болды. Әсіресе, «Қаракесекті», «Сүржекейді» адамның ой-санасы жете бермейтін

биіктікке көтеріп шырқайтын еді. Сөз айтып, сөйлеп отыратын адам Ілияс осы әнді көкке көтере жөнелгенде үнсіз, ессіз, ақылынан жаңылып қалатын еді ғой. Қолын шыртылдатып бастайтын да біз біле бермейтін бір ғажап дүниеге ене беретін. Ене беретін...

Сол дауыс таспаға жазылды ма екен? Бізге жетті ме екен? Бұл нәрсе маған жұмбақ дүние.

Меніңше, Ілияс әншіні Қалел Жантілеуов, Омаров, Фатима Балғаева тәрізді әншілер, замандастар жақсы білуі керек. Ілиястың аты ұмытылмау керек еді. Ал әншінің есімі жария басылымдарға аталмауына қарағанда бір кәдік болған да шығар. Ол жағы маған белгісіз, түсініксіз. Қамалиева деген сұлу әйелі, одан туған екі қызы бар еді. Олардың тағдыры не болды екен?

Борис Ерзакович (20 сәуір, 1996 жыл): Мен білетін Ілияс Шәймерденов ешкімге ұқсамайтын дарынды әнші еді. әнді құшырланып, қайраттанып өзін еркін ұстап мейлінше шырқау шынға көтеріп сәпсем, вольно, үйіріп, шымырландырып, тыңдаған адамға қайрат, күш, қуат беріп, сәпсем еркін айтатын. Ілияс меніңше, 1941-1946 жылдары филармонияның директоры, басшысы болды. Ақкөңіл, ақжарқын білімді адам еді.

Бойы орта бойлы. Біртүрлі қызық, адамды баурап алар еді. Орысша жақсы сөйлейтін. Ілиястың айтуында мен бірнеше қазақ әндерін жазып алып, таспаға түсірдім. Әсіресе, бар ма, «Қаракесекті» Ілиястай келістіріп, көркем орындайтын әншіні кездестірген жоқпын.

16.XI.1994жыл. Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданындағы Арқан ауылының тұрғыны Қаби Ғаббасовтың әңгімесі. (1930 жылы туған). Мен Ілияс Шаймерденовты 1943 жылы көрдім. Қыстың қақап тұрған кезі. Үлгі ауылы. Шамасы, ақпан айының қатулы кезі. Ілияс жұрттың кісісі еді ғой. Біздің ауылға келіпті. Өзі маған туыс және де. Қызылту ауданындағы

Перуховка деген ауылға бармақшы екен. Бізден 60 шақырым жерде. Илиясты менің шешем СССР Жоғары Советінің депутаты Рабиға Қасенова жолға шығарып салғанын білем.

Илиястың бейне-бітімі көз алдымда. Тапал бойлы, қорасаннан қалған болар, бұжыр бет Қыр мұрынды. Өңі – ақ сары, әнді келістіріп, еркін әуелетіп тамаша айтатын. Әсіресе, «Қаракесекті», «Желдірме», «Ағаш аяқты» келістіріп шырқайтын еді.

Менің ағайым Ғаббастың Айман, Шолпан деген егіз қызым бар, - деген сөзі де есімде. Үстінде көкшіл күпәйке, ішінен кигені шолақ түжерке. Басында шляпі.

Сондағы айтқаны – 1936 жылы Мәскеуге, Қазақтың мықты өнерпаздарына қосылып, қызметші болып Мәскеуге барған. Менің анам Рәбиға Қасенова да сол кісілермен бірге Мәскеуге барған. 1983 жылы 83 жасында дүние салды. Мәскеуде жүргенде Илияс аға менің анама барып сәлем беріп, қолынан шай ішіп жүрген. Кейін не болғанын қайдан білейін. Илияс аға Омбы жеріндегі туысы Тайкөттің балалары Сүлейімбай, Базарбай қолына келіп, осы ауылда жүрді. Илиястың бауыры Ғаббас Шаймерденовтың бұрынғы әйелінен туған қыздары осы елдегі Шетен деген кісінің балаларына тұрмысқа шыққан еді. Илияс сол жылдары осы туысқандарын жағалай жүрді. Сол туыстардың ішінде Күреген, Біржан, Қобылан, Қасен, Қошан, Мүсәйіп, Айжан Деген тұсына келгенде жұртшылық қошеметі көтермелеген Игібай содан соң өзінің әйгілі «Он екі звод» әнін төгіп қоя берді.

- Шырағым Игібай, кезекті мына Құсайынға берші, - деді ақсақалдардың бірі.

Сатының Құсайыны жұртты көп күттірмей-ақ «Қара торғайға» басып жіберді. Оның ән салысы ерекше, тыңдаған жан сүйсінбей қалмайтын асқақ болатын. Бұл жолы да оған жұрт дүркірей қошемет білдірді. Әншілер

кезек-кезегімен ән шырқады. Қырғыздың Жәукесі қоңырлау, жайлы мақамымен аса бір шабытпен салатын әні «Ал қоңырды» орындады.

- Қарағым Ілияс, мына ағаларыңа ән шырқап бер. Әуенінді бір естіп бағасын берсін. Ал, халайық, Ілиястың әнін естиік, - деп ол жұрт назарын уыз жас әншіге аударды. «Жанбота, осы ма еді өлген жерім» деп шырқай жөнелгенде жанында отырған мен селк ете түстім. Құлақ түбінен шыққан ащы дауыс бірден шырқау биікке самғап кеткендей, тұла бойымды шымырлатып жіберді.

Дауысының өте жоғарылығы, тынысының кендігі отырған жұрттың бәрін таң қалдырды. Бұл ән орта жүздің бұлбұлы атақты Біржансалдың «Жанботасы» еді.

Сегізден үйренген-білгенің бар ма? Бар болса – соны салшы, - дед» әнші ағаларының бірі Ілиясқа. Бұл айтып отырған «Сегіз» кім деп біз таңқалыстық. Бізге оны түсіндіріп жатқан жан да болмады. Көпшілік те қостап, қалау білдіргесін Ілияс «Қарғаш» деген ән айтып еді. Сегіз – «Қарғаш» әнін шығарған адам екен. Ол жөнінде белгілі жазушылар, әдебиет зерттеуші ғалымдар көптеген деректер жазған. Филология ғылымдарының кандидаты М.Жармұхамедовтың «Нұржанның Сегіз серісі» деген мақаласында осы әнде айтылатын Қарғаш әйгілі Жанғожа батырдың қарындасы екені жазылады.

Сегіз Жайықтан Исатай –Махамбет көтерілісіне қатысып, өз өлкемізге келе жатқанда сол қыздың ұзатылу тойының үстінен шығыпты. Сонда осы әнді Қарғашқа әдейі арнаған екен. Ілияс орындауында ән тамаша құдіреттілігімен, сағынышқа толы сазымен есте қалды.

Ұлттық өнерді дамыту шаралары жөніндегі партия қаулысының ел арасынан лайықты өнерпаздарды

тауып, іріктеуге әсері ерекше болғанын айту керек. Соған орай жер-жерде олимпиадалар өткізіліп, талантты жастардың өнер жолын қууына мүмкіндік туды. 1934-1935 жылдары облысымызда өткен олимпиадаларда Ілиястың әншілік өнері жоғары бағаланып, республикалық олимпиадаға жіберілді. Сол жолы ол қазақтың мемлекеттік ән-күй филармониясына қабылданды.

...1935-1936 жылдары ел арасына патефон тарала бастады ғой. Патефоннан неше алуан саңлақ әншілердің орындауындағы әндері естіп, өскелең келешегі бар талапкер жастар соларға еліктеп ән үйреніп, домбыра тартып, өнерлерін көпшілікке таныта да бастады. Төңкеріс ауданының орталығы Майбалықтағы орта мектепте оқып жүрген кезіміз. Бір күні бірге оқитын Көкен Қопышев деген досым менің пәтер үйіме келіп, интернатқа барайық, біртамаша сыйым бар деп жымыды. Интернатқа келген соң, бір күйтабақты алып шығып ойната жөнелді. Бір кезде «Ақ дидарын көргенде» деп ән де басталды. Әннің басынан-ақ «Қарғаш » екенін түсіндім. Бірақ дауыс баяғы құлаққа сіңіп қалған ащы дауыс сияқты емес, қою кең тынысты. Ән бөлмеге симай «Маған Сарыарқаның кең жазығы керек» дегендей құлашын жайып, тұла бойды баурап барады.

«Қарғаштан» кейін күйтабақтың екінші бетіндегі «Айнамкөз» әнін тыңдадық. Тамаша әсер қалдырған әндерді орындаған Ілияс екенін біліп тұрсам да, күй табақтағы жазуға әдейі көз салдым. Онда Қазақтың мемлекеттік ән-күй филармониясының әншісі Ілияс Шаймерденов деп жазылған екен.

Қазақтың ұлт аспаптары оркестрінің негізін қалаушы, сол оркестрді ұзақ жылдар басқарып, талай-талай өткелдерден өтіп, өнерде өрелі биікке жеткен көрнекті қайраткер, композитор, академик Ахмет

Жұбанов халқымыздың әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы «Замана бұлбұлдары» атты кітаптың беттерінде Ілияс Шаймерденов жайлы былай деп жазады:

«...Ақмола төңірегінің әндерін Алматыға бірінші алып келген адам – Ілияс Шаймерденов болды. Ол «Қаракесек», «Қарғаш», «Сұржекей», «Алқоңыр», «Сарыарқа», «Сентябрь» сияқты әндерді жеткізді...

Ілиястың орындауында бір табиғи шындық бар еді. Жасанды, профессионалдарда жиі кездесетін, публикаға қарап, әннің кей жерлерін өзгертіп, не артық созып (қошемет-шапалақ дәме есебінде), не жөнсіз екенін тездетіп (көңілдендірем дегенде) өңін айналдыру онда жоқ болатын.

Сонымен қатар сирек болған оның баритон дауысы орындаған әндеріне ерлік, үлкен ойшылдық беретін. Ілияс филармонияда ұлттық әндерімен қатар советтік қазақ әндерін, орыс әндерін және классикалық әндерді шебер орындауға ден қойып, сол мақсатына жетіп жүрген.

Ол 1936 жылы май айында Қазақ өнерінің Москвада өткен онкүндігіне барғандардың бірі.

Ілияс Шаймерденов әншілік өнерімен ғана емес, творчестволық дарын ауқымдылығымен де өзін танытқыш, талант болған. Мысалы, оның актерлік қабілеті де сол кездері оны творчество адамдары арасында құрметке бөледі. Ол Сәбеннің «Ботакөзіндегі» Асқардың образын сахнаға шығарып, көптеген жас актерлерге шеберлік сабақтарынан тәлім-танытты. Ұлы Отан соғысы жылдарында ол қазақтың академиялық драма театрын басқарып, республикадағы ең шоқтықты өнер шаңырақтарының біріндегі жұмысты шебер ұйымдастыра білген.

Дегенмен де біз Ілиястың әншілік өнерінің салмағы басым екендігін айтуға тиіспіз. Оның

репертуарында «Қарғам-ау», «Наз қоңыр», «Ғайни», Біржанның «Бурылтай», «Жанбота», «Біржан сал», Ақан серінің «Сырымбет», «Құлагер», Мұхиттың «Айнамкөз», «Пан көйлек», Әсеттің «Інжу -маржан», Үкілі Ыбырайдың «Қалдырған», «Шалқыма» әндері ерекше шабытпен орындалатын.

Илиястың екі қызы бар. Жанна мен Алма есімді бұл балалары ата-анадан жастай жетім қалса да үкіметіміз бен ағайындарының қамқорлығының арқасында ер жетіп, үйлі-баранды отбасы болды.

Халқымыздың кәусар өнерінен сусындап, сол игілікті халыққа сыйлаған саңлақ өнер иесінің творчестволық жолы осындай.

*Қайырбек Сыздықов
(Бұл мақаланы Илиястың Қараганды
қаласында тұратын қызы Жанна жіберген еді.
12 ақпан, 2006 жыл).*

ҚАЙЫРБЕК СЫЗДЫҚОВТЫҢ ХАТЫ ТУРАЛЫ ОБЛЫСТЫҚ РАДИОДАН БЕРІЛГЕН ХАБАР

Диктор: Құрметті радио тыңдаушылар, Қарулы Күштер ардагері Қайырбек Сыздықовтың есімі сіздерге жақсы таныс, отставкадағы полковник Сыздықов Ұлы Отан соғысына қатысқан көптеген жерлестеріміздің ерлігі жайында жазды, Оның бір хаты бірталайдан бері кезегін күтіп біздің редакцияда жатып қалып еді. Қазыр біз сіздерді осы хаттың мазмұнымен таныстырамыз.

Әуен

Жүргізуші: Ұлы Отан соғысы аяқталған сәт күн санап қанша алыстағанмен- деп жазады Қайрекең - қанқұйлы жендеттеріне сүйікті Отанымыздың намысын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалған,

гитлершілдердің тепкісіне түскен барлық Европа халықтарын азат еткен қаһарман совет халқының оның айбынды Қарулы Күштерінің ерлігі ешқашан естен шықпайды да ұмытылмақ емес.

Ұлы Отан соғысы біткен күні туған бала да міне елуге келіп қалды

Мен, депті бұдан соң хат иесі, бұл жолы өзімнің туған бауырым Серікбай Сыздықұлы Сағындықов туралы жазбаққа ниет қылдым. Ол 1925 жылы қазіргі Жамбыл ауданына қарайтын Айтуар аулында туған еді. Серікбай 17 жасында ол кездегі Октябрь ауданынан (қазіргі Сергеев) әскер қатарына алынып. 1943 жылы 20 қаңтарында майданға аттанған болатын. Менің бауырым өте сезімтал, отаншыл, елім үшін жан пида деп тұратын азамат болып өсіп келе жатыр еді.

Серікбай бір жылдай ұрыстарға қатысып, еліміздің көптеген қалалары мен селоларын жау қолынан құтқаруға өзінің солдаттық үлесін қосты.

1944 жылы Белоруссияны жаудан азат ету мақсатын көздеген «Багратион» операциясының бел ортасында болған менің бауырым Могилев төңірегіндегі шабуылдардың бірінде ерлікпен қаза тапты. Оның майданнан келген ең соңғы хаты 1944 жылы маусымда келді

Сол шабуыл кезінде қаза тапқан ерлер Могилев облысының Горецкий ауданындағы Рясня дейтін жердің маңайындағы үш селоға туысқандар зиратына қойылған көрінеді. Бұл зираттарға кімдердің жерленгенін, олардың туып өскен жерлері қайда, қандай туған туысқандары артында қалғанын осындағы Рясня орта мектебінің «Қызыл ізшілері» деп аталатын мектеп оқушылары үлкен ыждаһаттылық пен анықтап, көп еңбек сіңіріпті. Олар қаза тапқан ерлердің ағайын туғандарына хат хабарлар жіберіп отырыпты.

Біздің Серікбай туралы жазылған хат бұрынғы

Марьевка селосында тұрған әкеміз Сыздықтың атына жіберілген екен. Бірақ ол кезде әкей мен шешей қайтыс болып, әрі Марьевка тұрған жер Сергеев су қоймасының астында қалды да, Рясня пионерлерінің хабары естісімен ақ белорус балаларына хат жаздым. Маған әлгі «қызыл ізшілердің» жұмысына басшылық жасап жүрген Вера Никаноровна Карабанова дейтін мұғалім әйел мән жайлы толық баяндап, жауап хат жазды. Анық адрес қолыма тиісімен 1983 жылы Ұлы Жеңіс Күні қарсаңында мен туған бауырымның жатқан жерін іздеп, Белоруссияға жүріп кеттім.

Мамырдың алтысы, жетісі, сегізі күндері Рясня селосына еліміздің түкпір түкпірінен біздің Қазақстаннан, өзбек, қырғыз, армян, литва бауырларымыздың елдерінен көптеген туыстар келді.

Қаза тапқан жауынгерлердің зираты селоның ең бір көрнекті жерінде екен. Жағалай ағаш, жайнатың гүл егіп тастапты. Жергілікті жұрт оны аса қастерлеп, өте ұқыпты, күтіп ұстайды екен. Жерленген жауынгерлердің есімдері мәрмәр тасқа алтын әріптермен жазылыпты. Қабірдің бас жағына «сендер үшін кек аламыз» дегендей кейіпте тізе бүгіп отырған қарулы жауынгердің тас мүсіні қойылыпты.

Зират басында митинг болды. Ряснялықтар Отан үшін опат болғандардың ерлігі арқасында, бүкіл кеңес халқының тарихта теңдесі жоқ батырлығы арқасында өздерінің қазіргідей тыныш та жақсы өмірге қолдары жетіп отырғандығын риза көңілдерімен білдіріп, Белоруссия жерінен топырағы бұйырған асыл ерлердің туысқандары біздерге көп көп алғыс сөздерін айтты.

Біз де сол жерде белорус селосында тұратын бауырларымызға жауынгерлердің зиратын күтіп ұстап, қасиет тұтқандықтары үшін мың да бір алғысымызды айттық. Сол алғыс сезімі әлі де жүрегіміздің терең түкпірлерінде сақтаулы.

Әуен

Туысқандар зираты жанында екі көзден жас
парлап, бауырым Серікпайды еске алып тұрғанымда,
ойыма мына бір өлең жолдары оралып еді,- деп жазады
Қайрекең. Енді туған інісінің қабірі жанында белі
қайысқан ағаның толғауына құлақ салыңыздар.

Жатырмысың, жан бауырым Серікбайым,
Көре алмай Ұлы Жеңіс күн арайын
Он сегізде қару ап қан майданда
Құртып ең фашистердің сен талайын.
Жолдастарың айтатын: «Бұл Серікбай
Ерлікпен көзге түскен әр сан талай,
гранатпен жау танкін от қаптырған
Кетпеген атқан оғы жау жанамай»
«Багратион» операциясы кезінде
азат еткен Белоруссия жерінде қаза тапты
ерлікпен, берік болып алған анты,
айтқан сөз бен сертінде
Міне, бүгін келіп тұрмын басына,
Бауырластар зиратының қасына.
Бірге жатыр бес жүз сексен өр қыран
Отан үшін соғысқандар ашына.
Туған жердің топырағын әкелдім
Қабірінен анаң менен әкеңнің
Жатқан жерің мамық болсын, бауырым,
Бұл топырақ саған жазған хаты елдің
Қалмаса да артында бала шағаң
Еске алар інілерің, жеңгең ағаң.
Еске алып белорусстық бауырларың
Басыңа гүл қояды арнап саған

(әуен)

Міне қадірменді Сыздықов Қайырбек ақсақал өзінің бізге жолдаған хатын осындай өлең шумақтарымен аяқтапты. Біздің бұған қосарымыз сол, Қайрекенді және осы кісі сияқты Ұлы Отан соғысына қатысушылардың барлығын да жеңісіміздің жақындап қалған торқалы тойымен шын жүректен құттықтап оларға ән арнаймыз. Тыңдаңыздар, ардагерлер!!!!

(ән беріледі)

1995 жыл мамыр

ҚОЖА СИБАНОВ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР

Бақыт Мұстафин

АЯЛЫ АЛАҚАНДА

Ұлы Отан соғысының ардагері, елінің аялы алақанында облыс әлемінде бір кезде есімі жақсы таныс болған Қожа Сибанов ақсақалды былтырғы жаз бойы үйінен таба алмадық. Қыстың алғашқы қары жапалақтағанда ғана қалада екенін естіген соң арнайы іздеп барып, пәтеріне қоңырау шалдық.

Ақсақалдың өзі есік ашты.

- Жаз бойы үйде болмадыңыз, елге оралған сапарыңыз құтты болсын,- деп жатырмыз.

- Айналайын, Президентке рахмет. Міне, тәуелсіздіктің рахатын көрдік деп бүгін айта аламын. Расында да ала жаздай біраз жерді аралап қыдырдық, жалғыз емес, бәйбішеммен бірге, рахаттанып демалдық, емделдік. Саялы да аялы алақанда болдым десем асырып айтқандық болмас. Бурабайда курортта, Алматыда "Ардагер" санаторийінде...- деп диванға жайғасқан соң Қожекен ақсақал көзілдірікті кісінің басын көтере беретін әдетімен шалқая түсіп, әңгіме тиегін ағытуға ыңғайланды...

Ия, осыдан алпыс жылдан аса бұрын неміс фашистерімен қанды шайқасқа аттанып, Ұлы Жеңіске өз үлесін қосқан сол жас ұланның, жауынгерлік жолы бүгінгі жас ұрпаққа да үлгі өнеге боларлық.

Жасөспірім Қожа Сибанов соғыс зобалаңының кара дауылы соғып, ел басына қауіп төнген қатерлі күндерде Преснов ауданындағы (қазіргі Жамбыл ауданы) Майбалық орта мектебінде оқып жүрген. Ауылдың бас көтерер азаматтары майданға аттанып, қанды шайқасқа араласып жатты. Майдан жақ беттен амандықты жеткізген үш-бұрышты жауынгер хаттарымен бірге қайғылы хабардың "қара қағазы" да есік қақты. Ауыл көшесі күңіреніп, әйелдердің зарлы үндері бір-біріне ұласқанда қабырғаны кайыстыратын. Міне осындай күндердің бірінде тоғызыншы сыныпты бітіріп, енді ғана 17 жасқа толған Қожаға да әскерге шақыру қағазы келді. Шын жасы әлі он сегізге толмаса да шақыру себебі сол бала комсомол қатарына кіруге құмартып, бір жасты қосып жіберген екен. Сөйтіп, комсомол билетінен басқа ешқандай құжаты жоқ оқушы әскери комиссиядан өтіп, майданға аттанатын болып шыға келді. Жас жауынгерлер алдымен Ақмола қаласында кіші командирлер даярлайтын полк мектебінде алғашқы әскери даярлықтан өтті. Бәрі де мектеп оқушылары десе де болғандай, кілең 18-ге жаңа толғандар. Кейбіреулері Қожа сынды жігіт болуға асығып, жасын өздері өсіріп жібергендері де танылып тұрды. Лапылдаған жалын емес пе, Отан қорғауға, қанды шайқастың қалың қақтығысына асығады. Соны түсінген командование әлі буыны бекіп, бұғанасы қата қоймаған балғындарды бірден отқа түсірмей әлде болса да шынықтырып алуды ойласа керек, бұларды Ақмоладан Семей, Ташкент, Андижан қалаларындағы әскери училищелерге бірте-бірте ауыстырып, әбден шыңдаудан

өткізгендей болғанда Қырғызстанның Ош қаласына апарып, резервке қойды. Мұндай кідіріске көндіккісі келмеген жас жауынгерлер, бәрі майданға сұранады. Қожекен де солардың ортасында.

- Бәріміз жаппай сұранғасын бізді бөгесін бе, 1944 жылы Белоруссиядан бірақ шықтық, - дейді ардагер.- Екінші Белорус майданы 70-ші армиясы 160-шы дивизиясы 1295 полкының пулеметшілер взводының командирі болып тағайындалып, Гомель қаласының түбінде алғашқы шайқасқа да кірісіп кеттік.

Жер мен көк тұтасып кеткендей аласапыран қырғын, жан түршіктіреді. Алғашқы айқас оңай емес екен, жас жауынгерлердің кейбіреулері аңғалдықтан оққа ұшып жатты. Қайсысы болсын "Отан үшін! Сталин үшін!" деп тек алға ұмтылды. Кенес әскерлерінің жойқын күші міне осылай Отанға сүйіспеншілікте болды деп білемін.

Қожекең өзінің взводымен бірге Польша, Венгрия жерлерін жаудан азат етуге қатысты. 1944 жылы қаңтарда Кеңес әскерлері Висла өзенінен өтуге зор шабуыл жасап, Берлин қаласына 45 километр ғана жерде табан тіредік.

- Берлин төбесінде жеңіс туы желбірейтін күн жақын еді. Сондай бір тұста 7 ақпан күні қарсы шабуылға шығуға әзірлік жасап жатқанбыз. Сәті туғанда мен атып тұрып "взвод, алға!" деп айғайды салдым да, кенет сылқ ете түстім. Снайпердың оғы кіндіктің түбінен тиіп құйымшақтан шыққан. Екіге бөлінгендей болып құладым, - дейді соғыс ардагері,- содан госпиталға түсіп, Украинаның Сумы облысындағы Конотоп қаласында бес ай жаттым. Одан 3-ші топтағы мүгедек болып, екі балдаққа сүйеніп, ауылға аттандым"- дейді Қожекең.

Жаралы майдангер екі аяғын сүйретіп, ауылға оралғанда тылдағы тұрмыс та оңып тұрған жоқ еді.

Жетпістен аса үйі бар әжептәуір ауылдан елу шақты азамат майданға аттанса, солардың 33-інің соңынан "қара қағаз" келіпті. Белі бүгілген қариялар да, қызыл сирақ балалар да, жылап-сықтаған әйелдер де жұмысқа жегіліп, күні-түні титықтап дамыл таппаған, шаршап-шәлдыққан шамада екен. Біраз үйлердің оты өшіп, түндігі жабылып, жетім-жесірлері басқа ауылға туыстарын паналап көшіп кеткен, 23 үй ғана қалыпты.

Ауыл адамдары Қожа Сибановты "Айтуар" ұжымшарының төрағасы етіп сайлады. Соғыс жарасы жанын сыздатқан майдангер жас жігіт туған ауылының жағдайын жақсарту жолында енді еңбек майданына араласты.

- Аяғым балдақсыз жүруге жараған соң ауылды қалпына келтіруді алдыма мақсат етіп қойдым,- дейді ол.- Алдымен Айтуардың көшіп кеткен отбасыларын қайтаруды қолға алдық. Үйлерін жөндеттік. Шаруасын жолға қоюға көмектестік. Кейін Киров және Айтуар ауылдары бір ұжымшарға бірікті, көп ұзамай кеңшарға айналып кетті. Өзім Айтуар бөлімшесінің басқарушысы болып ауылда қалдым. Тың және тыңайған жерлерді игеру жорығы басталғанда білекті сыбанып тастап, белсене араластым. Бүкіл ауыл болып жұмылды.

Осы кезде Айтуар ауылының басына бұлт үйіріліп, болашағы жоқ ауыл қатарына ілікті Қожекең ауаткомның бұл шешіміне келіспей, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына барды. "Бәрі өзіңе байланысты, егер ауылды өркендетіп, көркейте алсаң Айтуардың халқын ешкім басқа жаққа көшіріп әкетпейді. Бәрі басшыға, халыққа байланысты",— деді ол.

Қожекең бастаған ауыл адамдары айырықша жігермен белсеніп екпінді еңбек етті, бәрі жұмылып ұйымшылдық көрсетті. Соның нәтижесінде көп уақыт

өтпей-ақ Айтуар келбеті көркейіп, келісті ауылдар қатарында аталды. Клуб, мектеп, дүкен, кеңсе, фельшерлік пункт үйі салынды, көшелер түзелді, үйлердің алдында жасыл желектер жайқалды. Бөлімше 5,5 мың гектарға егін салып, әр гектардан мол өнім алатын озаттар қатарына қосылды. Мал шаруашылығы да табысты салаға айналды. Қожа Сибановтың омырауында I-ші және II-дәрежелі Отан соғысы ордендері, жауынгерлік медальдармен қатар Еңбек Кызыл Ту ордені жарқырады.

Денсаулық сыр берген соң 1984 жылы құрметті еңбек демалысына шыққан Қожекең бәйбішесі Сақыш екеуі қалаға қоныс аударып, бұл күнде Қызылжарда тұрып жатыр. Балаларының бәрі жоғары білім алып, әр салада еңбек етуде. Теңдігі мен Розасы дәрігер, Орынбай, Құрымбай, Майра ауыл шаруашылығы мамандары, Зәуреш, Зайра, Айгүл мұғалімдер. Немерелері де жоғары білім алып, үлкен өмірден жолдарын табуда.

"Құдайға шүкіршілік, Айтуардағы менің жолымды ұлым Құрымбай жалғастырып, шаруа қожалығын басқаруда",- дейді Қожекең бүгінгі өміріне разы көңілмен.

*Петропавл қаласы
2005 жыл*



КАК ФРОНТОВИК НЕПЕРСПЕКТИВНЫЙ АУЛ СПАС

В прошлом году целое лето я не мог застать дома ветерана войны, известного в области аксакала Кожу Сибанова. Только в начале зимы, узнав, что он наконец в городе, пришел к нему.

- С возвращением с отдыха, Кожа-ага.'-Видно, что вы довольны поездкой.

- Айналайын, Президенту рахмет большое спасибо,-отвечал ветеран . -' Да целое лето замечательно отдыхал, Да не один, а с супругой. В Бурабае санатории "Ардагер". Грелись на солнышке, лечились. За нами ухаживали, как за детьми. Такая забота, внимание сами по себе исцеляют, никаких претензий не имеем. Все хорошо, вот только по ночам не спится. В памяти всплывает пережитое. В последнее время все чаще военные годы вспоминаются.

На фронт он отправился, еще не окончив школу. Когда вручили повестку, родители удивились.

- Как это так? Ему еще год до 18, - спрашивали они, друг друга: Оказывается когда он вступил в комсомол, то добавил себе год для солидности.

Новобранцев отправили в Акмолинск, там Кожа попал в полковую школу молодых командиров. Почти все курсанты были ровесниками. Им бы еще в школу ходить, но они рвались в бой с фашистами. Однако те, от кого зависела отправка на фронт, не спешили, продляя время учебы.

- Но мы каждый день просились на фронт, - говорит Кожа -ага - В конце-концов нас направили в район военных действий. Под городом Гомелем мы вступили в первый ожесточенный бой. Потом

участвовали в освобождении Польши, Венгрии и дошли до Берлина, но штурмовать его мне не пришлось, получил тяжелое ранение. Более пяти месяцев находился в госпитале. Выписался инвалидом третьей группы. Когда фронтовик Кожа Сибанов на костылях вернулся в родной Айтуар, то не поверил своим глазам. От аула осталось лишь два десятка семей. Дома пустовали. Колхоз пришел в упадок. Весь рабочий резерв составляли старики, женщины и дети.

Вот в такой ситуации аксакалы аула обратились к фронтовику: "Сынок, у тебя фронтовая закалка давай бери в руки правление колхозом".

Просьбу аксакалов поддержало и общее собрание колхозников, на котором избрали К.Сибанова председателем правления.

- Как только начал ходить без костылей, поставил перед собой задачу восстановить прежнее количество жителей, - вспоминает он то тяжелое время. - Начали это дело с возвращения уехавших людей. Ремонтировали их дома. Помогали восстановить хозяйство. Позже жители аулов Айтуар и Киров объединились в один колхоз, который потом был преобразован в совхоз. Я стал управляющим отделением.

В годы освоения целины над Айтуаром снова сгустились тучи. По решению райкома он был отнесен к числу бесперспективных. Это означало, что здесь больше не будет никаких новостроек. И людям волей-неволей придется оставлять родные очаги.

Аксакалы аула пришли ко мне, и мы вместе начали думать, что делать. Отправили меня секретарю обкома партии, я выполнил их просьбу. Первый твердо сказал: «Если приведете аул в порядок и благоустроите, то и мы поможем».

Такое решение - не могло не обрадовать.

Стали вместе думать, как жить дальше, каждому

хотелось "внести свою лепту в развитие родного Айтуара. С тех пор и начальство стало иначе смотреть на отделение, о бесперспективности и речи уже не шло.

С каждым годом хорошел Айтуар. Были построены новые жилые дома, восьмилетняя школа, медпункт, клуб. По итогам месячников по благоустройству и санитарной чистоте Айтуар был всегда в числе первых.

Производственные успехи отделения тоже были весомы. Зерновые занимали 5,5 тысячи гектаров и давали богатые урожаи - Мои земляки и сегодня со знанием дела осваивают законы рыночной экономики, - говорит Кожаяга, - сохранили свой аул, разрухи не допустили. Здесь организованы два крестьянских хозяйства. Одно из них возглавляет мой сын Курумбай, окончивший сельхозинститут Я. доволен своими детьми. Все восемь получили высшее образование и достойно служат стране.

Спасибо Таиру Аймухаметовичу Мансурову - акиму области, который постоянно проявляет заботу о ветеранах войны, благодаря его инициативе многие из нас побывали в домах отдыха, госпиталях, профилакториях, на экскурсиях в Астане. От всей души благодарим инициативу.

В эти дни Кожаяга Сибанов не раз побывал на встречах в школах. Дети с уважением слушали акакала, чью грудь украшают ордена Отечественной войны первой и второй степени, Трудового Красного Знамени, медали. Но не о личных подвигах и заслугах говорит ветеран. Разговор о товарищах, которые остались на полях великого сражения.



ИЗ ЖИЗНИ ПРОЖИТОЙ ВИТОК

Через неимоверные лишения и страдания прошел фронтовыми дорогами участник войны Кожа Сибанов. 15 июня 2008 года он справил славный личный юбилей 85-летие со дня рождения

За обильным дастарханом собралась большая дружная семья Сибановых. Виновник торжества Кожа-ага и его неразлучная спутница жизни Сакиш-апа с волнением принимали многочисленные поздравления и пожелания в их адрес со стороны родных детей, родственников и близких друзей. Аксакалу невольно вспомнились далекие годы прошедшей войны, когда под ногами горела земля...

Кожа Сибанов родился в 1923 году в ауле Айтуар Пресновского района. Рос в крестьянской семье, где было 8 детей. Родители воспитывали своих детей трудолюбию и бережному отношению к земле-кормилице. Юноша успел окончить только 9 классов, а 22 июня 1941 года грянула война. Тогда парню было 17 лет.

В феврале 1942 года Пресновским райвоенкоматом Кожа был призван в Красную Армию и отправлен в г. Акмолинск, где закончил полковую школу и получил звание сержанта. В Петропавловске его распределили в 307 стрелковый полк. Сержант Кожа Сибанов' был назначен командиром отделения и обучал призывников из Казахстана, Киргизии и Узбекистана военному делу для отправки на фронт.

Через год Кожу отправили в Ташкент, где он на краткосрочных офицерских курсах получил звание младшего лейтенанта. Дальше судьба забросила молодого офицера в Киргизию, в г. Ош. Курсанты

рвались на фронт, в начале 1944 года их направили в район военных действий - в самое пекло город Гомель. В составе 2 Белорусского фронта младший лейтенант Кожа Сибанов командовал пулеметным взводом. Советские войска пошли в решительное наступление и прогнали немецко-фашистских захватчиков с многострадальной белорусской земли. В составе 2 Белорусского фронта пулеметный взвод под командованием опытного командира Кожы Сибанова освобождал Польшу, Венгрию и дошел до пригорода Берлина. Здесь вражеская пуля снайпера-врага нашла отважного воина. Кожа был тяжело ранен в живот и отправлен в военный госпиталь, в украинский г. Конотоп.

Победу над фашистской Германией он встретил на родной земле. За ратный подвиг ветеран войны и труда награжден двумя орденами Отечественной войны медалью «За Победу над Германией», а за трудовой - орденом Трудового Красного Знамени, медалями «За трудовую доблесть», «За освоение целинных земель», «50 лет целине», «Ерен еңбегі үшін».

После долгого излечения в военном госпитале фронтовик вернулся на родину, в аул, инвалидом войны второй группы. От аула Айтуар осталось только два десятка семей. Дома опустели. Колхоз пришел в упадок. Рабочий люд состоял в основном из стариков, женщин и детей. Аксакалы упросили Кожу Сибанова, боевого офицера, возглавить колхоз, и на общем сходе аульчан избрали его председателем правления. Из неперспективного фронтовик ввел аул в число высокорентабельных хозяйств области.

В конце 1945 года Кожа заметил девушку по имени Сакиш. Вскоре справили свадьбу по национальным традициям и обычаям. Время шло. Рождались дети. На сегодня у Кожы-ага и Сакиш-апа

8 детей. Все они получили высшее образование и работают в различных отраслях народного хозяйства. Более 60 лет в мире и согласии живет супружеская пара Сибановых. У них 12 внуков и 6 правнуков. От них старики черпают жизненные силы и неиссякаемую энергию.

Аксакал живет полнокровной жизнью, выписывает газеты и всегда в курсе событий, происходящих в стране и за рубежом.

Часто встречается с молодежью, воспитывая ребят в духе казахстанского патриотизма, уважения к старшему поколению.

Кожа-ага всем сердцем воспринял Послание Президента страны Н. А. Назарбаева народу Казахстана 6 февраля 2008 года «Рост благосостояния граждан Казахстана - главная цель государственной политики». Он уверен, что будущее независимого Казахстана - экономический прогресс и процветание.

С 85-летним юбилеем, уважаемый, Кожа-ага

Здоровья и счастливой старости тебе, старый солдат Отечества!



МАЙДАНГЕР ЖОЛЫ

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына алтыс жыл өтседе ел басына қауіп қатер төнген сол күндер естен кетпес. Уақыттан асқан еміші жоқ, алайда сол алапат соғысқа қатысқан азаматтардың жан жарасы әлі де жазылар емес. Араға жылдар сала соғыстың дертінен сыздап ауырған жүректер күйін қанды қырғынды бастап кешкен майдангерлер ғана түсіне алатын шығар. Олар соғысқа аттанғанда 17 ге жаңа толып, буындары қатаймаған өңішең өрімдей жас еді. Өмірдің талай соқпағынан өтіп, қиындыққа мойымай Отан үшін ажалмен айқасқа түскен майдангерлер бүгіндері, 80-нің белесіне шыққан аталар.

Мен Жеңіс күнін госпитальда қарсы алдым. Қуаныштан көзіме жас алып, осы күнге аман есен жеткеніме шүкіршілік білдірдім. Соғыс басталғанда Жамбыл ауданындағы Айтуар аулынан 60-қа жақын азамат Отан қорғауға аттанған едік, солардың тең жартысы жат жерде қалды дейді. Сол бір ел басынан туған ауыр кезеңді еске ала отыра қарт майдангер Қожа Сибанов.

Майбалық мектебінің 9 сыныбында оқып жүрген кезінен әскер қатарына алынған майдангер арнайы дайындықтан өтіп, арыз жазып, соғысқа аттанады.

Бір кезде арман қуып, ертеңіне алаңсыз қараған жастар мылтық асынып, Отан үшін отқа түсуге даяр тұрған ер азаматтарға айналды. Қожа Сибанов 1944 жылы екінші Белорус майданының 70-ші армиясының 160-шы дивизиясының 1295-ші полкінің пулеметшілер взводының командирі болып тағайындалады. Жауынгер Гомель қаласының түбінде алғашқы шайқасқа қатысады.

Сол кездердегі сұмдық күндерді енді қайтіп адам баласының басына бермесін. Соғыс деген аузын арандай ашқан ажал. Жау оғы ешкімді де аямайды. Біреулердің асылын, біреулердің жалғызын жұтып алып, енді сенің ізіңді аңдып жүргендей сезімде боласың. Жанындағы жан жолдастарыңның қыршыннан қиылып жатқанын көргенде жүрегің қан жылайды. Өлгендер, жаралылар артта қалып жатты, солар үшін кек алуға алға ұмтылған солдаттардың бойын ашу ыза кернеп, ерлікке жетеледі. Алға қойған мақсат бір Отанды жаудан азат ету болды, - дейді ардагер.

Соғыс даласында талай рет өлімге бетпе-бет келсе де, қайсарлық пен қайраттық танытқан жауынгер қарулас жолдастарымен Варшава, Будапешт қалаларын азат етеді. 1945 жылы Берлин түбінде болған шайқас майдангер үшін соңғы соғыс алаңы болады.

Жау снайперінің оғы тиген ол қатты жарақаттанып, ұрыс даласында қалып қояды. Қарулас жолдастары алғашқы көмек көрсетіп, артынан Конотоп қаласындағы госпиталға жеткізіледі. Қырық жыл қырғын болса да, ажалсыз өлмейді дегендей, бұл жолы ажал аузынан аман қалған майдангер бес ай госпитальда жатады, 1945 жылы елге оралып, үйленіп, отау құрады.

Сол күндерді ойласам жүрегім ауырып, жаным түршігеді. Қанша жандар жапа шегіп, армандары еш болды. Отбасының тірегі болып отырған азаматтарынан айырылған аналардың көз жасы көл болды емес пе. Бұл тарих, ал бүгінгі жастар өткен мен ертеңді жалғап тұрған алтын көпір.

Ұлы Отан соғысынан ауыр жарақат алып аман қалған Қожа ақсақал өзінің бауыры, туған ағасы Қазкен ағаның 1941 жылы майданға аттанып, Ленинград майданында ауыр жараланып, қаза тапқаны жайлы қара қағаз алғанын еске алып, терең күрсінді. Арада қанша уақыт өтсе де туғанынан айырылған аза әлі де жанына

жүргені сезіліп тұрды. Маңдайын басқан терең әжім қиын қыстау күндердің белгісіндей көрініп тұр. Отбасының тыныштығын бозбалалық шағын ұрлаған сонау күндерде өз есебі кеткендей үнсіз ойға шомады.

Бес жылға созылған соғыс елдің берекесін алды. Қираған қалалар, еңсесі түскен ауылдар біртіндеп есін жия бастады. Елге оралған Қожа Сибанов та туған ауылы Айтуардың қайта өркендеуіне көп еңбек сіңіріп, екі мәрте «Еңбек қызыл Ту» орденімен марапатталды. Ерен еңбегімен көзге түсіп, еліне елеулі болған ақсақал 1984 жылы құрметті демалысқа шығады. Сақыш апаймен үш ұл бес қыз өсіріп, тәрбиелеген Қожа ақсақал бүгінде немере, шөбере сүйіп, өмірдің бақытына бөленіп отыр.

15 сәуір 2005 жыл

Тілеген Жетеев АЙТУАРДЫҢ АЙТУЛЫ АҚСАҚАЛЫ

"Су ішкенде құдық қазған адамды да есіне ал" - деген қытай халқының астарлы сөзі бар. Ауданымыздағы шағын ауыл деп есептелсе де, бір кездері ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруде аты ауызға жиі ілігетін Айтуарды айтқанда, осы елді көп жылдар бойы басқарған Қожа Сибанов ақсақал еске түседі.

"Отан от басынан басталады" дегендей Қожа ақсақалдың елге жерге деген сүйіспеншілігі, патриотизмі осы кіндік қаны тамған, інғәләп өмір есігін ашқан Айтуардан басталған. Ол 1923 жылы жаздың жадыраңқы айы маусымның 15 күні туды. Көп балалы шаңырақта өскен Қожа жасынан еңбекқор болды. Оның санасына сызат түсіп, түсінік-түйсігі ұлғайған сайын, не нәрсені білсем екен, өмірдің тылсым сырын түсінсем

күштарлығы, өзі сияқты ауылдың қара домалактарынан ерекшелендіре берді. Сондай өмірге деген күштарлық сұңғыла сезімді жас ұланды ерте есейтті. Қожаның бойына туа біткен бір қасиет - ауылдағы тіршіліктің түрін түлететін қандай жұмыстан болсын қашқақтамайтын. Ол мал да бақты, егін де септі, жұмыс құралдарының ішінде ұстамағаны жоқ. Есесіне, бозбала болып ер жеткен түбіт мұртты жігіттің ауыл өмірінен білмейтіні жоқ еді. Жасынан көпшіл, жүрген ортасына сыйымды Қожаның ел ішінде беделі де өсе бастады. Баласын мақтағанды кім жек көрсін, елдестері “Сенің балаңнан келешекте ел басқаратын жақсы азамат шығады» десе, әкесі Сибан әжептәуір арқаланып қалатын.

Өкінішке орай, ойда жоқта ел басына күн туды. Неміс фашистері ол кездегі ортақ отанымыз - КСРО-ға шабуыл жасады. Қожа Майбалық орта мектебінің 9 сыныбын бітірген бала жігіт. 1942 жылы ақпан айында 18 жасқа жетер-жетпесте ел қорғауға аттанды. Преснов аудандық соғыс комиссариатына шақырылған Қожа бірден Ақмола қаласындағы полк мектебіне жіберіліп, сержант атағын алды. Содан Қызылжардағы 307 атқыштар полкына келіп бөлімше командирі дәрежесінде Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, өзіміздің, республикадан жиналған жауынгерлерді әскери дайындықтан өткізді. Жанарынан жалын лаулаған өр мінезді бозбала байқалмай қалмады, оны Ташкент қаласындағы кіші офицерлерді даярлайтын қысқа мерзімді курсқа жіберді. Одан кіші лейтенант дәрежесін алып шыққан Қожаны Қырғызстанның Ош қаласына жауынгерлерді әскери қимылдарға дайындауға жөнелтті.

Біреуге бір нәрсені үйрету үшін, өзінің деңгейін де жоғары болу керек. Осыны ойласақ, жас офицерге қандай жауапкершілік жүктелгенін де түсінеміз.

Әсіресе, жан алып, жан беріскен жанталас уақытта, тез арада қолдарына қару ұстап көрмеген адамдарға соғыстың тактикасын үйретіп шығару біріншіден, үлкен сенім, екіншіден, жеке адамға деген наркөтерер жүк. Қожа осы сенімнің де биік деңгейінен шығып жүрді.

Бірақ, қызу қанды жас жігіт алдыңғы шепке, жаумен бетпе-бет соғысқа баруға талай сұранды. Ақыры, тілегі қабылданып, 1944 жылдың бас кезінде Белоруссияның Гомель қаласының түбіндегі дүниенің астан-кестенін шығарып жатқан қанды соғыстан бірақ шықты. Ол екінші Белорус майданында пулеметчиктердің взвод командирі еді. Бұл Кеңес әскерлерінің үстемдік алып, фашистердің істегендерін өзіне істеп өз территориясына қарай жөңкілте қуып бара жатқан кезі. Қожа Сибанов бұл уақытта тәжірибе жинақтаған, жанған отқа аққан суға талай түсіп көрген, кәнігі офицер еді. Ол өзінің қарауындағы жауынгерлермен Польшаны, Венгрияны қанқұйлы фашистерден тазартуға қатынасты. Өкініштісі сол 1944 жылдың күзгі айларының бірінде немістердің Берлин қаласының маңында неміс мергенінің көздеп атқан қанқұйлы оғы Қожаны ондырмай жаралады. Әскери госпитальда бес ай емделген Қожа еліне екінші топтағы мүгедек болып оралды.

Елге келген Қожа өз көзіне өзі сенбеді. Соғыс басталмас бұрын, әжептәуір ұжымшар болып, шаруасын дөңгелетің алған Айтуарда 20-шақты ғана шаңырақ қалыпты. Көшелерде көшіп кеткен үйлердің төмпешіктері мен есік-терезелері аңғал-саңғал нобайлары көңілге кайғы себетіндей. Жұмыс істейтіндер елдегі ілегіп жүрген шал-шауқан мен балалар, әйелдер. Ел ішін аштық жайлаған. Нан жоқтың қасы. Негізгі ас айран, сүт көже. Оның өзі кейде бар, кейде жоқ.

Соғыста жүргенде елге жақсы атағы жетіп жатқан, жасы небары 21-де болса да басына түскен ауыртпалық ерте есейткен, өмір шынықтырған Қожаны елдің үлкені-кішісі түгел қолдап ұжымшарға басқарма етіп сайлады. Әлі жарақатынан айығып болмаған Қожа мынандай жағдайда жерлестерінің тілектеріне қарсылық білдіре алмады. Жас адамға тән жігерлілікпен, ақылды адамға тән білімділікпен қайрандап қалған қайықтай тұралап қалған шаруашылықтың тізгінін қолына алды. Жас кезінен жұмыс басты болып өскен ол, шаруашылық жұмыстарын жақсы білетін. Шаруашылық басқару үшін сегіз қырлы бір сырлы, нағыз білікті басшы болуың керек. Адамдармен жұмыс істеуді, кіммен қалай сөйлесу керектігін от пен өрттің арасында жүргенде де үйрене түсті.

Сөйтіп, өз тұған ауылы Айтуарға басқарма болғанда жас болса да, өмірдің нешеме қиын сынынан өткен "отқа күймейтін" суға батлайтын" нағыз ертегідегі батырдай кезі де. Сонда да жұмысқа жүрексіне кірісті. Ең басты деген бағыттарды ойында қорғасындай қорытып, бекітіп алды. Сол бағыттардың ішінде негізгісі елден көшіп кеткен ауылдастарды қайта жинау. Екінші, сол ағайындар келе қалған күнде, оларға баспана тауып беру. Ауылда жұмыс қолы жоқтың қасы. Он ойланып, мың толғанып ойлап тапқаны - ауылға соғыстан бір аяғы немесе бір қолы, әйтеуір денесінің бір мүшесінен айрылып қайтқан мүгедектерді жұмысқа қосу болды. Қиындықты көріп, от арасынан келген азаматтар емес пе? Қожаның айтқанын тыңдап, алдымен есік терезелері жоқ қаңырап қалған бос үйлерді жөндей бастады. Айтуардың адамдары ежелден намысқой, өр мінезді болатын». Таздың ең жаманы жата қалып ат үркітеді деген сөз осы ауылдың тұрғындарына байланысты айтылған. Ол сөз, олардың өнерлігін,

намысқойлығын білдірсе керек. "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" дегендей, көктемде басталған құрылыс жұмыстары оң нәтиже беріп, қысқа дейін 5-6 үй іші-сырты тап- тұйнақтай жөнделіп қалды. Елден хабар күтіп құлақтары елендеп жүрген сырттап кеткен ағайындар, елге қарай ағыла бастады. Сөйтіп, үш-төрт жылдың ішінде Айтуар 70-80 шаңырағы бар іргелі болып шыға келді. Жұмыс күші көбейген сайын, өндіріс көлемі де ұлғая берді. Елді сағынып, ағайындарын аңсап келген ауылдастар уақытпен санаспай, жарғақ құлақтары жастыққа тимей тегеурінді еңбек етті. Сол істердің басы-қасында болған Қожа Сибанов еді.

Айтуар ауылын 40 жыл басқарды. Осы жылдардың ішінде Айтуар алдымен колхоз, содан совхоздың бөлімшесі болды. Соған сәйкес Қожаның қызметі де колхоздың басқармасы, бөлімше басқарушысы болып өзгеріп отырды. Әйтеуір Қожа басқарған жылдары Айтуардың жақсы атағы жылы естіліп тұрды Қожа қайда жүрсе де, қандай жұмыс атқарса да абыройсыз болған жоқ. Соғыстан алған I және II дәрежелі Отан соғысы Ордендер мен көптеген медальдарына Еңбек Қызыл Ту орденімен медальдар қосылды. Касиетті Айтуар жерінен атағы алысқа кеткен өнер жұлдызы Игібай Өлібаев, әскери полковник Қайырбек Сыздықов т.б. шықты. Қазір де заман кемесі калай шайқалса да Айтуардың іргесі берік, шаңырағы орнында.

Айтуардың айтулы ақсақалы Қожа қазір Қызылжар қаласында балаларының қолында тұрып жатыр. 1945 жылы қыздай қосылған жары Сақыш апай екеуі өмірге 8 бала әкеліп, тәрбиелеп өсірді.

Бүгінгі күні қосылғандарына 63 жыл болған қос қария ұл-қыздарының құрметтеріне бөленіп, немере, шөберелерінің қызығын көріп отырған бақытты жандар. 85-ке толған Қожакеңе зор денсаулық, мол бақыт тілейміз.

АЙТУАРДЫҢ БЕЛГІЛІ КІСІЛЕРІ

Айман Ебнейқызы Теңізова

ТЕҢІЗ ӘУЛЕТІ

Теңіз ұлдары Ғаббас, Байкенже, Ебіней. Үшеуі де Ұлы Отан соғысына қатысқан кісілер. Ғаббас пен Ебіней екеуі де фашистік тұтқында болып сонда кездескен. Ғаббас әкеміз партия мүшесі болғандықтан, оларды оншақты адамды ату жазасына бұйырыпты. Оларды ішінде жүрген біздің кісілер көмектесіп тұтқыннан құтқарыпты. Содан аман есен өзіміздің әскерге қосылыпты.

Ебіней әкеміз тұтқында қалыпты. Ғаббас әкеміз үйге хат жазғанда Ебіней де аман депті, басқа ештеңе айтпапты.

Соғыс біткесін Ғаббас пен Байгенже әкелеріміз аман-есен елге оралыпты. Ғаббас әкеміз інісі Ебінейді тұтқында көргенін, өлі-тірі екенін білмейтінін сонда ғана айтыпты. Ол 14 ай хабарсыз кетіпті. Сонда әкеміз Байгенже Ебінейге арнап 14 шумақ өлең жазыпты. Есімде қалғаны

Ебіней 14 ай болды хабарың жоқ,
Хабарың болмаған соң қауіпім көп,
Егерде олай-бұлай болып кетсең,
Артында атайтұғын тұяқта жоқ.

1946 жылы біздің жауынгерлерді немістерге айырбастағанда ғана әкеміз елге оралыпты. Біздер сол соғыстан кейін туған балаларымыз. Тұтқында болғаны үшін мезгіл сайын оларды тексеретін. Әкеміз қаншама бейнет көргеннің кесірінен өмір бақи денсаулығы нашар болып, мүгедек пенсиясын алды. Соғыстан үш медаль алып келді. Оның ішінде Сталинградты қорғағаны үшін медалі бар. Әкеміз Ебіней мен Бижамал шешеміз тоғыз бала тәрбиелеп өсірді. Шешем Бижамал соғыс кезінде Арқан ауылында механизатор курсын бітіріп, тракторшы болып бала туғанша істеді. Балалары:

Алшағыр, Артықбай, Айман, Айжан, Ақан, Қозыбай,
Марха, Ақжан, Айгерім.

Алшағырдан: Айгүл, Жоламан, Мұрат.

Артықбайдан: Меруерт, Ақат, Гүлшат, Зейнеп,
Асхат.

Айманнан: Берік, Ерлік, Амантай, Зайра.

Ақаннан: Аман, Танат.

Қозыбайдан: Динара, Дәурен.

Айгерімнен: Абай, Адай, Жоламан, Алтын.

Ғаббас әкеміз 1945 жылы соғыстан келгесін
фашистік тұтқында болғаны үшін 1954 жылға дейін бас
бостандығынан айырылды.

Оралғаннан кейін өзінің қызметін жалғастырып,
соғыс ардагері атағын алып, 73 жасында қайтыс болды.

Ғаббас әкеміз бен Бөпіш шешемізден Такен және
Қабиден деген екі ұлы қалды.

Тәкеннен жеті бала: Бекжан, Жібек, Дина,
Жамбыл, Аягөз, Айнагүл, Аяужан.

Қабиденнен алты бала: Бауыржан, Біржан,
Гүлзайра, Ержан, Марат, Гүлзира.

Байгенже әкеміз соғыстан кейін Зура шешемізбен
қосылып, ол кісінің Аманжол деген баласын өз
баласындай өсіріп, оқытты.

Аманжол ағамыз Сибанұлы Қожаның үлкен қызы
Теңдікке үйленді.

Байгенже әкеміз соғыстан кейін ауылда
жергілікті радиода істеп, пенсияға шығып, 86 жасында
қайтыс болды.

**КАЗБАЕВ (ҚОЗЫБАЙ)
САДИКАН
ҚОЖАХМЕТҰЛЫ**



1924 жылдың сәуір айында Жамбыл ауданындағы Қангелді ауылында қазіргі (Айтуар ауылы) дүниеге келдім. Көк жұт халықты бөрідей жалмаған 1931 жылы, отбасымыз: әкем Қожахмет, ш е ш е м М ү с л и м ә

(Тоқмұратқызы, Ілияс ауылы, қазіргі Амангелді ауылы), үлкен әпкем Шәйя, інім Қазыкен, қарындастарым Рәшилә мен Рәкилә Айтуардан Пресноуға, әрі Түмен жеріндегі Мокроусово деген елді мекенге құжыра ауып кеттік. Бірақ ол жақтың дәм тұзы жараспай Пресноуға қайтіп келдік.

1935 жылы ұзаққа созылған сырқаттан кейін анам дүние салды. Ең кіші інім Садық ол кезде 1 жастан енді ғана асқан болатын. 1940 жылы әкемізден де айрылды. Біз алдымыз 16 жаста артымыз 6 жаста кілең шиттей балалар жетімдіктің тауқыметін тарта бастадық. Әуелі, Құдайға мың да бір шүкір делік, әкеміздің үлкен әпкесі Мәкен отағасы Қуаныш екеуі бізге бас-көз болып, қамқорлығына алды, (Аллаһ оларға рахмет айласын!).

Әскерге шақырылудан бұрын «Сталин» колхозында жұмыс істедім. Қылышынан қан тамған 1942 жылы майданға атандым. Жеңіс күнін Прага қаласында қарсы алдым. Одан кейін Қиыр шығыста соғысып, 1947 жылдың көктемінде Благовещенск қаласынан елге оралдық.

Елге келгеннен кейін Пресноуда Жұмабаева

Рабиғамен отау құрдық, сұрапыл соғыстан кейінгі мамыражай бейбіт өмір басталып кетті. Зейнетке шыққанға дейін 40 жылдан астам Миролубово селосында орманшы болып еңбек еттік.

Бәйбішем екеуіміз бес баланы, екі қызды жеткіздік. Барлығы дерлік жоғары білім алды. Оның үшеуі мұғалім, екеуі мал дәрігерлері, ғалым агроном және бухгалтер.

Апа-ағаларымның тағдырына тоқталсақ, Шәйя апам, інім Қазыкен және қарындастарым Рәшилә мен Рәкилә бақилық болған. Олардан дүниеде қалған ұрпақ немере шөберелері тірлік жасауда.

Дүниеге қайғы қасірет болған – аштық пен соғысты, өмірдің ащы-тұщысын қатар көрдік, қойдың үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман жалғаса берсе екен, халқымызға Аллаһ лайым ризық пен тыныштық нәсіп етсін, әумин

ЖЕКЕЕВ ШАНШАР СЕРІКБАЙҰЛЫ

1949 жылы қаңтар айының 1-де Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Айтуар ауылында туған.

Еңбек жолын 1986 жылы Киров атындағы Кеңшарда жұмысшыдан бастады.

1972-1986 жылдары мәдени ағарту саласында ән-күй сабақтарының ұстазы болып істейді.

1986 жылдан бастап осы күнге дейін Петропавл оқу өндіріс кәсіп орнының директоры Шымкент педагогикалық мәдениет ағарту институтын бітірген. Қазақ зағиптар қоғамының құрметті мүшесі.

Қазақ зағиптар қоғамы Орталық басқармасының және Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің құрмет грамоталарымен марапатталған.

ҚАЛИЕВ ЖҰМАҒАЛИ ҚИМАШҰЛЫ

1950 жылы 6 сәуірде Айтуар ауылында көп балаллы отбасында дүниеге келдім. 1956 жылы Айтуар ауылының бастауыш мектебінің 1 классына барып 1966 жылы Жамбыл орта мектебін аяқтадым. Осы жылы ағаларым әскер қатарында болғандықтан өзім туған Киров атындағы кеңшарға тракторист болып еңбек жолын бастадым. 2,5 жыл жұмыс істеп әскер қатарына алындым. 1971 жылы мамыр айында елге оралып ішкі істер бөліміне милиционер болып қызметке орналастым.

Осы қызметте істеп жүріп Алматы ішкі істер мектебін сырттай оқып бітірдім. Кейінірек ішкі істер бөлімінің бұйрығымен өрт қауіпсіздігінің аудан бойынша бастығы болып ауыстырылдым да Алматының өрттен қорғау училищесін сырттай бітірдім. Осы жылдар аралығында майор деген шенге жетіп 5 медальмен марапатталдым. Ішкі істер министрі Князевтің өз қолынан мақтау грамоталарын алдым. Кеңес үкіметінің ең үздік участкелік инспекторы деген атаққа қолым жетті. Кеңес үкіметінің озат милиционері, озат өрт сөндірушісі деген атақтарға ие болдым.

1994 жылы зейнетке шықтым, бірақ әлі күнге еңбек жолын ішкі істер департаментінде жалғастырып келемін.

АЛИБАЕВ ИГИБАЙ АЛИБАЕВИЧ

Родился в 1903 году в с.Айтуар Жамбылского района. Окончил в 1923-1924 года Петропавловский педтехникум. В 1924 уезжает работать в Алмату, однако по семейным обстоятельствам вернулся в Петропавловск, где проживает с семьей до 1942 года т.е. до ухода на фронт. Жена (Каухар) также работает с ним в филармонии. Он является руководителем труппы, а супруга певицей этой же труппы.

Они много гастролировали по селам области и за ее пределами.

В 1942-1943 годах был на фронте вернулся в связи с ранением в плечо. Игибай Алибаевич жил, работал, творил в Советском, Сергеевском, Жамбылском районах.

АЛИБАЕВ ЖАЛБЫР ИГИБАЕВИЧ

18.02.1936 г.р родился в городе Петропавловске, в семье актеров. В 1943 г. пошел в 1 класс казахской школы в г.Петропавловске. 10 класс окончил с серебряной медалью в с.Марьевка Сергеевского района, затем 3 года служил в армии. После армии поступил в Московское высшее техническое училище им.Баумана. Трудовой путь начал в Семипольском совхозе, зав.МТМ, затем управляющим.

В 1970-1975 годах директор СПТУ в с.Ольгинка Сергеевского района

1975-1978 гг. главный инженер совхоза им.С.Муканова.

В 1978 г. переезжает в связи с переводом в с.Смирново Советского района, где работает начальником РЭУ, начальник с/хоз. химии. На пенсию ушел с должности гл.инженера с/х управления.

ШАБАНАЕВ АБАЙ ШАБАНАЙҰЛЫ

1939 жылы 25 мамырда Айтуар ауылында туған. Он жеті жастан бастап ауылда сатушы болып еңбек жолын бастаған. Білімі жеті жылдық қана болса да, 1970 жылы кеңшар орталығы Архангелка селосындағы жұмысшылар кооперативі төрағасының орынбасары болып қызметін жалғастырған. Кейін ұзақ жылдар осы ұйымның басшысы болып жұмыс атқарды, жалпы аудан бойынша мұндай қызметте болған жалғыз қазақ еді. Тіпті облыс бойынша кеңес үкіметі кезінде мұндай қызмет атқарған қазақ азаматтары өте аз болған.

Кешкі мектепте орта білім алғасын, Қостанай қаласындағы ауылшаруашылық институтының экономика факультетінде сырттай оқып, экономист мамандығына ие болған.

Қызметін абыройлы, адал атқарып, кеңшарлар тарай бастап, 1996 жылы жұмысшылар кооперативі жабылғанша жалғастырған. Еңбек кітапшасында осы бір ұйым ғана жазылған, сол кооператив тарағанда еңбек өтілі 39 жыл 6 айдан асқан болатын. Үкімет тарапынан бірнеше құрмет грамоталарымен, медальдармен марапатталған.

Қазіргі уақытта зейнеткерлік демалыста, Архангелка селосында тұрып жатыр.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
Шежіре.....	4
Киікбай мен Тоқсан.....	49
Нұрпейіс қажы әулеті.....	52
Игібай Әлібаевтың туғанына толуына 100 жыл	
Айтыстың ақтангері.....	58
Қайырбек Сыздықовтың шығармалары	
Өнерін еліне арнаған.....	63
Көк домбыра.....	66
Автобиография.....	72
Шағырай шешен.....	74
Қызыл қасқыр.....	80
Комиссар жайында естелік.....	82
Баурымның қабірін тауып берді.....	86
Игібайдың тапқырлығы.....	87
Айтуар ауылында ескерткіш орнатылды.....	88
Жалынды ғұмыр.....	90
Ұстазымыз Шияпқа.....	94
«Ержүрек» әні.....	95
Ерлер өмірі – ел тарихы.....	100
Қарқыз.....	105
Мен газетке жазбаймын ермек үшін.....	111
Өскен елдің өмірі.....	113
Қамқорлығы мол еді.....	118
Аңсарым сен.....	122
Туғанынан безген әке.....	122
Тоқсандағы тарланбоз.....	128
Жайлаубайдың жусаны.....	132
Шаңырағына шаттық үйірілсін.....	136
Сарыарканың саңлағы.....	139
Жауынгер композитор.....	142
Кесек тұлға.....	150
Асқар шыңға теңеймін.....	155

Еңбегі зая кетпеген.....	156
Дүлдүл.....	160
«Соғыс» деген сөз үрейлі.....	166
Қайырбек ағайдың 70 жасқа толуына.....	171
Қайырбек ағайдың 80 жылдығына.....	172
Сегіз қырлы бір сырлы.....	174
Күлдір-күлдір өтер күндер.....	179
Қ.Сыздықовтың хаты туралы облыстық радиодан берілген хабар.....	189
Аялы алақанда.....	193
Как фронтовик неперспективный аул спас.....	198
Из жизни прожитой виток.....	201
Майдангер жолы.....	204
Айтуардың айтулы ақсақалы.....	206
Айтуардың белгілі кісілері	
Теңіз әулеті.....	211
Қазбаев Садикан Қожахметұлы.....	213
Жекеев Шаншар Серікбайұлы.....	214
Қалиев Жұмағали Қимашұлы.....	215
Алибаев Игибай Алибаевич.....	216
Алибаев Жалбыр Игибаевич.....	216
Шабанаев Абай Шабанаевич.....	217

Осы кітаптың шығуына демеушілік жасаған Руслан Сыздықовқа, Аблай Қабдушевқа, Шаншар Жекеевқа, Жабай Мұқановқа, Айман Теңізоваға, Ерболат Сәуірбаевқа зор алғысымызды білдіреміз.

Редакторы: Қайролла Мұқанов

Кітапты беттеген: Бақтыгүл Қабдолқалықова

Безендіруші: Айнұр Тоғайбаева

Корректоры: Қайролла Мұқанов

Компьютерде терген: Амангелді Сатанов

60x90 Әріп түрі Times New Roman

Көлемі 19,75 баспа табақ. Таралымы 99

Жарнама-баспа “ПолиАрт” компаниясында шығарылды.

Петропавл қаласы, Жамбыл көшесі, 160